

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

5/2012 МАМЫР

МАЗМҰНЫ

Мереке АТАБАЕВА.	Таным табиғатында Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері хақында.....	3
Бейбіт ИСХАН.	Көкейкесті көзқарас Қазақ мектебін дамытуға мән беруіміз қажет.....	11
Рахима СӘКЕНОВА.	Оқушылар дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық негіздері.....	18
Сәния ТАРБАНОВА.	Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс Жалаң және жайылма сөйлем.....	25
Жанар ӨМІРЖАНОВА.	Үстеу және мағыналық түрлері.....	28
Жанат КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ.	Ұ әрпі емлесіне байланысты қатемен жұмыс.....	33
Лена ЕЛУБАЕВА.	Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс Ілияс Есенберлин шығармашылығы. «Көшпенділер» трилогиясы.....	35
Серікхан БЕКБОЛАТОВ.	Сайын Мұратбеков. «Қылау».....	39

Ақмоншақ БАЛДЕНОВА.	«Қансонарда бүркітші шығады аңға».....	48
Гүлназ ТҰРАҚБАЙҚЫЗЫ.	Шерхан Мұртаза. «Жүз жылдық жара».....	48
Раушан МҰРАТОВА.	Ілиястың «Домбыра», «Күйге» өлеңдері.....	53
Майжан МАСАТОВА.	Сапарғали Бегалин. «Бала Шоқан».....	57
Оқулыққа қосымша		
Айгүл ТУРАЕВА,	Жасырын тұлғадағы септік жалғауларының	
Гүлнар АҚЫЛБАЕВА.	функционалдық сипаты.....	61
Нұрша ОРАЗАХЫНОВА.	«Сатылай кешенді талдау» технологиясының	
	өзегі – Алаш арыстарының әдістемелік	
	мұралары.....	66
Рахат ЕЛУБАЕВА.	Абай сатирасының көркемдік бітімі.....	73
Раушан АСЫЛОВА,	Ілияс Жансүгірұлы туындыларындағы синонимдік	
Гүлнар СЫРЛЫБАЕВА.	көп мағыналы фразеологизмдердің қолданысы....	78
Сыныптан тыс тәрбие		
Майра ДӘУЛЕТБЕКҚЫЗЫ.	Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!.....	81
Гүлжан ТАСТЕМІРОВА.	«Білімді мыңды жығады...».....	84
Өнеге сағаты		
Сандуғаш АМАНТАЕВА.	Қызы батыр ел – ұлы ел.....	89
Сыныптан тыс сабақ		
Нұргүл БАЙСАРИНА.	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...».....	92
Рима БЕЙСЕМБАЕВА.	Мақал – сөздің мәйегі.....	94
Жас маманға жәрдем		
Айзада ҚАНАБЕКОВА.	Оқу үдерісінде интерактивті оқу әдістерін	
	қолдану.....	97
Анаргүл БАЛГЕРЕЕВА.	Абайдың қара сөздері.....	100
Ардақ ОМАРОВА.	Қазақ пен қырғыз салт-дәстүрінің тілдегі	
	көрінісі.....	102
Мәншүк ДОСЖАНОВА.	Құрмалас сөйлем.....	107
Байғали БӨГЕНБАЕВ.	Ғабит Мүсірепов. «Жаңа достар».....	110
Жаухар КЕТЕПОВА.	Сөздердің қолданылу сипатына қарай түрлері..	111
Бижамал ОРАЗБЕКҚЫЗЫ.	Синоним.....	114
Қалампыр ЕСЕНӘЛИЕВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....	116
Салтанат ЖУСАНБАЕВА.	Махамбеттің «Тарланым» өлеңі.....	119
Райхан ЕЛАМАНОВА.	Сын есім.....	122
Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА.	Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасы.....	125
Оразгүл СҮНДЕТБАЕВА.	Сын есім сыры.....	127
Айнұр ӘЛШЕРІ.	Үстеуден өткенді қайталау.....	130
Меруерт СЕРІКБАЕВА.	«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай».....	134
Тәрбие кеші		
Марат ЖАКЕНОВ.	Жылқ – ер қанаты.....	136
Өнер алды – қызыл тіл		
Самал МӘДЕН.	Жанымның жалын жырлары	140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ХАҚЫНДА

Тарихсыз, тілсіз ұлт болмайды, ұлттың басты белгісі – тілі, тіл иесі – ұлт. Қазіргі таңда әлемде үлкенді-кішілі қырық шақты түркі тектес халық бар деп есептеледі. Қазақтар солардың ішіндегі ең көп санды төртеуінің (түрік, өзбек, әзірбайжан) қатарына енеді.

Әр кезеңде өмір сүретін ұлттық тілдердің көпшілігінің әдеби тілімен қатар жалпы халықтық мәні жоқ жергілікті, аймақтық сипаттағы сөздері болатыны белгілі. Қазақ тілі осы аймақтық сипаттағы сөздерінің көлемі аз, жалпыхалықтық мәні басым біртұтас тіл саналады, себебі, ұлан-байтақ қазақ жерінің қай түпкірі болса да, қазақтар бір-бірін еркін түсініседі. Қазір шетелде жүрген қазақтардың тілінде сол елдің әсері болғанымен, қазақтың ұлттық тілінің негізі, ұлттық тілдің ортақ белгісі айқын көрініп тұрады. Осы ортақтастықты, қазақ тілінің біртұтастығын алғаш байқаған орыс миссионерлері Н.И.Ильминский (Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861 6 162-б.), В.В.Радлов (Образцы народной литературы тюркских племен. СПб, 1870, III б.), П.М.Мелиоранский (Краткая грамматика казах-киргизского языка. СПб, 1894, I б.), М.Терентьев (Грамматика персидская, киргизская и узбекская. СПб, 1875), т.б. қазақ тілінде диалектілік ерекшелік жоқ деген тұжырым жасайды. Әрине, ол кезде аталған ғалымдардың, басқа да түркі тілдерін зерттеушілердің мақсаты қазақ тілінің диалектіге бөлінетінін немесе бөлінбейтінін анықтау емес еді, олардың мақсаты жалпы түркі халықтарын, әсіресе,

қазақ халқын білу, оның тілін үйрену, зерттеу болатын, сондықтан олар қазақ жерінің аймақтарына келіп, қазақ халқымен тікелей араласып, халықтың тілімен қоса ауыз әдебиеті материалдарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты деректерді жинады, соның негізінде бірнеше еңбек жарық көрді.

Қазақ диалектологиясының негізін салушы Сәрсен Аманжолов ауыл-аймақтардан жиналған материалдар мен аталған орыс миссионерлерінің еңбектерін салыстыра отырып, Н.И.Ильминскийдің аталмыш еңбегі қазақ жерінің Батыс аймағы тұрғындарының тіліне жақын екенін анықтады. Атап айтқанда, *-улы/-улі* жұрнағы өткен шақ есімшенің қызметін атқарса (*барулы, келулі*), *баражақ, кележақ* етістіктеріндегі *-жақ* формасы ауыспалы келер шақтық мағына білдіреді, сонымен қатар *о-ұ* дыбыстарының, т.б. алмасуы (*сонар-сұнар*), *дырау* (үлкен), *мәстемір* (шоқ қысқыш), *құдағай* сияқты атаулар қазіргі күні де батыс өлкесі қазақтарының тіліне тән ерекшелік саналады (Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., Учпед. 1951, 135-б.). Ал В.В.Радлов жинаған ауыз әдебиеті материалдарынан Сәрсен Аманжолов Қазақстанның Шығыс өлкесіне тән ерекшеліктерімен қатар Оңтүстікті сипаттайтын айырмашылықтар барын байқайды, олар: *көмектес септігінің -мынан /-мінән* түрі, *жоңышқа* сөзінің *жоңұршиқа* болып айтылуы, т.б. [138-б.].

Жоғарыда аттары аталған ғалымдардың қазақ жерінің тілдік айырмашылықтары барын байқамауы негізсіз емес, шын мәнінде қазақ тілі –жергілікті ерекшеліктері аз, жалпыхалықтық ортақ элементтері басым тіл.

Басқа халықтар және түркі халықтары тәрізді қазақ этносының ұлттық тілі қалыптасқаннан кейінгі кезеңнің өзінде атамекен, атажұртынан әлемнің төрт бұрышына дерлік қоныс аударып, бөтен тілдік ортаға түсуіне және өз ортасына

өзге тіл өкілдерін көптеп қабылдауына тура келді. Мұндай жағдайда тілдердің өзара әсер етуі, қостілдік, көптілдік үдерістері жүреді, диалектінің оқшаулануы да кездеседі, бұған алыс-жақын шет елдердегі қазақ диаспорасының тілін жатқызуға болады. Оқшауланған сөйленіс өзінің негізгі диалектілік, сөйленіс тобы көлемінен соншалықты алыстап кетпегенімен, оған өзін қоршаған өзге туыс, туыстық қатысты жоқ тілдер айқын әсер етеді. Осындай жағдайлардан қазақ тілінде жергілікті айырмашылық жоқ, болса да тек басқа көрші тілдерден ауысқан, сондықтан жалпыхалықтық тілден тыс белгілер *ауыспалы говор* көлемінде дейтін пікір қазақ тілі ғылымында көпке дейін бел алып келді.

Халық тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу, шын мәнінде бұрынғы кеңестік кеңістікте өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап қолға алынды. Қазақ тілі ғылымы тарихында ол белгілі ғалым Сәрсен Аманжоловтың атымен байланысты екенін айттық. Жергілікті ерекшеліктерді жинау жұмысы 1937 жылдан басталады. С.Аманжолов жинаған материалдар бойынша қазақ тілінде үш диалект бар деген тұжырым жасайды: оңтүстік, батыс және солтүстік-шығыс (164-351-б.).

Диалект жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ, территорияны білдіреді. Диалект – халық тілінің құрамдас бөлігі, алайда әдеби тіл құрамына енбейді, ал говор жергілікті ерекшеліктердің шағын аймақты қамтитын бөлігі

Диалектологиялық экспедициялардың жергілікті ерекшеліктерді жіті анықтап, жинап, сипаттама зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «С.Аманжолов, т.б. ғалымдардың тұжырымдамаларындай (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық), диалектілік көлемде емес, говорлық деңгейде» дейтін пікір (Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков. Қазақ

тілінің аймақтық лексикасы. 6-7-б.) орнығып келеді. Қазіргі кезде *говор* терминінің орнына *сөйленіс* термині қолданысқа еніп отыр. *Сөйленіс* – әдеби тілден белгілі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық айырмашылығы бар, «диалект» көлеміне қарағанда шағын аймақ, осы шағын аймаққа таралған жергілікті ерекшелік, диалектілік сөз. Бұл тұжырым бойынша, қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктері *оңтүстік, батыс, шығыс және орталық сөйленістер* тобы болып табылады. Диалект терминінің орнына *сөйленістер тобы*, *говордың* орнына *сөйленіс* терминдерінің енуі терминдерді қазақшалау идеясымен ғана ұштаспайды, ерекшеліктердің тарау шегімен, көлемімен де байланысты. Жоғарыда айтылғандай, қазақ тілі айырым белгілері аз, ортақ белгілері үлкен біртұтас тіл, бұған фонетикалық, грамматикалық айырмашылықтардың елеусіз болуының үлкен әсері бар.

Сонымен қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері фонетикалық, грамматикалық, лексикалық сипатта кездеседі. Фонетикалық ерекшелік дегенді белгілі дыбыстардың алмасып қолдануымен түсіндіруге болады: 1) алмасу дауысты дыбыстардың арасында: **а-ә** (қатты-кәтті), **о-ұ** (қолдану-құлдану), **ө-ү** (өгей-үгей), **і-ы** (піскен-пысқан), **е-э** (леген-лэген), т.б. болса; 2) дауыссыз дыбыстардың алмасуына қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін екіге бөлетін **ш-ч, д-л, ж-й** сияқты алмасулар аталады. Грамматикалық ерекшеліктерге аталған **-жақ, -улы/-улі** формалары мен бұйрық райда жіктік жалғауының екінші жақ сыпайы түрінің **-сыңыз/сіңіз** (*барасыңыз, келесіңіз*), анайы түрінің **-ың/-ің** (барың, келің) формаларында, көптік жалғауының ассимиляцияға үйлеспей **-дар** формасында, (*балалар, одар*), көмектес септігінің жуан вариантта **-мынан, -пынан** болып қолдануы сияқтыларды жатқызуға болады.

Лексикалық ерекшеліктерді танудың, ажыратудың бірнеше жолын атау орынды немесе лексикалық ерекшеліктерді

сипаттаудың бірнеше жолы бар деуге де болады. 1) Жалпыхалыққа белгілі зат, құбылыс әдеби тілде айқын нормасы бола тұра, әр аймақта әр түрлі атауға ие болады. Мысалы, *немере* қарақалпақ қазақтарында *ақтық, оңай* сөзі аталған сөйленісте *аңсам* атауын алған, *бет-жүз* (адамның) Оралда *сүдін, ара* (ағаш кесетін құрал) Семей жағында *пышқы*. 2) Халық тұрмысында кеңінен қолданылатын кейбір зат, құбылыс әр аймақта әр түрлі аталады, бұлардың әдеби норма болып қалыптасқандары да, әдеби нормасы айқындалмай жарыса қатар қолданылып жүргендері де бар, қатарға енетін сөз саны екіден жоғары болып келе береді. Мысалы, *жұмыртқа – мая, мәйек, тұқым; әдет-ғұрып, салт-дәп, насты, тәр, тәрейлі; қамыр, іңкәл, шелпек, құлақнан, күртік, күлшетай, жайма нан, сорпа жаймасы*, т.б. 3) Диалектілік лексикада айтылуы бір, мағынасы әр түрлі сөздер де кездеседі, мұндай сөздер сөйленісшілік, сөйленісаралық және әдеби тіл мен сөйленісаралық көлемде кездеседі. *Там* сөзі *үй* және *мола, бейіт* мағынасын, *мұқым* сөзі *бүкіл, барлық* және *түк, дым* мағыналарын білдіреді. 4) Диалектілік лексика жергілікті сипаттағы тұрақты тіркестерімен де ерекшеленеді: *таңдайынан жаралған* (жезтаңдай, шешен), *ақ пен қызылдың арасында* (лезде, тез), *әулие ағашқа шығу* (дандайсу, кеуде көтеру), *кетігіне тап ете түсу* (реті, ыңғайы келу), т.б.

Бір негізден тарайтын тілдердің туыстық жақындығын танытатын белгісінің бірі –лексикадағы ортақ сөздер, осыған орай ғылымда лексиканың «жалпытүркілік қабаты», «жалпытүркілік кезең» терминдері қолданылып жүр. Жалпытүркілік кезең мәселесі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің де шығу, пайда болу, қалыптасу, мемлекет болып құрылуы сияқты күрделі де қиын мәселемен сабақтасып жатыр. Есте жоқ ескі заманнан басталатын түркілердің жеке мемлекет болуына дейінгі ұзын сонар, ұзақ дәуір мезгілдік

жағынан алғанда «жалпытүркілік кезең» аталады, ал оның тілдік көрінісі «жалпытүркілік тілдік жағдай», лексикаға қатысты «жалпытүркілік лексика» тұрғысынан диалектілік лексиканың жалпытүркілік қабаты ретінде сипатталып келеді. Осыған орай қазақ тілінің диалектілік лексикасы түркі тілдеріне ортақ жалпытүркілік қабаттан, диалектілік төл лексикадан, сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған туынды қабаттан және қазақ этносының бүкіл тарихы бойындағы қарым-қатынас іздері сақталған кірме қабаттан тұрады.

Белгілі түрколог А.Щербак түркі тілдері лексикасының «жалпытүркілік қабаты» дегенді шартты түрде қабылдау керек деп есептейді (Введение в сравнительное изучение тюркских языков. Санкт-Петербург, «Наука», 1994, 110-б.), себебі белгілі бір атауды жалпытүркілік қабатқа жатқызу үшін оның барлық түркі тілдері лексикасынан табылуы шарт емес, ол сөздің өмір сүруін дәлелдейтін деректің табылуына қарай жергілікті санауға болады. «Жалпытүркілік қабатқа» тән саналатын сөз түркі тілдерінің кез келгенінен, жалпыхалықтық, диалектілік лексикасынан кездесе беруі мүмкін, жалпыхалықтық немесе диалектілік лексикасында сақталуы мүмкін әрі сөз (атау) бір тілдің диалектілік лексикасына тән болса, екінші тілде жалпыхалықтық қолданыста болуы да кездеседі. Оған *ақтық* (немере), *ағыл* (мал қорасы), *абылау* (аң аулау түрі), *аң* (ақыл, ес) сияқты толып жатқан сөздерді келтіруге болады, бұл сөздер қазақ тілінде жергілікті ерекшелік болса, басқа түркі тілдерінде әдеби тіл элементі қатарында ұшырасады.

Бұдан бір негізден тарайтын тілдердің, оның ішінде түркі тілдерінің төл лексикасын нақты санап, жекелеп-даралап тізіп бөлу мүмкін емес екені көрінеді. Ол, әсіресе, диалектілік лексикада қиын және де оны жіктеп бөлудің маңызы да жоқ. Ортақ сөз туыстық, жақындық көрінісі екені аян, сондықтан егер өте қажет болса, төл лексика қатарына

тілдердің өз алдына ұлт тілі болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңде жасаған байлығын жатқызуға болады, өйткені диалектілік сөз – аталым қызметін атқаратын лексикалық бірлік.

Жалпытүркілік лексикада сақталып қалған сөздер осы күнгі түркі тілдеріне ортақ сөздер тобын құрайды және лексиканың ең көне қабатына жататындықтан, негізгі сөздік қордың ұйытқысы болып табылады. Жалпы түркілік қабатты құрайтын сөздер ұғымдық, мағыналық жағынан сәйкес келгенімен, дыбыстық жағынан әр тіл өз ерекшелігін сақтайды.

Тілдің жалпы түркілік қабатына қарағанда, аймақтық лексика анағұрлым бай, ол осы жіктеліске енетін лексиканы құрайтын негіз, көздердің көлемділігімен ерекшеленеді. Аймақтық лексиканың ауқымды бөлігі түркі халықтарының өз алдына халық болып құралған кезінде пайда болған, сондықтан қазақ тілінің аймақтық лексикасы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, рухани-мәдени байлығын сипаттайтын сөздер болып табылады. Диалектілік лексиканың осы қабатын төл лексика санауға болады, оның негізіне түркі тілдеріне ортақ жалпытүркілік сөздер жатады.

Қазақ этносы көшпелі тіршіліктен отырықшылыққа ауысты, осыған сәйкес тіршілік әуені де өзгерді, кәсіптің түрлері, олардың меңгеру мәдениеті қалыптасты, тұрмыс-салттың да ұлттық белгілері айқын сараланды. Диалектілік лексиканың төл қабаты – осы өзіндік даму жолына түскен қазақ этносы тұрмысының бейнесі.

Диалектілік лексиканың негізгі, көлемді бөлігін қамтитын төл қабат сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған аталымдардан тұрады (*мұзхана, баспа, жар, газет, жатын, күн, т.б.*)

Диалектілік лексикада қоғам өміріндегі, адамдардың тұрмыс-салтындағы өзгерістер де бейнеленіп отырады.

Мәселен, *бақпа* – балабақша, баланы мектепке дейін тәрбиелейтін орын, ол жалпыхалықтық *бағу* сөзіне *-па* жұрнағы қосылу арқылы жасалған; *тілашар* – бала мектепке барарда жасалатын ырым аты (тілашар жасау, тілашарға бару), *жар газет* – қабырға газет, *барлау* – тексеру, т.б.

Тіл ғылымында кірме сөздер аталатын топ қазақ тілі диалектілік лексикасының да біраз бөлігін қамтиды.

Кез келген тілге енген сөздің бәрі біркелкі жалпыхалықтық сипатқа ие бола бермейді. Олардың ішінде әдеби нормаға айналып, актив қолданылатындары да, сирек ұшырасатындары да кездеседі, енді біреулері белгілі аймақтық қолданыста қалуы да, семантикалық өзгеріске түсуі де мүмкін. Әйтсе де, кірме сөздердің қазақ тілінде пайда болуының жолы жалпыхалықтық тіл мен диалектілік лексика үшін ортақ, себебі тіл иесі – біреу, ол – қазақ этносы. Сонымен қатар кірме сөздердің көпшілігі жалпыхалықтық тіл мен ұлттық әдеби тілдің қалыптасуынан бұрын енгені белгілі. Ол басқа да түркі халықтары сияқты қазақ этносы өмір сүрген географиялық ортаның этнолингвистикалық жағдайымен байланысты. Сөз ауысу үдерісі қоғамдық, саяси, экономикалық қарым-қатынастың басталуымен бірге жүретін құбылыс екені айқын.

Тіл адам баласының қолымен жасалған мәдени және рухани, материалдық байлығын сөз арқылы атап қана қоймайды, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады. Тіл байлығы сөз санымен ғана өлшенбейді. Ендеше, қазақ тілінің «диалект» аталатын сөздері – қазақ этносының есте жоқ ескі замандардан бергі тарихын, мәдениетін, басқа халықтармен әр кезеңде болған байланыстарының ізін сақтаған мол мұра, баға жетпес байлығы екені дәлелдеуді қажет етпейтіні анық, сондықтан жергілікті ерекшелік этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының зерттеу көздеріне дерек берер арналарына айналып отыр.

Бейбіт ИСХАН,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Әдебиеттану және тіл білімі
ғылыми-зерттеу институтының
ғалым хатшысы, ф.ғ.к., доцент.

ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН ДАМЫТУҒА МӘН БЕРУІМІЗ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік тілді дамытуға 2010 жылдың бір өзінде Алматы қаласы бойынша 175 105 000 (жүз жетпіс бес миллион жүз бес мың) теңге қаражат жұмсалғаны, расында да, кімді болсын ойландыратын мәселе болса керек және бұл – жиырма бір жылдан астам уақыт бойы жалғасып келеді емес пе? Мәселен, ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008 жылғы 31 мамырда «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық» деген мақаласындағы «Мемлекет тілді дамытуға 2005 жылы 133 млн. теңге бөлсе, 2006 жылы 560 млн. теңге, ал 2007 жылғы қаржы көлемі 3 млрд.-тан асып кетті. Ал биылғы 2008 жылы тілге бөлінетін қаражат 5млрд. теңгеге жетіп отыр. Бұл – қыруар қаржы. Орнымен пайдалана алсақ, осы қаржымен талай іс тындыруға болады. Басқа шығындарды шектесек те, тілге бөлінетін қаржыны қысқартпайтынымыз анық. Қазақ тіліне деген мемлекеттің қамқорлығы одан әрі артып отыр деп айтуға болады» дегені де назар аударуды қажет етеді.

2009 және 2011 жыл бойынша қолымызда ешқандай мәлімет жоқ. Ал 2012 жылға арналып, жалпы елімізге, соның ішінде Алматы қаласы үшін мемлекеттік тілді дамытуға ел қазынасынан қанша қаржы бөлінді екен?

Әлбетте, 2010 жыл бойынша Алматыдағы жоғарыда көрсетілген қаржының басым бөлігі орыстілділерді қазақшаға оқытып-үйретуге жұмсалғаны анық. Біз тек 2010 жылы ғана емес, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап «қасқырдың мекені орман екен деп соған қарата беталды оқибора тқан орыстың аңқау мұжығындай» болып, бүкіл қажыр-қайратымыз бен қаражатымызды орыстілділерге қазақ тілін оқытып-үйретуге жұмсап, «Солардан қайтсек еліміздің қазақ тілді азаматтарын дайындап шығарамыз, ұлтымызға қайтіп қызмет еткіземіз» деп тым тыраштанып келдік. Кәне, нәтиже? Осы күнге дейін өз басым оқыту-үйретудің арқасында біздің тілімізді жақсы біліп, меңгеріп шыққан біреуді көрсем, көзім шықсын.

Біреулер біздің бұл пікірімізбен келіспей, «Тіл үйрету оқу-әдістемелік орталықтары мен кәсіби орта және жоғары білімді орысша немесе ағылшынша беретін білім ошақтарындағы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытып-үйрету пәнінің нәтижесі бар. Осы пәннің арқасында мемлекеттік тілді үйреніп, жұмыс істей алатындар шығып жатыр» десе де, ондайларды қазіргі мемлекеттік қызметкерлердің арасынан еш таппай, тек телеарналардан қазақша сөйлеп жүрген бірен-саран өзге ұлт өкілдерін ғана алға тартары сөзсіз. Бұл дегеніңіз өз-өзімізді көпе-көрінеу алдау ғой! Телеарналардағы қазақша сөйлеп жүрген өзге ұлт өкілдері сол қазақшасын оқу орындарындағы қазақ тілі пәнінің керемет оқулығы, үздік оқытушысы немесе олардың жаңа технологияларға негізделген әдістемесі (методика) арқылы үйренген жоқ, өмір үйреткен. Олардың барлығы — қазақы ортада туып-өсіп тіл меңгергендер. Ондайлардың өзі де елімізде соншалықты көп емес.

Енді, осы мәселеге кереғар «Таза қазақы ауылда туып-өскен өзіміздің қаракөздердің орысшаны тез игеріп, сөйлеп кетулеріне не себеп болып жатыр, олар мектепте оқытылған

орыс тілі пәні мен оның мұғалімінің арқасында орысша сөйлеп-жазуды үйреніп жатыр ма, әлде біз – қазақтар тіл үйренуге ерекше қабілеттіміз бе, олай болса орыстілді қандастарымыз «өз ана тілін» неге меңгеріп кете алмай жүр?» деген сияқты сұрақтар туындайды.

Біздіңше, мектепте қазақтілділерге орыс тілін үйренудің негізі қаланса да, көп жағдайда одан тілді жатық біліп шығып жүргендер шамалы. Оларды да өмір үйретті, қажеттілік үйренуге мәжбүр етті. Тіпті, кеңестік уақытта екі жыл әскер қатарында болғандардың басым көпшілігі ешбір оқытып-үйретусіз-ақ орыс тілін жап-жақсы меңгеріп оралатындығы да бұған дәлел. Бұл, әрине, қазақ мектебі оқушыларына орыс тілі немесе орыс мектебі оқушыларына қазақ тілі пәнінің пайдасы жоқ дегендік емес. Бұл пәндердің әр жеке тұлғаның қарым-қабілетіне қарай берері мол екені анық. Бірақ бізге дәл қазіргі уақытта қазақша аздап шүлдірлейтіндердің емес, нағыз қазақтілділердің санын арттыру маңызды болып тұр емес пе?!

Сондықтан да «Жергілікті атқарушы орган қызметшілері мен әлеуметтік жағдайы төмен қала тұрғындарынан тест алу және қазақ-ағылшын тілдерін үйрету курстарын ұйымдастыру және оларды қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету» (Алматы қаласы әкімдігінің «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, осы мақсатқа орай, 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге игерген) деген сияқты т.б. мәселелерге қаржы бөлуді шектеп, керісінше, Қазақстан қоғамын қазақша оқытуға, яғни, қазақ мектептері оқушыларының және орта, жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының қазақ бөлімі студенттерінің санын арттырып, оларға білім-ғылымды, тәлім-тәрбиені қазақша беруге баса назар аударуымыз керек сияқты.

Біздің ойымызша, сонда ғана қазақтілділер көбейеді. Бұл дегеніңіз – тілді тұтынушылардың саны артады деген сөз.

Олардың саны артса, қазақ тіліндегі түрлі әдебиеттерге, газет-журналдарға, телерадио хабарларына, ғаламтордың қазақша сайттарына, т.б. ақпарат көздеріне деген сұраныс күшейіп, олардың таралымы, ақпараттары көбейеді. Қазақ ақын-жазушылары мен қазақ газет-журналдары оқырмандарға, қазақ театрлары мен телеарналары көрермендерге, қазақша ғаламтор тұтынушыларға қарық болады. Керісінше, тіл үйретуді қажет ететіндердің саны біртіндеп селдіреп, «Оларға оны қалай үйретеміз, оқулық, оқу құралдарының сапасын қалай арттырамыз, оқытушылардың білім-біліктілігін қайтіп жетілдіреміз?» деген сияқты ұшы-қиырсыз машақаттан кұтылып, халық қаражатын нағыз ділгір жерлеріне жұмсар едік-ау! Ал, біз болсақ, күні бүгінге дейін балаларын қазақ мектебіне беруге зарығып отырған қалың жұртқа мектеп салып берудің орнына құны жүздеген миллион теңге шамасындағы қаржыны игеріп жұмсайтын «Тіл үйрету орталықтарын» қаптатып ашып тастадық. Мұндай үлкенді-кішілі орталықтар еліміздің барлық оқу орындары мен күллі қалаларында бар. Әрине, олардың қазақша шүлдірлеп сөйлейтіндердің қатарын көбейтуге септігі тиіп жатқан болар, бірақ бәрібір тіліміздің болашағы оларда емес, өз ана тілінің уызына өз мектебінде жарып өскен және оны тұтынып, дамытуға, қолданылу аясын кеңейтуге мүдделі қазақша білім алғандарда екені анық.

Соңғы жылдары біз еліміздің жастарын, елдің қалаулы тобының (элитасының) мемлекеттік тілді білмейтін, бірақ орыс, ағылшын тілін білетін балаларын ағылшын тілінде оқытып, жоғары білімді маман етіп дайындап шығаруды қолға алдық. Олардың ертең кімге, қай тілде қызмет ететінін бір құдайымыз білсін?! Бәлкім, олардың білім-біліктілікті ағылшын тілінде меңгеріп, ағылшынша мүлтіксіз сайрап, бірақ мемлекеттік тілде әрең сөйлейтіндей (егер құлқы болып үйрене қойса) дәрежеде бітіріп, маман болып шыққан

кезінде олардың қарауында жұмыс істейтін Қазақстан азаматтары ағылшын тілді болып кетер! Осындайда «Білікті мамандар ел тұрмысы үшін керек пе, әлде шетелдіктерге қызмет ету үшін керек пе?» деген ой келеді екен. Шынында да, аса керек болып жатса, санаулы жастарды «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерге жіберіп оқытуға болар еді ғой. Солай етіп жатқан да сияқты едік. Әрине, егер олар ел сенімін ақтап, жіберген жақтарынан оралып, мамандық алып келгенде өз ана тілін ұмытып қалмай, ел тірлігі үшін қызмет етіп жатса – жақсы. Бұдан шығатын қорытынды: бізге кереметтей үлгі болып жүрген басқа елдер сияқты (АҚШ, Англия, Франция, Ресей, Қытай, Жапон, Сингапур, т.б.), өз қалтасынан ақы төлеп, шетелдерде оқимын дегендерге кең жол ашып, керісінше, шетелдерде тұрмақ өз еліміздің ішінде мемлекеттік грантпен орыс, ағылшын тілінде түрлі кәсіп иелері мен жоғары білімді мамандарды дайындауды біртіндеп доғарсақ, елімізде тұрып, тіршілік еткісі келетін орыстілді отандастарымыз (қандастарымыз, өзге ұлт өкілдері) өз балаларының болашағын ойлап қазақ мектептеріне жаппай бере бастауы мүмкін-ау?! Ал бұл орыс мектептерінің азаюына апарарды.

Тағы бір мәселе. Мемлекеттік тілді дамыту институтының сайтынан «Тілге бөлінген қаржы желге ұшып жатқан жоқ па?» деген мақаланы оқып отырып, мөлшері «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» дайындаған болуы керек, екі тілді сөздіктердің суреттеріне көзім түсіп қайран қалдым. Сөздіктердің барлығы «орысша-қазақша» екен. Осыған орай біз оқырманның назарын мынаған аударғымыз келеді. Ол – сөздіктердің кімге арналып құрастырылуы. Орысша-қазақша сөздік негізінен орыс тілін үйренушілерге арналады. Ал қазақша-орысша сөздік керісінше. Кеңес уақыты кезінде жаппай орыстандыру саясаты мақсат етіліп, орысша-қазақша, орысша-қырғызша, орысша-

сөздікше, т.б. сөздіктер көптеп шығарылатын. Біздің қазіргі сөздіктеріміздің көпшілігі – орысша-қазақша сөздіктер. Демек, біз қазақ мектебін бітіріп, жоғарғы оқу орындарында қазақша білім алып жатқан студенттердің қазақша оқылған дәрістер арқылы алған білімдерін одан әрі толықтырып, бекітетін оқулық, оқу құралдарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алмағандықтан, оларға жаңағы сөздіктердің, яғни, орысша-қазақша сөздіктердің көмегімен орысша түрлі әдебиеттерді оқуға итермелеп, мәжбүрлеп, бірте-бірте тілдерінің орыстанып, өз ана тілінен жеріп кетулеріне жағдай жасап жүрміз. Бір қарағанда, бұл да өзіміздің қаракөздерге орыс тілін жетік меңгеру үшін жасалып жатқан игілікті іс-шара, қамқорлық сияқты көрінуі әбден мүмкін, бірақ қазақ тілін оқытып-үйретуге арналмаған. Бұдан шығатын қорытынды: біздің бүгінге дейінгі сан алуан орысша-қазақша сөздіктеріміз еліміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілінің өрісін кеңейтуге емес, керісінше, тарылуына апара жатыр. Демек, оған жұмсалып жатқан қаржы да желге ұшып жатыр деген сөз.

Тіліміздің өрісін кеңейтеміз десек, онда оны тұтынып, пайдаланушылардың санын артыруға аса мән беруіміз керек, яғни, орыстілділерге қазақша үйретеміз деп ебіл-дебіліміз шығып, бостан-босқа халық қаражатын желге ұшырғанша, қазақша оқытуға, ұлттық тәлім-тәрбие беруге баса назар аударуымыз қажет. Өйткені қазір дүниежүзінің барлық елдері мен мемлекеттері жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделуде. Жаһанданудың бастауы – Америка құрама штаттары мен Батыс еуропа елдері болып отыр. Олардың мәдени құндылықтарының басымдық танытуы әрбір жергілікті халықтың, соның ішінде қазақ ұлтының байырғы ұлттық сипатының әлсіреуіне түрткі болып келеді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айналуда.

Бұл бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ғылымда, ақпаратта, технологияда және т.б. салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Сол себептен ертеңін ойлаған елдер өз руханиятының өзегі болып саналатын тілін сақтап қалуға ерекше мән беруде.

Ұлтымыздың қалыптасу, даму тарихын зерттеп зерделесек, көне дәуірден бері қазақ қоғамы өзінің дәстүрлі рухани құндылықтарын, әсіресе, тілін сақтап қалуға аса мән беріп келген. Оған ешқашан да бейжай қарамаған. Ұлттық тілді жұрттың тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ететін тұрмыс-тіршіліктің берік қағидасы ретінде ұстанған. Алайда басы ашық мәселенің бірі – қазіргі қазақ қоғамы әлемнің басқа елдері сияқты жаһандану үрдісінің ықпалына ұшырай бастады. Одан бас тарту да мүмкін болмай қалды. Бүкіләлемдік жаһандану үдерісі әрбір ұлтты өзіне жыл өткен сайын тартуда. Осындай қауіпті жеңе алған мемлекеттер ғана жаһанданудың құрбанына айналмауы мүмкін екенін бүгінгі күн шындығы нақтылай бастады. Сондықтан да жаһандануға өзіміздің ұлттық табиғи-тарихи бітім-болмысымызды сақтай отырып бейімделіп баруымыз үшін жастарды қазақша оқытып тәрбиелеуге баса назар аударуымыз керек. Оларға қазақша білім, тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ерекшелігімізді, ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз. Бұл – қазіргі кезде қазақ қоғамында нақтыланып, пайымдала бастады. Қалай десек те, ендігі жерде жас ұрпақ, ең алдымен, ұлттық тарихи жадын, бірегей ойлау машығын, өзіндік өнері мен дүниетанымын, ана тілі мен дінін, дәстүрлі әдебиеті мен мәдениетін аман алып қалу және дамыту жолында күресуге тиіс.

ОҚУШЫЛАР ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1960-90 жылдары ғалымдарымыз Төлеубек Қордабаев, Мәулен Балақаев, т.б тіл мәдениетін оқытуды мектеп қабырғасынан бастау керектігі жайында, тіл мәдениетін ғылыми пән дәрежесіне көтеру туралы ұсыныстар айтты. Тәуелсіздікке қолымыз жетіп, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғаннан кейін бұл мақсат та орындалып, бейіндік бағыттағы оқу бағдарламалары, «Сөз мәдениеті» атты оқулықтар шықты. Сөз мәдениетінде оқушының мектеп қабырғасында алған лингвистикалық білімінің, лингвистикалық дүниетанымының кемелденуі іске асады. Бұл пәннің «Тіл мәдениеті» емес, «Сөз мәдениеті» деп аталуының себебі, тілді сөйлеу материалы ретінде пайдалану, тілдің адамдардың қатынас құралына айналуы, сөйлеу арқылы тілдің барлық күш-қуатын ашу, жандандыру, орынды қолдану, тілдік қатысымдық қолданыста ең негізгілерін іріктеп алу мақсатынан туып отыр. Сондықтан «Сөз мәдениетін» оқыту әдістемесі бүгінгі қазақ әдістеме ғылымының басты әрі маңызды тақырыбына айналып отыр.

Орхон жазулары – ежелгі жазба мәдениетімізді құрметтеуге, өз елін, өз жерін ежелгі түркілерше қорғап, сүйе білуге үйрететін мәдени мұра. Бұл ескерткіштер халқымыздың рухани, мәдени мұрасы, дүниетаным

бағдары болып табылады.

Тоныкөк (VIII ғ.) жазуында «Ақыл иесі – сөз иесі мен болдым» деген жыр жолдары бар. Осы жолда сөзді тасқа қашап, мәңгілікке мәтін ретінде қалдыру өз заманының білгірі, тарихи санасы жоғары, озық ой иесіне тиесілі мәртебе екені айтылған. «Күлтегін» жазуында автор: *Барлық сөзімді айтар Мәңгі тасқа бастым... Бұған қарап біліңдер, Түркі халқының қазіргі бектері – Таққа кіріптар бектер, Сендер жаңылғышыңдар зой?! Мен – мәңгі тас...* деп жазба мәдени мұраның тарихи ескерткіш ретінде мәңгі сақталатынын білгірлікпен айтып кеткен (М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық картасы. Астана, «Күлтегін», 2005, 191-б.).

Өмір сүруді өнер деңгейіне жеткізген Қорқыт баба «Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі» деп бүгінгі сөз мәдениетінің сөзді ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау талабын бір ауыз сөзбен белгіледі (Қорқыт ата кітабы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. 44-б.).

«Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбек жазып, тіл білімінің негізін салған Махмұт Қашқари (XI ғасыр) бұл кітапты жазу мақсаты туралы «Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым» деді (Қазақ халқының философиялық мұрасы. 201-б.).

Ол жинаған түркі халқының «Әдептің басы – тіл», «Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер», «Тілі ащы бектен гөрі тұл қатын артық» деген мақал-мәтелдерінде сөз мәдениеті туралы алғашқы ойлар жатыр.

Әбу Насыр әл Фараби «Ғылымдарды жіктеу» еңбегінде логика мен грамматика арасындағы ұқсастыққа назар аударып, бірінші орынға тіл туралы ғылымды қойды. Осы

еңбектің «Тіл туралы ғылым» атты бірінші тарауында «Әрбір халықтың тіл туралы ғылымы үлкен жеті бөлімге бөлінген: жай сөздер туралы ғылым, сөз оралымдары туралы ғылым, жай сөздердің заңдары туралы ғылым, дұрыс жазу заңдары, дұрыс оқу заңдары және өлеңді дұрыстап шығару ережелері туралы ғылым» деп таратты (Ғылымдар жіктелуі туралы сөз. Әл Фараби философиясы. // Мәдени мұра. 3-том, 2005, 170-б.).

Әбу Насыр әл Фарабидің көрсеткен бөлімдері тіл ғылымының, сөз мәдениетінің салалары әрі сөз нысаны болып табылады. Энциклопедист ғалым «Сөз оралымдары» бөлімінде «Бұл – белгілі бір халықта кездесетін қанатты сөздер туралы ілім, сол халықтардың атақты шешендерінің, ақындарының мейлі ұзақ, мейлі қысқа құрылған немесе қара сөзбен жазылған болса да айтып кеткендерін ауыздан ауызға таратып, есте сақтау» деп түсінік беруі шешендік өнерді жоғары бағалауы болып табылады.

Бүгінгі сөз мәдениетінде шешендік өнер сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілік қана емес, тарихи-көркем, әлеуметтік-психологиялық құбылысқа айналған сөз өнерінің қайталанбас көрінісі, таусылмас арнасы ретінде сөз мәдениетінде ерекше орын алатын феномендік құбылыс болып қалып отыр.

Жүздеген том болып жарық көріп жатқан ауыз әдебиеті мұраларында халқымыздың сөйлеу мәдениетінің, дүниетанымының арналары жатыр.

XV–XVIII ғ. қазақ халқы ақын-жырауларының дүниетанымы мен дәстүрін арнайы зерттеген мамандар «образдар жүйесін жасауына, бейнелеу тәсілдеріне, сөз талғау үрдісіне, тарихи мәселені мағыналауға, поэзияның көркемдік деңгейін көтеруге, өлең өрнегін жетілдіруге мән бергенін» атап көрсетеді (Қазақ ақын-жырауларының

философиясы // «Мәдени мұра» бағдарламасы. Астана, 2008, 407-б.).

Ахмет Байтұрсынұлының «Сөз өнері» атты еңбегі әдеби тілді саралаудың алғашқы баспалдағы болды. «Сөз өнері» кітабының «Сөз талғау» бөлімінде «1. Сөз дұрыстығы. 2. Тіл тазалығы. 3. Тіл анықтығы. 4. Тіл дәлдігі. 5. Тіл көрнектілігі» әдеби тілдің шарттары ретінде ұсынылады (А., «Жалын», 86).

Ахаңның сөз талғауының аталған сапалық қағидаттары бүгінгі сөз мәдениетінің әдеби тіл нормалары талаптарына сай келеді [Нұргелді Уәли, Өкен Қыдырбаев. Сөз мәдениеті / 10-сыныпқа арналған оқулық. А., 2006, 139-б.].

Өткен ғасырымыздың 20-30 жылдарында-ақ Халық ағарту комиссариаты, терминологиялық комиссия емле, термин мәселелеріне араласып, арнайы шешім шығарып отырды. Ұлт зиялылары Телжан Шонанов, Халел Досмұханбетов, Елдос Омаровтардың ой-пікірлері жарық көрді. Тіл мәселесі жайында осы саладағы тұңғыш профессор Құдайберген Жұбанов ғылыми зерттеулер жазып, мектеп оқушыларына арнап оқулық пен бағдарлама дайындады.

Қазіргі уақытта ғылымда интеграция және дифференциация үрдісі бір-бірімен тығыз байланыста жүріп жатыр. Интеграция «дүние біртұтас және оның бірлігі материалдығында» деген философиялық ұстанымды берік ұстап, дүниенің біртұтастығын дәлелдейтін оның салдарының, бөлшектерінің байламы, бір-біріне қатысты шартты әсерін зерттейтін пәнаралық байланыстың жоғарғы түрі болып табылады.

Тіл де диалектикалық материализмнің табиғатына сай табиғат пен қоғамдық өмірдегі барлық қозғалыстар

сияқты қозғалу, даму, өзгеру күйінде болады. «Тіл – іштей өзара байланысты, бір-біріне бағынышты элементтердің жиынтығы» (К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., «Санат», 1993, 12-б.). Адамның ойлауы тіл формасы арқылы өмір сүреді. Материя адам санасынан тыс өмір сүрсе де, адамның дүниені тану үдерісі, объективті шындықта болған нәрсенің, танылғанның бәрі де тілде бейнеленеді.

Тіл білімі дамыған сайын оның өз ішіндегі салаларының байланысы терең зерттеліп отыр. Тілдің қоғамдық-әлеуметтік рөліне, тіл мәдениетінің артуына, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты «Сөз мәдениеті» пәнінің жалпы тіл білімінен енші алып бөлек шығуы ғылымдағы дифференциация мен интеграцияның нәтижесі болып табылады.

Оқушы дүниетанымын қалыптастыру тіл философиясы заңдылықтарына сүйенеді, ол заңдылық - сөз бен таңбалайтын заттың, құбылыстың арасындағы байланысты, тілдің қоғамға, онда өмір сүретін адамдарға қатынас құралы, ойдың құралы ретіндегі қатысымдық қызметін, тілдің мазмұндық қызметін, тіл формаларының мағына-мазмұндық байланысын таныту болып табылады.

Лингвист ғалым К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты кітабында «Тіл мәдениетіне» арнайы тарау, бөлім арнамаса да, «Тіл білімінің практикалық мәні» атты бөлімінде тіл білімінің практикалық мәні – ұлттық мәдениет пен ұлт игілігінің дамуына жағдай туғызып, «әдеби тілдің нормасын белгілеп айқындау және оны өңдеп жетілдіретін мәселелері тіл білімінің қағидалары мен деректеріне арқа сүйеудің негізінде шешіледі» деген пікір білдірді.

Тіл мәдениетін пәнаралық байланыс арқылы зерттегенде тіл мәдениеті әдебиеттану ғылымымен байланысады, өйткені «тіл – әдебиеттің бірінші элементі». Сондай-ақ

философия ғылымымен әдіснамалық қағидалар және зерттелінетін ортақ проблемалар жағынан байланысады.

Тіл білімі оқушыға бүкіл тілдік жүйені меңгертумен қатар ана тілі арқылы дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуына әсер етеді. Өйткені тіл – сананың /ойдың/, материяның көрінісі, негізі. «Тілсіз сана жоқ, ал санасыз /ойсыз/ адам болмайды. Тіл мен ой – ажырамас бірлікте. Сана әрдайым белгілі тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды» (Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов. Философия. Оқулық. А., 2006, 176-б.). Оқушының өмір шындығына сай реалистік ойлау қабілетін дамыту, өмір тәжірибесін жетілдіру, сөзді болмысты таңбалаудың белгісі ретінде қабылдау, сөз мағынасын өмірдегі белгілі бір ұғымға теліп үйрету, өмірдегі сан алуан құбылыстардың сын-сипатын таныту арқылы сөздерді саралап, таңдап-талғап пайдалану – кешенді мақсаттардың бірі.

Тіл мәдениеті – қазақ халқының тарихи жады, қоғам мүшелерінің мақсат-мүддесін атқаратын қаруы, халықтың әлеуметтік өмірі мен барлық тіршілігінің, күнкөріс тәсілдерінің, әдет-ғұрып, салт-санасының айнасы, өскен ортасының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының куәсі, тіл арқылы сақталып қалған аса құнды дерегі, сарқылмас қазынасы.

Тіл мәдениеті – ұлт бірлігі, тіл бірлігі бірыңғай қоғамдық-әлеуметтік ортада қалыптасады. Қазақ халқының тіл мәдениеті – нормаланған, біртұтас қалыптасқан қазақ ұлтының қатысымдық құралы.

Халық тілінің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл. Әдеби тіл халық тілінің негізінде пайда болады.

Адамзаттың әлемі – мәдениеттің әлемі екені белгілі. Мәдениеттің салалары сан алуан болғанмен, мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен түсіндіріледі. Бүгінгі

қоғамымызда әдеби тілдің қоғамдық қызметтің сан алуан саласында қолданылуы артып отырған кезде мәдениетті адамның «сегіз қырының» бірі – сөз мәдениетін игеру болып табылады, яғни, сөз мәдениеті лингвистиканың әдеби тіл нормалары мен стильдік жүйесіне сүйеніп, әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астасады.

«Тіл – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс» болғандықтан, оның даму кезеңдері белгілі бір тарихи дәуірге сай келіп, сол кезеңдегі қарым-қатынас тілінің дәрежесін, сұранысын, қолданысын көрсетеді. Әр дәуірдің тіл мәдениеті өзінің алдындағы кезеңнің тілдік жүйесін, грамматикалық құрылымын, тіл байлығын, тілдік қорды және тілдік құрамды сақтап қабылдайды, жаңа кезеңде өзіндік тілдік белгілерін қосады.

Сөз мәдениеті сабағы орфоэпиялық, грамматикалық, стильдік әдеби норманы сақтауға баулып, қазақ тілінің әдеби нормасынан орынды ауытқушылықты қабылдайды, тілдесім, сөйлесім арқылы актив қордағы сөздердің санын көбейтеді, синонимдік алуан түрлілікті туғызады, қанатты, дәл, тапқыр сөздерді, фразеологияны орынды қолдануға, сөйлемді дұрыс құру заңдылығын игеруге, сөз сапасын тануға үйретеді.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос применения языка как материала культуры речи, способствующего формированию качественно говорящего человека.

Resume

In this article considers the question of using language as the material of speech culture, which is assist the formulation of man's literacy.

Сәния ТАРБАНОВА,
Жаңаөзен мектеп-гимназиясының
мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, дұрыс талдай білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – жай сөйлем туралы түсінік беру, оқушылардың ой өрісін одан әрі дамыту, тіл байлығын кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты, таза жазуға, еңбексүйгіштікке үйрету.

Түрі: жаңа сабақты өздігінен меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау түрлері. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушылармен амандасу; сынып оқушыларын түгелдеу; оқушылардың сабаққа назарын аудару.

II. Үй жұмысын сұрау. 76-жаттығу.

Үй тапсырмасын еске түсіру мақсатындағы сұрақтар (1-слайд)

1. Сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
2. Жай сөйлем дегеніміз не?
3. Жай сөйлемнің түрлері қандай?
4. Жақты сөйлем дегеніміз не?

5. Жақсыз сөйлем дегеніміз не?

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Тақтаға сөйлемдер жазып, сөйлем мүшелеріне талдау арқылы түсіндіремін (2-слайд).

Қар жауып тұр. Қоңырау соғылды. Беті дуылдап кетті.

- Қандай ерекшелік байқадыңдар?

Оқушылардың өздеріне мысалдар айтқызу, талдау. Қорытындыны оқушылар айтып, жалаң сөйлемнің ережесін шығару.

1. Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем жалаң сөйлем деп аталады.

2. Бастауыш пен баяндауыштан ғана тұратын жай сөйлем жалаң сөйлем болады. (3-слайд)



Берілген сөйлемдерге тұрлаусыз мүшелер қосуға болады. (4-слайд)

Қар жауып тұр.

Қар себелеп жауып тұр.

Қоңырау соғылды.

Қоңырау шыр етіп соғылды.

Беті дуылдап кетті.

Беті қызарып дуылдап кетті.


Осы сөйлемдердің алдыңғы үш сөйлемнен айырмашылығы неде?

Оқушылар сөйлемді талдап, жайылма сөйлемнің ережесін айтады.

1. Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем дейміз.

2. Тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемді жайылма сөйлем дейміз.

Мұғалімнің сөзі (5-слайд).



Электронды оқулықтан жаңа тақырыпты тыңдау, тиянақтау.

Мысалдарды оқушыларға талдатып, жай сөйлем мен жалаң сөйлемнің ерекшеліктерін тапқызу. (6-слайд)

Таспен ұрғанды аспен ұр. (Мақал).

Сонда менің ауданға баруым керек пе?

Мысалдардан жалаң және жайылма сөйлемдердің құрылысына қарай жақты, жақсыз болатындығына көз жеткізу.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

1. Оқулықпен жұмыс. 78-жаттығуды ауызша орындау. 79-жаттығуды жазбаша тақтаға орындау.

(7-слайд) Ойлан, тап. Электронды оқулықтан оқуға тест.

(8-слайд) Кім жылдам?

Электронды оқулықтан лексика-грамматикалық тест.

V. Үйге тапсырма: 77-жаттығу; «Мен – тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбына жалаң, жайылма сөйлемдерді қатыстыра отырып ойтолғау жазу.

ҮСТЕУ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға тақырыпқа байланысты түсінікті меңгерту, нығайту, өз ойын түсінікті жеткізе білуге, сөйлем құрастыруға дағдыландыру, білімін кеңейту; **дамытушылық** – мәтін негізінде логикалық ойлауын дамыту, шығармашылық ізденісті жетілдіру, сөз табының өзіндік ерекшеліктерін үйренуге деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – өзара сыйластыққа, бірін-бірі тыңдай білуге тәрбиелеу, мемлекеттік тілді құрмет тұтуға баулу, қазақ ақындарының шығармаларымен етене жұмыс істеуге дағдыландыру.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** интерактивтік әдіс, сын тұрғысынан ойлау, модульдік технологиядағы оқыта үйрету ойындары, топтық жұмыс, сұрақ- жауап, диалогтық сұхбат технологиясы. **Көрнекілігі:** сызбалар, мақал-мәтел, слайдтар, ұнтаспа, түрлі тапсырмалы материалдар, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ әдебиеті, риторика.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: амандасу, рапорт қабылдау; белгілеу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Етістіктің шақтары» тақырыбына қысқаша шолу:


1) Қазақ тілінде қанша сөз табы бар? 2) Етістік дегеніміз

не? 3) Шақ дегеніміз не? (Қимыл іс-әрекет белгілі бір уақыт кеңістігінің аралығында болады). 4) Шақтардың қандай түрлері бар? (Осы шақ, өткен шақ, келер шақ) 5) Етістіктің райларына мысал келтіру. 6) Етіс түрлеріне анықтама беру.

III. Жаңа сабаққа түсінік беру.

Сөзжұмбақты шешу.

- Оқушылар, осы сөзжұмбақты шешкенде бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы шығады.



1. Күйді шығаратын өнер иесі (күйші).
2. Уақыт өлшемін білдіретін құрал (сағат).
3. «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың».

Қандай мекеме? (мектеп)

4. Жас келіннің екінші анасы (ене).
5. «Дос» сөзінің антонимі (жау).

Үстеу – қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын, мөлшерін, амалын) білдіретін сөз табы.


Үстеу қалай, қашан, қайда, не мақсатпен, қайдан, не себепті, т.б. сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: 1. *Түнде қар қалың жауды.* Қашан қар жауды?
Түнде – мезгілін, *қалың жауды* (қалай жауды?) мөлшерін білдіріп тұр.

2. *Айгүл кітапты жоғары көтеріп қойды.* Қайда қойды?
Жоғары мекенін білдіріп тұр.

3. *Ардақ өлеңді қызулана оқыды.* Қалай оқыды?
Қызулана сын-қимылын білдіріп тұр.

Үстеу тұлғасына қарай



Үстеу мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді. Тақтада слайд түрінде үстеудің мағыналық түрлеріне шолу жасалады.

- Бүгін үстеудің 3-4 түрін пысықтаймыз.

№	Мағынасына қарай (по значению):	Сұрақтары (вопросы):	Мысалдары (примеры):
1.	Мекен үстеу (Наречие места обозначают место, в котором совершается действие)	Қайда? (Где?) Куда? Кайдан? (Откуда?)	Ілгері (вперед) Кейін (позади) Алға (вперед)
2.	Мезгіл үстеу (Наречие времени обозначают время, в котором совершается действие)	Қашан? (Когда?) Қашаннан? (С каких пор?)	Бұрын (раньше) Енді (теперь) Оқтын-оқтын (временами)
3.	Мақсат үстеу (Наречия цели обозначают цель действие)	Не үшін? (Для чего? Зачем?) Не мақсатпен? (С какой целью?)	Жорта, әдейі (нарочно) Қасақана (назло)
4.	Себеп-салдар үстеуі		
5.	Қимыл-сын үстеуі		
6.	Мөлшер үстеуі		
7.	Күшейткіш үстеуі		

IV. 1-тапсырма. Себеп-салдар үстеуі, қимыл-сын үстеуі, мөлшер үстеуі, күшейткіш үстеуі қандай сұрақтарға жауап беріп, қандай сөздерден тұратынын оқушылар тез-тез өз дәптерлеріне жазады. Тақтаға төртеуі шығады да кестені толықтырады.

2-тапсырма. Деңгейі төмен оқушылар мына сөйлемдердегі үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады әрі синтаксистік талдау жасайды:

1. Биыл қар қалың түсті. Қашан? Мезгілін білдіріп тұр.
2. Кейін баспай, ілгері жүр. Қайда жүр? Мекенін білдіріп тұр.
3. Атасы ерте тұрды. Қашан тұрды? Мезгіл үстеу.
4. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін оқып, үстеудің түрлерін ажырату.

Орта және жоғары деңгейдегілер дидактикалық материалдармен және Абай, Ілияс Жансүгірұлы, Мағжан Жұмабаев, Қасым Аманжолов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев өлеңдерінен алынған үзінділермен жұмыс жүргізеді.

3-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны арқылы мына сөздерді қатыстырып, құрмалас сөйлемдер құрайды. Бір сөйлемге бірнеше үстеуді қатыстыруға болады.

Бүгін, қазір, оқтын-оқтын, әдейі, қасақана, әрі, кейін, ілгері.

Жоғары деңгейдегілер құрамында үстеуі бар мақал-мәтелдерді ойға түсіріп, теріп жазады.

«Шебер аудармашы» ойыны. Жыл мезгілдері мен ай аттарын, бағыт белгілерін ауызша және жазбаша түрде тез 3 тілге аудару.

Сұраққа-жауап. «Журналист» ойыны (ауызша).

Сіз Алматыға қашан келдіңіз? Қазақ тілін өзге ұлт өкілдері тез меңгере ала ма? Сізге қай тілді үйрену қиынға соқты? Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады? Ауған соғысы не үшін болды? Спорттың қандай түрімен айналысасыз? Тәуелсіз Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына қанша жыл болды? «Арыстан» әскери лицейін аяқтаған соң біліміңізді қайда жалғастырғыңыз келеді? Сіз сынау тестісінен қандай деңгейді көрсеттіңіз? «Қазақстанның

Болашағы – білімді жастардың қолында» дегенді қалай түсінесіз?

Семантикалық картамен жұмыс. Үш топқа тапсырма. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату.

V. Сергіту жаттығуы. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін ұнтаспадан тыңдап, үстеудің мағыналық түрлерін ажырату.

Жұмбақты шешіп, үстеуді табыңыз:

Айдалада ақ отау, ауызы-мұрыны жоқ отау.

Тақиям – толған сөк, ерте тұрсам – дым да жоқ.

VI. Тіл дамыту. Төмендегі сөздерді пайдаланып, алғашқы деңгейдегілер сөз тіркестерін құрастырады, жоғары деңгейдегілер құрмалас сөйлем құрастырады, алшығармашылық деңгейдегілер не өлең жолдарын, не эссе құрастырады.

а) *Тіл (әлемдік, жасанды, өлі тіл, ұлттық тіл);*

ә) *Мәртебе(ұлы, мемлекеттік, құпия, елшілік);*

б) *Қымбат (жастық, өмір, денсаулық, жан, сыр);*

в) *Шешен (саясатшы, ділмар, қария);*

г) *Мұра, мұрагер (бала, немере, аманат);*

ғ) *Сөз таптары (зат есім, есімдік, етістік, сын есім, үстеу).*

«Жалғасын тап». Екі топ кезек-кезек бір-біріне түрлі тақырыпта мақал жасырып, жалғасын табады.

«Стильдер сөйлейді». Үстеудің мағыналық түрлерін қатыстыра отырып, әр стильде сөйлемдер құрастыру сайысы.

VII. Сабақты қорытындылау. «Топтау стратегиясы», семантикалық карта мен шағын тест арқылы сабақты қорытамын.

VIII. Үй тапсырмасы. Үстеудің мағыналық түрлерін қайталау. Өздері сүйіп оқитын қазақ ақындары өлеңдерінен үстеу сөз табына мысалдар (5 шумақ) келтіру.



Жанат КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ,
Абай атындағы мектеп-гимназияның
мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
Қалбатау ауылы.

Ң ӘРШІ ЕМЛЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС

Мектеп оқушыларының сауаттылығы – әлі де күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі, себебі қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы, қала көшелеріндегі түрлі безендірулер мен жарнамалардағы қателер – бүгінгі «сауаттылықтың» белгісі.

«Ң» әрпінен жіберілетін қателерді үлкен екі топқа бөлуге болады:

1. Фонетикалық қате, яғни, Ң әрпінің жасалуы мен айтылуын дұрыс түсінбегендіктен оқушы дұрыс айта алмайды, сондықтан дұрыс жазбайды.

2. Грамматикалық қателер, оларды төмендегідей жіктеуге болады: ң әрпі бар сөздерде, ілік септігінде тұратын сөздерде, тәуелділік жалғауының екінші жағындағы сөздерде, жіктік жалғауының екінші жағындағы сөздерде.

Фонетикалық қателерге байланысты жаттығу түрлері:

1. «Ң» әрпі бар сөздерді әр түрлі позицияда айту;
2. «Ң» әрпінен кейін дауысты дыбыстарды қойып айту;
3. «Ң» әрпінің алдында әр түрлі дауысты дыбыстарды қойып айту және бұл жаттығулардың тиімділігі – жаттығулардың бірнеше мәрте қайталап айтылуында.

Грамматикалық қателерге байланысты жаттығу түрлері:

1. Төмендегі сұрақтарға дұрыс жауап бер.

«Н» әрпіне байланысты:

- *Үндемеген неден құтылады?*
- *Қоян неден қорқады?*
- *Неден от шығады?*
- *Асыл неден шығады?*
- *Ақыл кімнен шығады?*
- *Таяқ неден өтеді?*
- *Сөз неден өтеді?*

«Ң» әрпіне байланысты:

- *Кімнің тоңы тозбас?*
- *Кімнің ісі оңбас?*
- *Кімнің көзі көреген?*
- *Кімнің сөзі зая кетеді?*
- *Кімнің ертеңі бітпес?*

2. «Ң» әрпі сөз ортасында келеді. Сөздіктерден теріп жазу.

3. «Ң» әрпі сөз аяғында келеді. Сөздерді теріп жазу.

4. «Ң» әрпіне әр түрлі тақырыптарға байланысты жаттығу

түрлері:

- Ілік септігіне қою;
- Тәуелдік жалғауының екінші жағына қою;
- Жіктік жалғауының екінші жағына қою.

Сонымен, мынадай қорытындыға келеміз: бастауыш мектепте оқығанда «Ң» әрпі тақырыбы кезінде міндетті түрде «н» әрпінің жасалу жолымен салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратып айту керек. Әрбір әріптің дұрыс айтылуына көңіл бөлу керек. Себебі, оқушы дұрыс айтпаса, дұрыс жазбайды. Логопед мамандарына жүгініп, тілдік жаттығуларды жүйелі түрде жүргізіп, сол арқылы орфоэпиялық заңдылықтарды сөйлеуде қолдану дағдысы дамыса, онда грамматикалық қателер болмас еді. Фонетикалық қателердің шығу себебі: ата-аналардың көбі – орыс тілді азаматтар, яғни, оқушы отбасында ата-анасымен орыс тілі арқылы қарым-қатынас жасайды.



Лена ЕЛУБАЕВА,
Қараөзек ауылындағы
№39 «Қызылөзек» орта
мектебінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде мағлұмат беру, трилогияның мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, XV-XIX ғасырлардағы қазақ халқының тарихи шежіресін түсіндіру; **дамытушылық** – әдеби теориялық білімдерін арттыру, өз пікірлерін айтуға дағдыландыру, ойлау, жүйелі салыстыру қабілеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – тарихи көркем шығармадағы ұлттық рухты негіздеп ұлттық сананы қалыптастыру, адамгершілікке, адамдық сүйіспеншілік өсиеттерге баулу, азаматтық, гуманистік қасиеттерді дарыту, еліне, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Түрі : дәстүрлі сабақ. **Типі**: жаңа білім беру. **Көрнекілігі**: Ілияс Есенберлин шығармалары, электронды оқулық, слайд, кестелер, кинодискет, теледидар. **Әдіс-тәсілдері**: түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап, Венн диаграммасы. **Пәнаралық байланыс**: тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың назарын сабаққа аударып, оқу-кұралдарын түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау.

Жаңа сабақ.

Өмір жолына шолу

1915 жылы	Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған.
1940 жылы	Тау-кен институтын бітірген. ССРО-Германия соғысына қатысқан.
1947-67 жылдары	Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының редакторы, «Қазақфильм» киностудиясында сценарий редколлегиясының мүшесі.
1967-71 жылдары	“Жазушы” баспасының директоры
1971 жылдан бастап	Қазақстан Жазушылар одағының екінші секретары
1983 жылы	Алматыда 68 жасында қайтыс болды.

Қалам тартқан жанрлары: поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия.

Шығармаларының жарық көруі

1940 жылы	Алғашқы өлеңдері жарық көрді.
1945 жылы	“Айша”, “Сұлтан” поэмалары жарық көрді.
1949 жылы	“Адамгершілік туралы жыр» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.
1959 жылы	«Біржан сал трагедиясы» дастанын жазды. “Адам туралы жыр” повесі жарық көрді.
1960 жылы	«Өзен жағасында» повесі жарық көрді.
1965 жылы	“Толқиды Есіл” повесі жарық көрді.
1966 жылы	“Айқас” романы жарық көрді. “Айқас” романы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.
1968 жылы	«Айқас» романына Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.
1967 жылы	«Қатерлі өткел» прозасы
1968 жылы	“Ғашықтар” романы
1969 жылы	«Қаһар»
1971 жылы	«Алмас қылыш»
1972 жылы	“Алтын құс” романы
1973 жылы	«Жанталас»
1974 жылы	“Көлеңкемен қорғай жүр”
1978 жылы	“Маңғыстау майданы”, “Аманат” романдары жарық көрді

Лияс Есенберлиннің 1956 жылы орыс тілінде жазылған «Песня о человеке» романы 1958 жылы қытай тіліне, «Ғашықтар» романы өзбек тіліне аударылды. Көптеген шығармалры орыс тіліне аударылды.

«Көшпенділер» – тарихи роман.

Тарихи роман дегеніміз не?

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады.

Лияс Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің XV-XIX ғ. Тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. Осы жолдардағы қиындықтарды, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез-құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасады.

«Көшпенділер» трилогиясы үш романнан тұрады.

Кестемен жұмыс.

Трилогияның романдары	Трилогиядағы тарихи тұлғалар
“Алмас қылыш”	Әбілқайыр хан
“Жанталас”	Жәнібек хан, Керей хан
“Қаһар”	Асан қайғы, Қазтуған, Абылай хан, Бұқар жырау, Кенесары хан, Ағыбай батыр

Тарихи оқиғалардың трилогияда бейнеленуі

1) **“Алмас қылыш”**: XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығының құрылуы, Әбілқайыр, Жәнібек, Керей хандардың тақ үшін таласы, қазақ руларының бірлесу идеясының басым суреттелуі

2) **“Жанталас”**: XVII-XVIII ғасырларда Қазақстанның шетел басқыншыларымен күресі және Әбілқайыр ханның Қазақстанның батыс бөлігімен Ресей патшалығы қол

астына кіруі. Қалмақ хандығының қазақ еліне опасыздық шапқыншылығы, Алакөл маңайында, Ордабасы өңірінде болған қырғын ұрыстар, Ресей патшалығының қол астына кірген Әбілқайырдың түпкі армандарының жеке басындағы түңіліс суреттері

3) “Қаһар”: XVIII ғасырда Абылай хан бастаған қазақ халқының қалмақ басқыншыларын біржолата талқан етуі. Абылайдың қазақ елін дербес Қазақ хандығына біріктіру әрекеттері. Абылай хан мен оның батырларының ел Тәуелсіздігі үшін күрестегі ерлік, даналық істері. Абылай ханның қазақ елін біріктіру жолындағы жанталас күйзелістері.

«Көшпенділер» киносынан үзінді көрсету.

«Алмас қылыш» бөлімінде басты кейіпкер – Әбілқайыр, Жәнібек, Керейлер.


Кейіпкерлерін талдау.

Әбілқайыр	
1	2
Айлакер, ақылды, айбарлы ел басшысы.	Өз мақсаты жолында ешбір арамдық, азғындықтан тайынбайтын мейірімсіз, қанды қол.

Романнан үзінділер оқып танысу:

1. Шыңғыс ханның балаларына өсиеті;
2. Абылай мен Бұқар жырау;
3. Уәли сұлтанның баласы – Абылай;
4. Батыр Баян мен Ноян;
4. Абылайдың ақ бурасы;
5. Абылайдың түсі;
6. Абылайдың өлер алдындағы өкініші;
7. Абылай хан мен сұрша қыз хикаясы.

Венн диаграммасы.



Трилогия:

Тарихи хроника.
Әскери салт-дәстүр.
Ерлікті, батыр-
лықты дәріптеу.
Хандыққа талас.

Прозалық шығарма:

Қазақ халқының өмірі.
Рулық жікшілдік.
Кейіпкерлер оқиға-
лары шынайы өмірде
болған.

Эпопея:

Әдеби роман.
Тұрмыстық салт-
дәстүр.
Ақындықты, аза-
маттықты дәріптеу.
Болыстыққа таласу.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ілияс Есенберлиннің шығармашылық жолы қалай басталды?

2. Жазушының қандай кітаптары бар?

3. «Көшпенділер» трилогиясының идеялық мазмұны, үш кітапта суреттелген кесек кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен көздеген мақсаттары қандай?

4. Қай шығармасы үшін жазушы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты алды?

Сабақты қорытындылау, оқушылар білімін бағалау.

Үйге: «Көшпенділер» трилогиясынан үзінділер оқу.



Серікхан БЕКБОЛАТОВ,
Нұрғиса Тілендиев атындағы
облыстық мектеп-интернаттың
мұғалімі.
Тараз қаласы.

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. «ҚЫЛАУ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – әңгімеге сүйене отырып, Сатай мен Рәбиға бейнесін ашу, талдау. Автордың

айтайын деген ойын ашып көрсету; **дамытушылық** – қоғамға деген өзіндік көзқарастың қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – сезімталдық пен жайдарылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа, жағымсыз мінезден аулақ болуға тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрден тыс. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, дебат. **Көрнекілігі:** портрет, топтастыру сызбасы, Венн диаграммасы, сабаққа қажетті плакат-сызбалар.

Сабақты өту барысы.

Ұйымдастыру: а) оқушылардың назарын сабаққа аудару; б) сабақта жоқ оқушыларды журналда белгілеу.

Жаңа сабақ.

Ойқозғау.




«Қылау» әңгімесі.

Шығарманың жоспары:

1. Таң азанғы әке дауысы;
2. Ауыл сыртындағы зират;
3. Жол тосқан қыз;
4. Сатай мен Рәбиға;
5. Сатайдың үйіне оралуы.

Топтастыру



Пысықтау, бекіту.

Дебат.

1. Даттаушы топ. Аргумент: Сатай – жағымсыз бала.
2. Жақтаушы топ. Аргумент: Сатай – мейірімді бала.

1. Әке ақылы Сатайды ызаландырды, біз жастар ересектердің ақылын солай қабылдаймыз ба?

2. Жоқ. Бұл – баланың ұйқылы-ояу кезіндегі сөйлеген сәті. Ұйқыдан көзін аша алмай, әкесінің айтқан тапсырмасын құлықсыз тындаса да, тірлікті білетіндігін көрсетті. Әкесіне реніші іштей ғана. Естіртіп айта алмайды. Балаға лайықты сыйлайды, қорқады.

1. Өлім мен өмір туралы Сатайдың ойлауы дұрыс па? Күнделікті тірлікті ойлауға болады ғой.

2. Өлім мен өмір туралы ой Сатайға ауыл сыртындағы зираттың тұсынан өткенде келді. Жас баланың ойының, қиялының ұшқыр екендігін көрсетеді. Сатай – күнделікті күйкі тірліктің баласы емес, болашағы зор, алға ұмтылған сезімтал жас. Оның әрбір көзге көрінген затқа баға беруі – осының айғағы.

1. Рәбиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айғайға басуы оның қорқақ екендігін көрсетті.

2. Сатайдың бұл қылығы қорықандығы емес. Әрбір

баланың қыз алдында өзін ерекше батыл көрсетуінде. Бұл қасиет барлығымыздың бойымызда бар.

1. Бұрын қасқырды көрмесе де «Қасқырды талай көргенмін» деп Рәбиғаға мақтануы Сатайдың мақтаншақ екендігін көрсетті.

2. Қыз алдында көзсіз ерлік жасауға дайын отырған Сатай аңдамай сөйлеп қалды. Артынша тілін тістей қойды. Бұл жағдайдан шығу үшін ол сөзге айналдырды. Сатай орынсыз мақтанғанды ұнатпайды, оған бұл қасиет жат.

1. Сатайдың сабақ, мектеп ережесі, мұғалім, мектеп директоры туралы көзқарасы оның мінезінің аңғырттығын, оқушыға лайықсыз түсінігінің үстірт екенін көрсетті.

2. Сатай – жас бала. Өмірге деген көзқарасы бірте-бірте қалыптасады. Ересектер де бірден ақылды болған жоқ қой. Сатай ертерек ержеткісі келіп шаш қойғысы келді. Жекелеген пәнді түсінбей жүргені – баланың «Алгебра» кітабының жоқтығынан. Есесіне әдебиет пәнінің ұстазын, әдебиет пәнін керемет жақсы көреді. Жас кезінде жастық қылығыңмен есте қалғаннан жақсы еш нәрсе жоқ шығар.

1. Сатайдың тұман басқан меңіреу ақ далада, жол айырығында Рәбиғаны жалғыз қалдырып кетуі дұрыс па? Осы қылығы адамгершілікке жата ма?

2. Әкесінің таңертең қадап айтқан сөздері, Рәбиғаның қоштасып шанадан түсіп кетуі Сатайға тосын ой келтірген жоқ. Артынша атының басын бұрды. Жол айырығында қызды көрмегенде, жолдан шеттеген көкжал бөріні көргенде бойын үрей биледі. «Аттан, аттан! Рәбиға-а! Рәбиға-а!» деп айқайлай берді. Ал ауылына келген Рәбиғаны көргенде қуанғаннан көзі жасаурады. Бұл оқиғадан Сатайдың бойынан мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін көреміз. Бұл – жақсы адамның бойында болатын қасиеттер.

Ойтолғаныс.

Венн диаграммасы.



- Шырт ұйқыдан әке дауысынан оянған Сатайдың ешнәрсеге құлқы жоқ еді.

- Жолда кетіп бара жатқанда, ауыл сыртындағы зираттың тұсынан өткенде елегізіді, далада өсіп тұрған «үш сиырқұйрықты» қасқыр екен деп қорықты.

- Қыздың атын сұрап, «Өзің керемет сұлу қыз екенсің, Рәбиға» деп тіл қатуы, балаң сезімін білдіруі Сатайдың өзіне сенімді, ойының жинақы екендігін көрсетті.

- Өз жасына лайықты қыз алдында өзін жоғары көрсету үшін сабақ, мектеп, мұғалім туралы айтқан ойлары Сатайдың балаң мінезін, аңғырттығын, үстірт түсінігін көрсетеді.

- Ертеңгісін әкесінің дауысынан оянған Сатай ішінен әкесіне ренжігенде әр түрлі ой ойлағаны, оның қимылы, зират тұсынан өткенде ұшқыр ойлары, Рәбиғамен сөйлескенде өлім туралы сұрауы баланың сезімталдығын, жол тосқан қызды шанасына мінгізіп алуы, оны тұлыпқа орап қоюы, жол айырығында Рәбиға түсіп қалғанда артынан ат-шанасымен шабуы, қасқырды көргенде үрейленуі, Рәбиғаның аман-сау екенін көргенде көзіне жас алуы Сатайдың мейірімді, қайырымды екенін көрсетеді.

- Жол бойы үнсіз отырмай күнделікті мектеп өмірі, сахна, болашақ туралы әңгіме қозғағанынан мінезінің жайдары екенін байқауға болады.

- Жолда Рәбиғаға жолығуынан Сатайдың бойынан ерекше қасиеттер көріне бастады. Үйіне келе жатқанда жолдағы қасқыр, ауыл іргесіндегі зират та қорқыныш ұялатқан жоқ. Әкесінің сөйлеген сөзі де мазасын алмайды. Әндетіп үйге кіріп кетті. Өзгеше бір басқа әлемге түскендей.

Қорыту. Оқушылар білімін бағалаймын.

Үйге тапсырма: «Менің өмірге көзқарасым» (эссе жазу).



Ақмоншақ БАЛДЕНОВА,
Маңғыстау облысының
Мұнайлы ауданындағы
«Қызылтөбе» лицейінің
оқытушысы.

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА»

(7-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – оқушыларға өлеңнің мазмұнын түсіндіру, аңшылық өнердің қыры мен сырын таныстыру, өлеңнің тілін, ақынның сөз байлығын зерделету; **тәрбиелік** – ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақыру, табиғатты сүйеге, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; **дамытушылық** – өзіндік ой-қиялын дамытуға, өзіндік ой түюге, сөздік қорын дамытуға, шығармашылық қабілетін шыңдауға тәрбиелеу.

Әдісі: СТО технологиялары арқылы талдау, жинақтау.
Көрнекілігі: түрлі слайдтық суреттер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология.

Сабақтың жүрісі:

1. Ұйымдастыру;
2. Үй тапсырмасын тексеру;
3. Жаңа сабақ.

I. «Ойқозғау» стратегиясы.

- Балалар, қазақ халқында қандай өнер түрлері бар?
(Айтыс, жыраулық, атбегілік, құсбегілік, аңшылық, т.б.)

- Аңшылық өнер туралы не білеміз? (Аңға мылтықпен, тазы, бүркітпен шығады).

- Аңшылар қандай аңдарды аулайды? (Қасқыр, қарсақ, қоян, түлкі, т.б.)

- Ал, балалар, сендер бүркітпен аң аулауды көз алдарыңа қалай елестетесіңдер?

Оқушылар қалай елестететіндерін айтады.

- Ал, балалар, бұл сендердің аңшылық туралы өздеріңнің ойларың, енді Абай Құнанбайұлы өзінің «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде бүркіт аңшылығының қыры-сыры туралы айтады екен, соны қарайық. Ол үшін алдымен оқулықтағы берілген осы өлеңге қатысты сөздермен сөздік жұмысын жүргізейік.

II. «Түсініктеме күнделігі» стратегиясы.

Сөздік жұмысы жүргізіледі.

III. «Мағынаны тану» стратегиясы.

Өлеңді оқушылар-ға оқыту, талдату.

1-шумақ: *аңға шығудың шарты* – қансонар, қасында жақсы жолдас пен жүйрік ат болуы керек және үстінде ыңғайлы, ықшам киім болуы керек.

2-шумақ: *бүркітші мен қағушы әрекеті* – аңшылық кезінде бүркітші тау басында, қағушылар сай-сағада із шалып жүреді.

3-шумақ: *бүркіттің әрекеті* – томағасы алынған бүркіттің төмендегі түлкіні көзі шалып, «Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылып кетер» деп қайқаң етіп жоғары самғап көтерілуі.

4-шумақ: *түлкінің әрекеті* – өзіне тап бергелі тұрған бүркітті көріп, қашып құтыла алмасын біліп, «Ауызын ашып қоқақтап» шыбын жан үшін талас қылған түлкі.

5-шумақ: *түлкі әрекетін қызықтаған аңшылар* – шыбын жаны үшін шыр-пыр болған, тісін қайрап, айбат шеккен түлкіні «Бұл да осал жау емес» деп қызықтап тұрған аңшылар әрекеті.

6-шумақ: *қан майдан* – «жеке батырлар»: бүркіт пен түлкінің айқасы суреттеледі.

7-шумақ: *жанды сурет* – табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып бір бейне етіп, яғни, ақ етті сұлудың шомылу әрекетіне ұқсатуы.

8,9-шумақ: *олжалы аңшылар әрекеті* – түлкі алып олжалы болып, қанжығасы майланып, өз істеріне сүйсінген аңшылар әрекеті.

10-шумақ: *әр сөзін бір ойланып салмақтасаң* – бір өлеңді үстірт қарамай, әрбір сөзге мән беріп оқысаң, көкейіңе, көз алдыңа жанды сурет келетіндігін айтады.

IV. «Кубизм». Кубикті иіріп, қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді.

1) *Суреттеңіз.* Оқиға қай жерде, қай мезгілде болды, суреттеп бер.

2) *Зерттеңіз.* Аңға шығудың жөн-жобасы қандай? Бүркітші мен қағушы әрекеті, бүркіттің әрекеті, түлкінің әрекеті, түлкі мен бүркіт айқасы, олжалы аңшылар әрекеті, түлкі әрекетін қызықтаған аңшылар. Қандай жанды сурет бар?

3) *Байланыстыр.* Ақынның табиғатты суреттеудегі басқа

ақындардан ерекшелігі.

4) *Қолданыңыз*. Ақынның жанды сурет салудағы тіл шеберлігі: «сонар», «қағушы», «қайтқан із», «бүркіттің қайқаң етіп аспанға шығуы», «түлкінің көре тұра қалуы», «үйірімен үш тоғыз» мәтелі, яғни, ақынның аңшы тілімен сөйлеуі. Ойды құбылту тәсілі – метафора «қар – аппақ», «бүркіт – қара», «түлкі – қызыл»; эпитет – *жақсы ат, тату жолдас, ықшам киім, қыран құс, қанды көз, қызыл қан*, т.б.

V. «**Ойтолғау**». Аңшылықтың пайдасы қандай деп ойлайсың?



Қазіргі кезде адамдардың табиғат аясына шығып қызықтауы, табиғатпен үндесіп өмір сүруі азайып бара жатыр. Табиғат аясына шыққан жағдайда да тек арақ-шарап ішіп, табиғатты ластап кетеді. Осы жағдайларды ескерте, аңшылықтың адам денсаулығына тигізер зор пайдасы бар екендігін, бос уақытыңды тиімді пайдалану екендігін ұғындыру керек. Қазір қаншама адам талапсыздықтан, бойкүйездіктен қылмысқа, ұрлыққа, нашақорлыққа, маскүнемдікке түсіп кетіп жатыр. Тату жолдаспен табиғат аясында бір сәт бойыңды жазып, таза ауа жұтып, аң-құсты қызықтап келгеннің өзі – бір ғанибет!

ШЕРХАН МҰРТАЗА. «ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА»

(7-сынып, 2-сағаты)

Мақсаты: білімділік – әңгіме бойынша алған білімдерін талдау барысында анықтау, толықтыру; **дамытушылық** – еркін ойлау, өз көзқарасын жеткізе, дәлелдей білу, өзгені тыңдай білу, тұжырым жасай білу қабілеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – табиғатқа деген жанашырлықтарын ояту, «кие» сөзінің мәнін ұғындыру, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілі:** СТО әдістері.

Көрнекілігі: флипчарт.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Психологиялық дайындық. Оқушылар бір-біріне гүл шоқтарын ұсына отырып тақырыпқа байланысты тілектер айтады.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

I топ. Әңгіме бойынша жоспар құру:

1. Байшынар ағашы;
2. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен»;
3. Отынға жағылған киіз үйлер;
4. Бахтияр бауы;
5. «Біреу өлмей, біреу күн көрмес» немесе жалғыз қалған

Байшынар;

6. Имансыз Жуанқұл, Жуанқұлдың әрекеті;
7. Жүз жылдық жара.

II топ. Композициялық құрылысына талдау:

Оқиғаның басталуы. Мыңбұлақта өскен Бахтияр бағы мен Байшынар ағашы;

Оқиғаның дамуы. Соғыспен қатар ақпан айының ауылды қыспаққа алуы;


Оқиғаның шиеленісуі. Ауыл адамдарының амалсыздан киіз үйлер мен Бахтияр бауындағы ағаштарды отынға жағуы

Оқиғаның шарықтау шегі. Киелі Байшынар ағашына Жуанқұлдың балта шаппақ болуы;


Оқиғаның шешімі. Байшынардың киесі жібермеуі.

III. Жаңа сабақ.

1. Ассоциация құру.



2. Сөздік жұмысы.



Шынар – биіктігі 40 метрге дейін жететін ірі ағаш. Ол қыстың соңында дөңгелекше келген жеміс береді. Бұл ағаш жылы жақта, тауда, биікте өседі. Қазақта қол жетпес асылын шынарға теңеген.

Адыраспан. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын,

сегізкөзді, жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Малдәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді.

Көкемарал. Бұғылар күз, көктемде бұл өсімдіктің тамырын тұяғымен қазып жейтін болғандықтан, оны *марал шөп тамыры* деп те атап кеткен. Тамыры қысқа, жірілеу, шашақталған, гүлдері – көк, көкшіл түсті, шартәрізді тостағанша құрып, сабақтың ұш жағында жеке-жеке орналасқан. Оны *мақсыр* деп те атайды. Халық ертеден бері «алтын тамыр», женьшень тәрізді әл беретін дәрі ретінде пайдаланған.

Қарапышақ, күшәла. Қарапышақ – биіктігі 20-40 сантиметр болатын көп жылдық шөп тектес, жартылай сулы өсімдік, гүлінің ішкі беті қара түсті. Өзбектер оны *күшәла* деп атайды. Ортаңғы қабыршақ жапырақтың ішінен ұзындығы 5-8 сантиметр болатын, қарындаш тәрізді өзекше өсіп шығатын болғандықтан, орыстар оны *карандаш* дейді. Медицинада осы өсімдік тамырынан дәрі жасап, онымен өкпе туберкулезін емдеп келеді.

3.

I топ

Жазушының адам мен табиғат арасындағы байланысты суреттеудегі айтқысы келген ойы.	Сенің пікірің.

II топ

Кейіпкер	Автор толғанысы	Түйін (өз көзқарасың)

4. Мәтінмен жұмыс. Шығарма кестесі.

I топ

Шығарманың аты	Шығармада кездесетін мақал-мәтелдер	Тұрақты тіркестер	Бірымдар
Жүз жылдық жара	Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады. Біреу өлмей, біреу күн көрмес. Ұра берсе, құдай да өледі. Ылдида сиыр мөңіресе, таудағы арқардың мүйізі сырқырайды.	Шыбын жанын шүберекке тую, артын бақты.	Үкі жүрген жер киелі. Киелі ағашты кесуге болмайды.

II топ

Шығарманың аты	Шығармада кездесетін ағаш атаулары	Емдік шөп атаулары	Құс атаулары

5. Ойтолғаныс

I топ. Бес жолды өлең:

1. Зат есім – Байшынар;
2. Сын есім – кәрі, саялы;
3. Етістік – сая болды, жалғыз қалды, жылады;
4. Байшынар жапанда жалғыздықтан күңіренді;
5. Синоним – ағаш.

II топ. Концептуалдық кесте.

Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға
Жуанқұл			
Кенжекүл			

6. РАФТ стратегиясы.

I топ

Рөл – Байшынар
Аудитория – ауыл адамдары
Форма – үндеу
Тақырып – «Табиғатты аяландар!»

II топ

Рөл – Жуанқұл
Аудитория – Байшынар
Форма – өтініш
Тақырып – «Жазалы»

IV. Бекіту. Тест тапсырмасы /Активойт арқылы/.

1. Оқиға қай мезгілде болды?

а/ аштық кезінде; ә/соғыс кезінде; б/ күні кеше.

2. Байшынар өскен бау қалай аталады?

а/ Арыстан баба бағы; ә/ Бахтияр баба бауы;

б/ Байшынар бағы.

3. Жыланнан қорқып ұясын мәжнүн талдың суға төнген солқылдақ шыбығының ұшына салатын құстарды ата.

а/ зымыран құс пен қасқалдақ;

ә/ зымыран құс пен сарғалдақ;

б/ сарғалдақ пен үкі.

4. Байшынарға балта шаппақ болған кімдер?

а/ Дадабай, Жуанқұл, Ахмет;

ә/ Дадабай, Жуанқұл, Қабасақал;

б/ Дадабай, Ахмет, Қабасақал.

5. «Мен Сібірде талай қарағайды құлатып едім, мынадай нәлетті көрген емеспін». Кімнің сөзі?

а/ Жуанқұл; ә/ Дадабай; б/ Қабасақал.

V. Қорытынды. Әңгіменің «Жүз жылдық жара» аталу себебі неде?

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» дегендей, адам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Табиғатқа жасаған қастандығың –өзіңе жасаған қастандығың. Оған куә – бүгінгі әңгімемізге арқау болған Байшынар ағашының жан жарасы мен Жуанқұлдың тағдыры.

Табиғаттың арайлансын ажары,

Болмаса екен тартар оның азабы.

Табиғатқа тазалықты тарту ет,

Тарқамасын аң мен құстың базары.

Табиғат-Ананы қолымыздан келгенше аялап сақтасақ – болашағымыздың зор болғаны.

VI. Бағалау.

VII. Үй тапсырмасы: «Байшынар неге күңіренді?» тақырыбында шағын шығарма жазу.

ІЛИЯСТЫҢ «ДОМБЫРА», «КҮЙГЕ» ӨЛЕҢДЕРІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын Ілияс Жансүгірұлы өмірі жайында мағлұмат беру, «Домбыра», «Күйге» өлеңдерінің мән-мағынасын ашу; **тәрбиелік** – қазақ күй өнерін, қобыз, домбыра қасиеттерін дәріптеу, қазақтың салт-дәстүрін құрметтеу; **дамытушылық** – танымдық қызығушылығын ояту, өнерді сүйеге баулу, қабілетін дамыту.

Түрі: шығармашылық сабақ. **Әдістері:** сатылай кешенді талдау, сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, топтастыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақтадан ақын портретін, қазақтың күйшілері мен музыкалық аспаптарын көрсету.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, саз өнері.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: оқушы қатысымы, сынып тазалығы, оқушылардың сабаққа дайындығы.

Жаңа сабақ.

Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Қазақ – нағыз қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра.

Білгің келсе біздің жайды,

Содан сұра тек қана,

Одан асқан жоқ шежіре,

Одан асқан жоқ дана!

(«Жұмыр қылыш» күйі орындалады).

- Қазақтың қоңыр домбырасында қаншама күй жатыр!

«Қазақтың тарихын» күмбірлеген күймен біздің небір атақты күйшілеріміз жеткізе білген. Ал домбыра, күй тақырыбына ақындарымыз асқақтата, толғана өлеңдер жазып отырған.

Ендеше, құрметті оқушылар, сіздерге бүгін Ілияс Жансүгірұлының «Күйге», «Домбыра» өлеңдерін түсіндіретін боламыз.

Ілияс ақын туралы білімімізді толықтыру үшін аудиожазбадан тыңдаймыз. (Аудиожазбадан ақын өмірбаяны таныстырылады).

Енді тақтаға назар аударымыз (Слайд көрсетіледі).

Ілияс Жансүгірұлы

Өлең: **Проза:** **Пьеса:** **Сатира:** **Поэма:**

«Бұлбұлға»;	«Жолдастар»;	«Кек»;	«Алабие»;	«Күй»;
«Әншіге»;	«Жол ауызында»,	«Түрксіб»;	«Мт-ай»;	«Күйші»;
«Күйге».	т.б.	«Исатай- Махамбет» тамашасы»,	«Саудагер	«Дала»;
		т.б.	т.б.	«Құлагер».

Аудармасы

«Жапырақтар мен тамырлар»; «Тұтқын»; «Шойын жол»;
«Дауылпаз».

Аудиожазбадан Ілияс ақынның «Домбыра» өлеңін тыңдаймыз.

Енді өзіміз кітаптан мәнерлеп оқимыз (Бір оқушыға оқыту).

Сіздерге сұрақ: Осы өлеңде домбыраның күдіретін қандай сөздерді қолдану арқылы көрсеткен? (Оқушылар жауабын тыңдалады).

(Көмейінде күй барда, үн шыққандай жолбарыстан, қамыстағы барыстай).

Интерактивті тақтадан домбыраның бейнесі көрсетіліп тұрады.

- Балалар, енді сіздерге әдебиет теориясынан сұрақ: Градация дегеніміз не?

(Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра асқақтататын).

- «Домбыра» өлеңінен градацияны табамыз (Дәптерге жаздыру).

- Қазақтың домбырасы туралы қандай аңыз білесіңдер? (Оқушылар жауабы тыңдалады).

- Енді аудиожазбадан Ілияс ақынның «Күйге» өлеңін тыңдаймыз. Кітапқа қарай отырып, осы өлеңге қазір сатылай кешенді талдау жасаймыз.

Тақырыбы: «Күйге». Авторы: Ілияс Жансүгірұлы. Жанр түрі: поэзия, өлең. Идеясы: күй құдіретін көрсету. Шумақ саны: 2. Тармақ: 8. Бунақ: 3. Буын саны: 11. Ұйқас түрі: қара өлең (а, а, б, а).

- Қазақтың қандай күйшілерін білесіңдер? (Сүгір, Тәттімбет, Құрманғазы, Дина Нұрпейісова, т.б. (Тақтадан күйшілердің бейнесі көрсетіледі).

- Күйдің шығу тарихы туралы білесіңдер ме? Құрманғазының күйі «Балбырауын», «Қайран шешем», «Кішкентай», «Кісен ашқан», т.б. Сүгірдің күйлері «Ыңғайтөк», «Бесжорға», т.б. Нұрғиса Тілендиевтің күйі «Әлқисса». Секен Тұрысбековтың күйі «Салтанат», т.б.

Оқушы: - Құрманғазының «Балқаймақ» күйінің шығу тарихын білемін.

Құрманғазы ұзақ сапардан шөлдеп келе жатып бір қараша үйге кездеседі. Үйге кірсе бір қыз отыр екен. «Балам, шөлдеп тұрмын, сусының бар ма?»- дейді. Қыз: «Ата, үйге кіріңіз, шәй берейін», - дейді. Құрманғазы төрге шығып, шәй ішіп демалады. Қызға алғыс ретінде бір күй тартып береді. Қыз

ұйып тындап: «Ата, сіз кімсіз, бұл күй қалай аталады?»»- дейді. Құрманғазы «Бұл күйді саған арнадым. Шөлдегенде берген шәйің маған балқаймақтай болды. Күйдің аты: «Балқаймақ»,- депті.

- Қазір Сүгір күйші туралы **аңыз-қойылымды** назарларыңызға ұсынамыз.

Абыз ақсақалдың батасын алған Сүгір туралы кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов «Созақтан бір Тәттімбет таптым, төгіліп тұр, көктен іздегенім жерден табылды» деген екен.

Біздің бүгінгі сабағымыз күй өнерімен тығыз байланысты болғандықтан Сүгірдің шәкірті Ергентай Борсабаевтың орындауындағы Сүгірдің күйі «Қаратаудың шертпесін» тындаймыз.

Оған дейін сыныбымыздың ақындары Бақдәулет пен Ақеркеге келген қонақтардан бір-бір тақырып сұраймыз. Соған олар өлең жаза береді (Үнтаспадан «Қаратаудың шертпесі» естіле береді. Слайдта қазақ күйшілерінің суреті көрсетіліп тұрады).

-Балалар, енді аудандық Ілияс оқуының I орын жүлдегері Өскен Сүгірбаевты шақырып отырмыз. (Өскен сөз сөйлеп, «Домбыра» өлеңін жатқа айтады).

- Домбырадан күй төгілсе қарт егілер, сәби жұбанар, жүрек қуанар.

(Бұдан соң тақырып алған Бақдәулет пен Ақерке өлеңдерін оқиды).

- Оқушылар, сіздер домбырадан басқа тағы қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер? (Қобыз, шаңқобыз, дабыл, даңғыра, жетіген, дауылпаз, асатаяқ, шертер, т.б.).

- Күйші Сүгір 15 жасында Ықылас күйшімен кездесіп, оған шәкірт болған екен. Ықыластың күйі «Жезкиікті» ұлттық аспап – қобыздан Ләйланың орындауында тындасақ...

«Білімімізді тексерейік» ойыны. («Біліміңді тексер», слайд көрсетіледі).

Оқушылар сұрақтарды таңдап жауап беріп жатады...

- Енді үй тапсырмасы бойынша Ілиястың «Анам тілі» өлеңін жатқа айтамыз.

Әр оқушы бір-бір шумағын ғана айтады.

Ілияс ақынға шығарған өз өлеңіммен сабақты қорытындылаймын.

Үйге тапсырма: «Күйге», «Домбыра» өлеңдері; күй тарихы туралы мәлімет жинау.



Майжан МАСАТОВА,
Жаңаөзен қаласындағы
№15 орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН. «БАЛА ШОҚАН»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: әңгіме мазмұнына талдау жасай отырып Шоқанның адами келбетін ашу; **білімділік** – сатылай кешенді талдау арқылы әдеби теориялық білімдерін жетілдіру; **дамытушылық** – тың мәліметтер бере отырып пәнге деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, тілін, ойын дамыту; **тәрбиелік** – адамгершілікке, қайырымдылыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Шоқан Уәлиханов суреті, сатылай кешенді талдау сызбасы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: амандасу; сынып тазалығын тексеру;

сынып журналына белгі қою; оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасы ұяшықтар арқылы сұралады:

1. Ғабит Мүсіреповтың «Жаңа достар» шығармасы қай романнан үзінді? 2. Шығармадағы басты кейіпкер кім? 3. Қайроштың достары кім? 4. Шеген өзінің үш өсиетін қалай аяқтады?

III. Жаңа сабақ. Сапарғали Бегалиннің өмірі, шығармашылығымен таныстырамын.

Жазушы өзінің естелігінде былай дейді... (Оқулықтағы естелігі туралы айтылады).

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Бала Шоқан».

Бүгінгі сабақты мынадай дәйексөзбен бастағым келіп тұр.

«Өзінің орыс жолдастарынан басып озып, Шоқан тез жетілді... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқуға түспей тұрып-ақ сурет сала білетін. Шоқан өз замандастарымен қатар ғұмыр кешті, олармен өз жан сырын бөлісті, бірақ та болашақтағы адамдардың тағдырына қызықты» (Н.Потанин).

Ойқозғау.

- Шоқан кім? Ол туралы не білесіңдер?

- Бастауыш сыныпта Шоқан жайында қандай шығармалар оқыдыңдар?

Оқулықпен жұмыс. Әр қатарға оқулықтан тапсырмалар беріледі. (Мәтін ішінен түсініксіз сөздерді табу).

Сөздік жұмысы. *Күзек* – күзгі жайылым. *Тұғыр* – қолға үйретілген саят құстың қонақтайтын орыны. *Пәуеске* – төбесін, сыртын былғарымен жапқан күймелі арба.

Қотан – мал қамалатын аумақ. *Қыстау* – қысқы мекен. *Арлан* – қасқырдың аталығы.

Қаршығаның аяқбауы – қаршығаны қолға қондыру үшін аяғына байланған жіп. *Құнан (жылқы)* – тайдан кейінгі, екі жастан үшке қараған жылқы атауы.

Аға сұлтан – ел басқарушы.

Кім? Қайда? Қашан? (Шығармадан үзінді беріледі, оқушылар кімнің, қашан айтқанын табады).

I бөлім бойынша:

- Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықтарды кім істеді?
- Жоқ, мен құс істеймін.


II бөлім бойынша:

- Ә, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы.
- Жоқ, мен айттым ғой келемін деп, неге келмеймін. Уәде етпеу керек, уәде еттің – орында.

III бөлім бойынша:

- Ә, Шоқанжан, осы баланы өзіңе дос қылып алдың ғой. Жарайды, көңілің түскен екен, алсын.
- Біздің ауыл қыстауға көшеді. Сен осында қаласың ғой, енді аман бол!

Мұғалімнің сөзі. Көркемөнер туралы.



Ойтүйін. Өнердің қай түрін ұнатасындар? Болашақта кім болуды армандайсындар? (Өздерінің ойын жазады)

IV. Жаңа сабақты бекіту. Ойлан, тап:

1. Шоқан мен Мысық қай жерде кездесті?
2. Шоқан Мысықты қайда ертіп келді?
3. Шоқанның үй-іші Мысықты қалай қарсы алды?
4. Мысық нені ермек ететін еді?


5. Шоқан Мысықтың өнерін қалай бағалады?

6. Шоқанның бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар?

7. Шоқан қандай бала?

V. Жаңа сабақты қорыту. Балалар, сендер Шоқан Уәлиханов туралы қандай кино көрдіңдер? (Оқушылардың ойы тыңдалады).

Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі арқылы Шоқанды кім деп білдік?



Потанин Шоқанды «Еуропаға ашқан терезеге», Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдызға» теңеген.

Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Еліңе жаның ашыса, еліңнің ұлы болсаң ерінбей еңбек ет. Елдің, жердің иесі – сіздерсіздер! Бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңі! Сіздерге үлкен сенім артамын.

...Мол бақыт күтем, жас ұрпақ,

Сенен жасырман.

Басқаны қайдам?!

Ұлылық күтем өз басым

Басталған мынау бәйтерек жаңа ғасырдан! –
деп үкілі үмітпен сіздерге сенім артамын.

VI. Үйге тапсырма: бөлімдерге ат қою; «Мен таныған Шоқан» тақырыбында ойтолғау.

ЖАСЫРЫН ТҰЛҒАДАҒЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ

Жалпы тіл білімінде нөлдік форма деген термин жиі қолданылады. Мұндай нөлдік формаларға атау септігі, жай шырай, негізгі етіс, зат есімнің жекеше түрі жатқызылып жүр.

Нөлдік форма жөнінде Б.А.Серебрянниковтың пікірі өте орынды: «Сторонники гипотезы о наличии нулевой морфемы будут вне всякого сомнения утверждать, что отсутствие формативы в современном языковом сознании было использовано как средство противопоставления другим формам и следовательно, превратилось в своеобразную форму нулевой морфемой. На это мы можем возразить, что использование чистого корня для противопоставления не означает превращения его в форму, так как каждая нормальная форма должна иметь вполне осязаемое материальное средство выражения» (Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление. М., «Наука», 1988, 89-б.).

Түркі тілдерінде нөлдік форма бүтіндей жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ оны түбір сөзден айыра білу керек. Қазақ тілінде ілік септіктерінің жалғаусыз түрлері және бұйрық рай формасының екінші жақ жекеше түрі нөлдік грамматикалық формаға жатады. Грамматикалық нөлдік формалардың грамматикалық сипаты сөйлем ішінде, сөз тіркесі құрамында белгілі болады. Мысалы, *адамның баласы, адам баласы* немесе *ыдысты алдым, ыдыс алдым* деген тіркестерде

лік септігі мен табыс септігі бірінде морфемалы, бірінде морфемасыз нөлдік формада қолданылып тұр.

Қазақ тіл білімінде нөлдік морфемалардың тілдік бірлік ретінде танылуы, зерттеле бастауы ХХ ғасырдың 70-жылдарынан (Ы.Маманов, С.Исаев, Н.Оралбаева) басталған еді. Қазақ тіліндегі нөлдік морфема, форма туралы ғылыми әдебиеттерде бірнеше мақалалар жарық көргенімен, арнайы ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеу еңбегінің нысаны болған жоқ.

Нөлдік морфема тілде кейбір жағдайда, кездейсоқ қолданылып қалатын құбылыс емес. Нөлдік морфема құрылымдық грамматикада виртуалдық бірлік, сөзжасам жүйесінде номинативтік бірлік, қолданбалы грамматикада коммуникативтік бірлік ретінде тілде көлемді орын алады. Олардың өзіндік қолданылу заңдылықтары қалыптасқан. Олар – кез келген жағдайда қолданыла бермейтін өзіндік функционалдық жұмсалымы мен семантикалық құрылымы бар тілдік бірліктер. Нөлдік морфемалардың грамматикалық құрылымда, тілдік жүйеде, сөзжасамда тұрақталған белгілі орыны, атқаратын қызметі бар. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебе алуына орай көптеген ғылым салаларының терминдерін жасауда нөлдік морфема да – өнімді қызмет етіп келе жатқан тілдік бірлік.

Грамматикалық категория қосымшаларының қолданыстағы нөлдік морфема варианттары барын ғалымдар ерте аңғарған, бірақ олардың ғылыми статусы айқындалмағандықтан *септіктердің тасалануы, жасырын түрі, тәуелдік, көптік жалғаулардың түсіп қалуы* сияқты әр түрлі аталып келді. Мағына бар жердің бәрінде ол мағынаны білдіретін тілдік бірлік болатыны – ғылымда танылған, дәлелденген мәселе. Ғалымдар түсіп қалған категория көрсеткішінің мағынасы сақталып отыратынын байқаған. Грамматикалық категория қосымшасының қолданыста кейде түсіп қалғанымен, мағынасының сақталуы аталған

тілдік құбылыстың сырын ашу қажеттігін көрсетті.

Грамматикалық септіктердің нөлдік морфемалары мен нөлдік формаларының біреуі ғана тұрақты да, қалған екеуі – ауыспалы нөлдік морфемалы септіктер. Атап айтсақ, атау септігінің нөлдік морфемасы тұрақты, ал ілік пен табыс септіктерінің нөлдік морфемасы – ауыспалы. Сонымен, атау септік – тұрақты нөлдік морфемалы, тұрақты нөлдік тұлғалы септік. Ал ілік, табыс септіктері - ауыспалы нөлдік морфемалы, ауыспалы нөлдік тұлғалы септіктер.

Атау септіктің нөлдік морфемасының ғылымда танылуы өте ерте болғанына дәлел ретінде Бодуэн де Куртенэ атау септігіндегі сөз екі морфемадан тұрады деп оны нақтылы көрсеткен: 1) түбір сөз, 2) нөлдік морфема.

Атау септігі үнемі нөлдік тұлғада қолданылады, ол мағынасы жағынан сөйлемдегі субъектіні білдіреді, синтаксистік қызметі жағынан сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Басқа септіктердің нөлдік тұлғасының атау септігіне қатысы жоқ. Басқа септіктердің әрі жалғаулары бар, әрі нөлдік морфемасы бар, әр септіктің қосымшалы тұлғасы да, нөлдік тұлғасы да бір мағынаны білдіреді. Демек, олардың мағынасы атау септігінің мағынасынан бөлек.

Қазақ грамматикасындағы айырықша бір мәселе – ілік, табыс септіктерінің «ашық» және «жасырын» келуі. Бұл септіктердің сөзге жалғануы мен жалғанбауы тілдік факт ретінде зерттеушілер назарына бұрыннан-ақ ілінген болатын. Бірақ әлгідей құбылыстың ғылыми-лингвистикалық интерпретациясы жеткіліксіздеу көрінетін. Аталмыш септіктердің сөзге арнайы жалғанбаса да, оларды ойша жалғап айтуға болатыны әдістемелік талдауларда көрсетілген. Ілік, табыс септіктерінің қандай жағдайда (позицияда) түсірілмей, қандай жағдайда түсіріліп айтылатынын зерттеушілер констатация (фактіні анықтау) түрінде көрсеткен болатын.

Қазақ тілінің морфологиялық табиғатын тануда Ыбырайым Маманов тілдің өзіне тән ішкі табиғатына табан тірейтін қағидатты қатаң ұстануды талап етті. Бұл жерде ғалымның тілдің өзіне тән ішкі табиғаты деп отырғаны қазақ тілінің жалғамалы қасиетімен байланысты мына тәрізді ерекшеліктері: *түбір мен қосымша шегінің айқын болуы; әрбір қосымшаның өзіне тән мағынасы; олардың орын тәртібінің болуы, грамматикалық мағынаның міндетті түрде грамматикалық форма арқылы берілуі; грамматикалық мағына болу үшін оның міндетті түрде грамматикалық формасы болуға тиіс екені; сөзжасамдық қосымшалардың талғампаздық қасиетінің болуы, форма-жасамдық қосымшалардың грамматикалық абстракция жасау қабілетінің болуы, яғни, белгілі бір сөздер тобына жаппай жалғану қасиеті*, т.б.

Белгісіздік мәнін білдіретін морфологиялық құралдар белгілілік мәнін білдіретін морфологиялық құралдармен тікелей байланысты. Белгілілік және белгісіздік мәндері өзара оппозиция түзетіндіктен бұл мәндерді бір-бірінсіз, оқшау талдау мүмкін емес. Себебі олардың табиғаты, өзіндік ерекшеліктері бір-бірімен салыстыра сөз еткен жағдайда ғана анық көрінеді. Септік тұлғаларының түсірілуі үнемдеу заңына, сөздің айқындылығына, белгілі нәрсенің айтылмай түсіріліп қалуына, актуалсыздану құбылысына, десемантизация құбылыстарына байланысты. Қазақ тіл білімінде септік тұлғаларының түсіп қалуын, яғни, нөлдік морфема мәселесін арнайы зерттеген ғалым А.Омарова жалпы мағыналы нысан нақты мағынаға көшсе, ол нысанды қосымшалы табыс септігі білдіретінін (мысалы, *мына кітапты оқы, ертеңгі сабақты дайында, биыл егінді ерте сал, ана егінді ор, мына пианиноны тарт...*), бұл нысанның жалпылық мәнінен жекелік мәнге көшуімен байланысты екенін айта келіп: «Деректі зат атаулары қимылдың объектісі қызметінде нөлдік тұлғада қолданылатыны анықталды. Объектінің

келешек мағынасында дерексіз мәнді зат есімдер табыс септігінің ауыспалы нөлдік морфемасымен, нөлдік тұлғада қолданылады. Мысалы, *үміт білдір, ақыл бер, жәрдем көрсет, айла жаса, тілек тіле, үлгі көрсет, тәрбие бер, наз айт, қызық көр, салмақ сал, жауап бер, ырыс бақ...»* (Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. Филол. ғыл. док. дисс... А., 2006) дейді.

Сонымен, белгісіздік мәні бірнеше морфологиялық тәсілдермен көрініс табады.

а) Ілік септігі аффиксінің түсіп қалуы арқылы:

Бірақ олар мені әуейі боп кеттің деп, кейде жаратпайды, кейде мен құс алдырып, аң атып келгенде мақтанып та қояды. Өйткені мен азайын дауына, ру намысына қызбай да жүрген жерім жоқ. Төбелес болса жасаққа шығамын, қыз қаиқан, қатын кеткен топтардан қалмаймын (Ж.Аймауытов. Шығ. 152-бет).

Сол сөзді бітірген кезде тағы үш орыс келді. Олардың басын сілкіуінен, қол сермесінен Ақбілек: «Бір жаққа барайық, жабылып масқаралайық, атып өлтірейік» деп тұр ғой деп түсінді. Қара мұрт оларға ашуланып, көзін тікірейтіп тістене ежірейіп сөйлеп еді, беттері қайтқандай алақандарын жайып, мойындарын қылқың еткізді (Шығ. 176-177-б.)

ә) Табыс септік жалғауының түсіп қалуы арқылы:

Ашылмаған қауын, жарылмаған жұмыртқа іздейтін баяғы бейбітшілік шағымыз бар ма? Елдің не қымбаты, не асылы құрбан болмай жатыр? – деп Бекболат жолдасын дәлелмен жеңбек болды (Шығ. 1-том, 234-бет).

Кешке таман қанжығаларына қатарлап қаз, үйрек байланып, бедеу мініп, қаршыға ұстаған күйеулері келе жатқанда Ақбілек ақ отаудың жанында қарап тұрады... (Шығ. 1-том, 234-бет). Маған жолықпай ма? – деді де: - Жоқ, жоқ, болмайды екен, - деп өзін-өзі тоқтатты. Ақберген бір түрлі жылы көрініп кетті; өйткені ол жарынан хат әкелді

ғой. Көргісі келсе де, басы қаралы екенін, жолығу жеңілдік болатынын ойлады: - Енді қайтеміз? – деді (Шығ. 1-том, 314-бет).

Мұндай қолданыстар, белгісіздік мәнін білдірумен қатар, ойды қысқа айтуға да қызмет етеді. Ол сөйлеуде, оқуда уақытты үнемдейді, жазуда орынды үнемдейді және түсінуді жеңілдетеді. Тілдің дамуында да ол заңдылық үлкен қызмет атқарған. Міне, тілдің тарихи дамуында да, тілдің күнделікті қолданысында да үлкен қызмет атқаратынын ықшамдау заңдылығының талабына сай табыс септігінің нөлдік тұлғасы қызмет етеді. Бұл, екінші жағынан, стильге де байланысты, өйткені ол сөйлеуге көркемдік мәнерлілік беріп, түсінуді жеңілдетеді. Демек, табыс септігінің нөлдік тұлғасының стильдік қызметі де бар» (А.Омарова. Аталмыш еңбек).



Нұрша ОРАЗАХЫНОВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
профессоры, п.ғ.д.

“САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ” ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕГІ – АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

“Сатылай кешенді талдау” технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, білім алушының жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық

қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі. «Сатылай кешенді талдау» технологиясының бұл көрсетілген тұжырымдарға келуі – өзінің тірек етіп алған ұлттық психологиямызға, менталитетімізге сай алаш қайраткерлерінің білім саласына қалдырған мол мұраларын бүгінгі білім жүйесінде басшылыққа алуы, олардың идеяларын мұғалімдер қауымының тәжірибесіне енгізуі. Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы оқытуды дыбысқа жаттықтырудан бастау қажеттілігіне былайша тұжырым жасайды: «...Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол – дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де – істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы (Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1991, 434-бет).

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының бастау көзі – фонетикалық бірліктерді сатылап кешенді талдай отырып, әр дыбыстың өзіндік ерекшелігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын зерделеп меңгеру, олардың өзіндік табиғатын зерттеп ұғыну. Дыбыспен жаттықтыруды екі жолмен жүргіземіз: бірінші, сөзсазындық (фонологиялық) талдау, екіншісі, дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Осы тұрғыда Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбияшы баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген пікіріне сүйене отырып, балаға білім берумен қатар адамгершілік, азаматтық

жауапкершілікті бойына сіңізуді мақсат етеді.

Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі: оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытовтың «Айқын қылып оқыту мен сатылып біртегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім біржола күреп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін нәрсе. «Оқу инемен құдық қазғандай» деген мақалды еске түсіру керек. Жаңадан берілетін әсер, суреттеу, ұғым бұрынғы алған суреттеуге, ұғымға байланбаса баланың миына берік қонбайды. Сондықтан оқуда біртегіс өрлейтін саты болу керек. Әрбір тыңнан берілетін білім бұрынғы білгеннің жалғауы, келесі білімнің бастаушысы сияқты болғаны тиіс. Сатылап оқытудың ескеретін екі жағы бар, бірі – шәкірттің шама-шарқымен септесу, екіншісі – оқу мағлұматтарының дұрыс қолдану. Оқытушының шеберлігі – ойына келген нәрсені білдіру емес, ау-жайына, жасына, біліміне, күшіне қарап сабақ беру. Сондықтан сауаты ашылған ересек балаға берілетін сабақ пен жаңа оқыған жас балаға берілетін сабақ басқаша болуға тиіс» деген пікірі басшылыққа алынады (5 т.шығ.жин. 4-том. А., «Ғылым», 1998, 319-бет).

Әдіскер ғалымның осы тұжырымын жүзеге асыруда «Сатылай кешенді талдау» технологиясының төмендегі он деңгейі толық жауап бере алады деген пікірдеміз.

I деңгей. Сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады. Тіл білімінің әр саласынан өтілген материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады. Сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге үйренеді. Өзі талдап тұрған сөздің құрамын, құрылысын, буынын, дыбыстардың өзіндік ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына,

мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді. Тыңдаушы оқушылар да назар қойып, жолдасының жауабын мұқият тыңдауға дағдыланады.

II деңгей. Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдау.

Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдауда айтылым → тыңдалым → жазылым түрінде жүзеге асады.

Тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын алғы шарттар:

1. Тыңдауға ұсынылатын мәтінде әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болу керек.
2. Үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілуі қажет.
3. Тілді жақсы үйрену үшін тыңдалым бірінші сабақтан бастап үздіксіз жүргізілуі тиіс.
4. Оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілгені жөн.
5. Тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынған дұрыс.

III деңгей. Тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдау ұстанымымен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау. Бұл деңгейде де тілдік қатынастың айтылым, жазылым, тыңдалым әрекеттері қатар іске асады. Бұл талдау күрделілігімен ерекшеленеді. Мұнда бірнеше сөз немесе сөйлем алынып, әр саты бойынша ұқсас ұғымдар жинақталып, талдау арқылы дәлелдеме жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ талдаудың бұл деңгейіндегі көзделетін мақсат – оқушыларды ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесін байыту.

IV деңгей. Тілдік бірліктерді жазылым бойынша рәміздер арқылы ықшамдау ұстанымымен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық талдау. Оқушылардың алдыңғы

меңгерген білім-білік, дағдыларын жинақтап, сауатты әңгіме әдісі қолданылады. Әңгіме әдісі туралы ғалым Т.А.Ильина былай дейді: «Әңгіме дегеніміз – бұл оқытудың сұрақ-жауап әдісі. Ол оқу үдерісінің барлық буындарында қолданылады».

V деңгей. Диалог арқылы талдау. Бесінші деңгейдегі талдау үлгілері көбінесе ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі жалғастырып кетуге машықтанады. Мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі.

VI деңгей. Жат жазу. Оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы а) теориялық білімді меңгеру деңгейін, ә) талдауды сауатты жүргізу машығын, б) орфографиялық сауаттылығын, в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын байқаймыз, қорытынды шығарамыз, келесі сабақтарда қатемен жұмыс жасалады.

Осы арқылы мұғалім әр оқушының тілдік материалдарды талдау деңгейін анықтайды. Ең бастысы: келесі уақытқа талдау деңгейіне берік негіз қаланады, өйткені уақытқа талдаудың негізгі қағидаларының бірі – сауатты талдау. Тәжірибе барысында уақытқа талдаудың төмендегідей жүйесі анықталды.

VII деңгей. Уақытқа талдау: а) өте жылдам (3 минут), ә) жылдам (5 минут), б) баяу (7 минут).

Бұл тұста да халқымыздың біртуар азаматы Жүсіпбек Аймауытовтың дидактикалық ұстанымдарына жүгінеміз: “Оқыту жігерлі болсын, бала оқытқанда жігерсіз, жосық жұмыстан татымды береке шықпайды. Әсіресе бала оқыту жұмысы ширақ, жігерлі, қызу болғаны дұрыс. Оқыту баланың ішін пыстырмаса, тез қажытпаса оқушы жұмысты ынтамен істесе, оқытудың ширақ болғандығы. Мұғалімнің, басқасын кешуге болса да, баланы болжырап, еңсесі түсіп оқытқанын кешуге болмайды. Жігерлі болу – мұғалімнің сүйегіне

біткен сипаты. Мұғалімнің есінде болатын нәрсе: өтінумен, жалынумен яки күшпен баланың мінезін тәрбиелеу мүмкін емес. Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлікпалы арқасында ғана жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуаттарын жетілтіп, тәрбие де бере алмайды”

VIII деңгей. Компьютерлік талдау.

Қазіргі ақпараттық қоғам барлық типті оқу орындарының, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептер алдына мынадай міндеттерін қояды: қажетті білімді өз бетінше ала отырып, туындаған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануы, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделуі; дербес сыни тұрғыда ойлай білу, пайда болған мәселелерді көре білу және жаңа технологияларды пайдалана отырып оларды шешудің тиімді жолдарын табу, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білуі; ақпараттармен сауатты жұмыс істей білуі (ақпараттарды іздеу, өңдеу, ой елегінен өткізу, қолдану, сақтау және тарату); әр түрлі әлеуметтік топтарда тез тіл табыса алатындай болуға, кез келген жанжалды жағдайларды болдырмауы немесе мұндай жағдайлардан шыға білуі; өз адамгершілік қасиеттерін, зердесін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмысқа қабілетті бітірушілерді дайындау.

IX деңгей. Ашық тест. Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест – белгілі бір деңгейдегі әрекетті орындауға арналған тапсырмалар жүйесі. Тест жұмысы оқушылардың игерген білімін тексеру мен бағалау, танымдық әрекетін, ізденімпаздық деңгейін, оқу әрекетіндегі әдістер мен тәсілдердің тиімділігін анықтау жолы ретінде қарастырылады.

1. Тест мұғалім өткен материалды оқушылардың толық меңгергендігіне көз жеткізген кезде өткізіледі. Егер тақырыпты немесе бағдарлама бөлімін толық игермеген болса, онда бақылау жұмысын алмай, оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастырып бағыт-бағдар беру керек. 2. Оқушыларға тест болардан бір-екі апта бұрын хабарлап, соған байланысты дайындық жүргізіледі. Сонымен қатар оқушының тестке дайындық дәрежесін анықтау үшін алдын ала тексеру жұмысын өткізген пайдалы. 3. Тест өтілген материалдың негізгі мазмұнын қамтып, берілген сұрақтар олардан тапқырлық пен шығармашылық талап ететіндей болғаны өте маңызды. 4. Тест өткізу барысында оқушылардың өз бетінше орындауын қадағалап, бір-біріне көмектесуге жол бермеу керек. 5. Тест аптаның бірінші бөлігінде және екінші, үшінші сабақтарда өткізіледі. Аптаның соңғы күндері немесе соңғы сабақтарда өткізу дұрыс емес, себебі оқушылардың сабақ соңында шаршауы тестің төмен нәтиже көрсетуіне әкеліп соғады. 6. Мұғалім тесті сол өткізген мезетте тексеріп, оған дұрыс баға беруі керек, оқушылардың жіберген қателерін жинақтап, келесі жұмыстарда ол қателердің қайталанбау жолдарын қарастырады.

Хдеңгей. Шығармашылық жұмыс. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығын өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі.

Адамның өз болмысын тануына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

АБАЙ САТИРАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БІТІМІ

Абай – өзі өмір сүрген дәуірдің дерті болған әлеуметтік мәселелерді кеңінен толғап, сынап, мінеп-шенеген реалист ақын. Ұлы ақын сатиралық, юморлық тақырыптарды байыта қолданып, қазақтың сатира саласын жаңа белеске көтерді. Оның сатирасы заманы мен өз ортасының кемшіліктерін әшкерелеп, халқының бойындағы келеңсіз, жағымсыз қасиеттерді сынға ала келемеждеп, тек қара басының ғана қамын күйттейтін, тер төкпей ел үстінен күн көретін қу мен сұмдарды, елге қайырымсыз алаяқтарды, мақтанға салынып таққа таласқан атқамінерлерді әжуалап, күлкі етіп, надандық түнегіне үкім, ескіге аяусыз сын айтып, «елдікке» қарсы, ел тыныштығын бұзар қаскөй озбыр топқа (патша өкіметі билеп отырған жүйеге) қарсы күрестің құралы болды. Ол заманының ашкөз пиғылын «ызалы күлкімен » суреттеп отырды.

Ақын өз кезіндегі ел билеу жүйесінің берекесіздігін, би-болыс, әкім, ұлықтардың сұм-сұрқия іс-амалдарын өзінің уытты сықақ өлеңдерінде сөз етті.

Ел мазағына, заман мазағына айналған қуыс кеуде, құлқын құмар болыстың келеңсіз амал-істері адам бойында жиреніш тудырып, одан түңілтері анық.

*«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап», -*

деген шумақта (Абай. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1976, 62-б.) екіжүзді болыстың ұлықтар алдында құрдай жорғалап, «кұлдық ұрып» шыбындап бас иетін бейшара бейнесі, қарапайым халыққа сес көрсетіп, оларды жүре тыңдап, сыздап қалатын ұятсыздығын ащы улы сарказммен мойындатқан. Сарказм негізінде мысқылдайын дегенін ашықтан-ашық өткір, улы шенейді. Жай әзіл, әжуа, күлкі емес, ызалы, кекті күлкі.

*«...Сияздан соң елімді
Қысып алып кетпеймін.
...Мынау елді ұстарлық
Кісі емесін, кел құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңкәр?»-*

деп (64-б.) неше алуан маскара шындықтарын өз тілімен айтқызып, мысқыл эпитеттерін, салыстыру шенеулерін өткір пайдаланып, ұзақ монолог ретінде мінез-құлқын, бет-бейнесін көзге елестетеді [64-б.], сатиралық образын жасайды. Орыстың классикалық әдебиетінде жағымсыз жайттарды осы әдіс арқылы әшкерелеген. Абай орыс сатириктерінің осындай тиімді әдістерін өз бойына сіңіріп, шығармаларында мінез-құлық, ішкі сыр-сипатын ашу үшін диалог, монолог арқылы мінездеудің тамаша үлгілерін жасаған.

Ақын ұлықтардан шен алып, шекпен жамылғанын мақтан тұтқан, ар-ұяттан жүрдай оспадар, еңбек адамы момындарға бүлік салар, еліне сатқындық жасайтын опасыз болыстарға ел билетіп, өз қулық-сұмдық саясатын жүргізген ұлықтарды ащы сатирамен әшкерелеген.

*«Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға,*

Шелтірейтін орысың

Шенді шекпен жапқанға...

Оқалы тон бола ма

Ар-ұятын сатқанға»,–

деп (67-б.) ар-ұятын оқалы тонға сатқан құлқынқұмарлардың жексұрындығын сықақ ете, ызамен аяусыз түйреп отырды.

«Құйрығы – шаян, беті – адам,

Байқамай сенбе құрбыға.

Жылмаңы – сыртта, іші – арам,

Кез болар қайда сорлыға,–

деп (112-б.) адамды алдап тұратын екіжүзділерді әшкерелеп әрі олардан сақтандыра, ақыл-кеңес бере отырып, дидактикалық сатира жасаған.

Көркемдік, сыншылдық, мысқыл, суретшілік жағына аса мән берген ақын болыс атаулының бәріне ортақ шындықты сатира, юмормен танытады. «Күлембайға» өлеңінде болыстың психологиялық портретін шебер суреттеген.

Ұлы ақын ел ішіндегі әлеуметтік дерттің иелерінің келеңсіз іс-амалдары мен оспадар қылықтары, жиіркенішті кескіні мен жағымсыз мінездерін, ел берекесін кетіретін бүлікшілердің жауыздығын бір адамның атынан жиынтық бейнесін жасап сипаттаған. Мәселен, «Көжекбайға» деген өлеңінде «елдікке» бөгет болар қылықтарды шенеп, мысқылға айналдырып, дерт иелерінің алуан портретін, сатиралық образын сомдаған. Көжекбайдың жемтіктесі, тірегі, азғындықтың ұясы кімдер екенін де, пәле басы патшалық жемтігінің құрылысы екенін де шебер мысқылмен әшкерелейді. Ел ішіндегі кертартпа әрекеттерге, өмірдегі зиянды істерге қарсы сатира, юморды қолданған ақын жеке бастың мін-кінәсін шенеу арқылы қоғамдық, әлеуметтік мінді сынайды. Өлеңде ішкі-сыртқы болмысын жайып салу

арқылы, замандастарын, келешек ұрпақтарын ондай жаман қылықтардан арылту, жаманнан жирендіру идеясы жатыр.

«Бойы бұлғаң,

Сөзі жылмаң

Кімді көрсем, мен содан

Бетті бастым,

Қатты састым,

Тұра қаптым жалма-жан.

...Ел қағынды,

Мал сабылды,

Ұрлық, өтірік гу де гу.

Байы – баспақ,

Биі саспақ,

Әулекі аспақ сыпыра қу.

...Су жұғар ма,

Сөз ұғар ма

Сыпыра жылмаң желбуаз?» –

деп (129, 130-б.) көрген, сезгендеріне сатиралық қарсылығын өрнектеп, жұрт алдында масқара мазаққа айналдыра, көпті олардан түңілте сатиралық шолулар жасаған. Халқының келешегіне кедергі болатын жексұрын адамдар бейнесін елестете суреттеу арқылы олардан безерлік әсер қалдырады.

«Жылуы жоқ бойының,

Жылмиғаны неткені?

Құбылуы ойының

Кетпей құйтың еткені».

Зейнолла Қабдолов «Әзіл келемежге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе – сарказм болғаны» деген. Олай болса сарказммен жазылған бұл сатиралық өлеңде сырты жылтыр мақтаншақ, құбылып тұратын тұрақсыз, пайымсыз, екіжүзді, парақор Дүтбай болыстың ішкі сыр-сипатын, сезім өзгерістерін айқын

көрсеткен. Елдің сорына біткен қу мен сұмның жексұрын,
жиіркенішті кескінін:

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсе қызар жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған мінейді»* –

деп бейнелейді.

Абай «Малды достың мұңы жоқ» өлеңінде байлардың
ынсапсыз, мал құмар кескінін:

*«Мал жияды мақтанып білдірмекке,
Көзге шұқып малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа өзгені «ит» деп ойлар,
Сорпа сумен, сүйекпен сүйдірмекке»,* –

деп (151-б.) тойымсыз, қомағай, топастығын, ақылының
саяздығын бейнелеп, байлар туралы жиіркенішті ойларын
өрбітіп, ызалы сынға жол ашады.

Өз халқының жағымсыз мінез-құлқы мен зиянды
әрекеттерін, сол дәуірдің дертін дөп басып танып талдаудағы
көрегендігі мен тереңдігі Абайды нағыз сыншы, сатирик
атандырған. Абай сатирасының нысаны өз заманының
шындығынан туындады, өз кезеңінің өткір мәселелерін
қозғады.

Сатира – халқын сүйген, оның болашағына алаңдаған
әлеуметшіл ақынның жамандықпен, жағымсыздықпен күрес
құралы, өткір қаруы. Ақын «ызалы жүрек, долы қолмен»
сатираға әдейі бетбұрыс жасайды, оған қажеттілік себеп
болады.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ СИНОНИМДІК КӨП МАҒЫНАЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазақ жазба әдеби тілінің әр дәуірдегі ерекшеліктерін, дамуын тануда жеке ақын-жазушылардың шығармаларының стилін, тілін зерттеудің маңызы зор.

Ілияс Жансүгірұлы фразеологиялық синонимдерді лексикалық синонимдер тәрізді белгілі бір ақиқат шындықты білдіру үшін көріктеуде дәнекер етіп жұмсайды. Солай бола тұрса да, ақын бұларды бір-бірінен мағыналық ренкі, стильдік бояуы, грамматикалық сипаты жағынан және қолданылу аясы жағынан да түрліше ерекшелендіреді. Автор синонимдерді үш түрлі жолмен қолданған (бұл жіктеу поэзиялық, прозалық туындыларында):

1) фразеологизмдердің синонимдік қатарда жұмсалуды;
2) лексикалық бірлік пен фразеологизмдердің синонимдік қатар құруы; 3) фразеологизмдердің плеонастикалық тізбек құруы.

Енді осы ерекшеліктерді жеке-жеке мысал келтіре отырып түсіндірейік.

Фразеологизмдердің синонимдік қатарда жұмсалуды.

Қырғидай тию → қасқырдай шабу – шабуылдау, жаулап алу мағынасында.

Қырғи тиген торғайша

Ойда, қырда, тау, таста,

Қасқыр шапқан көп қойша

Қырғыз, қазақ қырылды («Дала»).

Бақан тіресу → ит тартыс – келіспеушілік, талас-тартыс мағынасында.

Құрылтайдың шарына

Бақан тірес, ит тартыс,

Көп список партия,

Әзір қымыз, әзір ет («Дала»).

Құлан иек → құлқын сәр – таңның атуы

Шырт ұйқыда жатқанда

Шырылдады торғайым.

Ұйқыны ашты, оятты.

Құлан иек, құлқын сәр

Құрылып торғын шымылдық («Күн шыққанда»).

Салы суға кету → иіні түсу – көңілсіздік белең алу мағынасында.

Бектастардың *салы суға кетіп, иіні түсіп*, бірінен бірі көріп, шулап қайтып барады («Алдандық»).

Лексикалық бірлік пен фразеологизмдердің синонимдік қатар құруы.

Өртену → жүрек жану – жүрегі елжіреу мағынасында.

Тарта бер домбыраңды, жаным күйшім,

Татымас бір өзіңе барлық Үйсін.

Балбырат, әсіресе, бал күйді тарт,

Өртеніп, жүрек жанып, бауыр күйсін (Күйші).

Кет былай (еркін тіркес) → **табаныңды жалтырат** (тұрақты тіркес) – тайып тұр, кетіп қал мағынасында.

- Алексей, **кет былай**, мінбеден!..

Табаныңды жалтырат! («Жарыс»).

Фразеологизмдердің плеонастикалық тізбек құруы.

Қаны қашу → бозару → тілсіз → үнсіз → қимылсыз – қаны қаша, бозара.

Тілсіз, үнсіз, қимылсыз,

Қызға күйіп қызара

Сұр, самарқау атты таң («Дала»).

Кебеже қарын → кең құрсақ → көк бөрте –

... ел үстінен күн көріп келген *кебеже қарын, кең құрсақ, көк бөрте* жуандар («Кімді кім?»).

Мағыналас екі сөз тіркесі қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі деп атайды (Ғабдолла Қалиев, Әсет Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 2006, 112-б.).

Ілияс Жансүгірұлы шығармаларында көп мағыналы фразеологизмдер жиі ұшырасады (тек бір ғана мағынасында).

Бұтын бұт, қолын қол қылды – 1) парша-паршасын шығарды; 2) мейлінше жарамсыз етті, түкке тұрғысыз етті.

Жаңада бір келелі жиылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте, қатемен бірге өзім де талқыға түстім-ау. Жұрт мен жазған сөздің *бұтын бұт, қолын қол қылып* созғылап жатыр («Әңгімелер»).

Жолы болды (оңғарылды) – 1) тілегі қабыл болды; 2) олжалы болды, сапары оң болды.

Тәжидің *жолы болды*. Шалматай бай «Кепілсіз-ақ жиырма қой берейін» деді («Әңгімелер»).

Көп мағыналы фразеологизмдер тіліміздің байлығын, мағыналық мүмкіндігінің молдығын және икемділігін көрсетеді. Олар тіл даму үдерісінде фразеологизмдердің мағына аясының кеңеюі, түрлі ауыспалы, бейнелі мағыналарға ие болуы нәтижесінде туындаған жеке мағыналар арасындағы семантикалық байланыстың үзілмеуінен туындайды. Ал Ілияс Жансүгірұлы осы көп мағыналы фразеологизмдердің өз ыңғайына орай әр мағынасында ұтымды қолдана алған.

Резюме

В статье рассматриваются синонимичные и многозначные фразеологизмы в произведениях И.Жансугурова.

Resume

The article is devoted to the usage of synonyms and phraseological units in the works of I.Zhansugurov.



Майра ДӘУЛЕТБЕКҚЫЗЫ,
№2 Қабанбай атындағы орта мектептің
мектеп жасына дейінгі
шағын орталығы бар
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Алакөл ауданы.

НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

(Мектепшілік мерекелік іс-шара)

Мақсаты: 1) оқушыларға шығыс халықтарының ортақ мейрамы – Наурыз мерекесін, халқымыздың салт-дәстүрін кеңінен насихаттау, 2) ата-аналар мен мектептің байланысын нығайту, 3) елін, жерін, тілін, салт-дәстүрін сүйетін жеке азаматты тәрбиелеу.

Қатысушылар: Қыдыр ата, Қарашаш, сал-серілер, хан, ханша, батыр, балуандар, Алдар көсе, Қожанасыр, Ақпан, Тоқпан, Қоян, Ұлу, Мыстан кемпір, т.б.

Іс-шара барысы.

«Наурыз» тойының ашылу рәсімі.

Қыс өтіп, қар кетіп,

Шырайлы жаз жетіп,

Шаруаның кенелген

Мейрамы ежелден,

Құтты болсын, әз Наурыз!

Наурыз – дүниенің ғарыштық сипатын ашатын, адам мен табиғаттың кіндіктестігін білдіретін мейрам. Наурыз – игілік, кешірімділік мейрамы.

I. «Азаматына қарап ауылын таны». Әрбір батыр атындағы ауыл батыр жайлы мағлұмат беріп, ауылындағы бір жыл ішіндегі жетістіктер жайлы сыр шертеді. Өлең түрінде де айтуға болады. Батырдың суреті, өмірі, сөздері туралы альбом, буклет жасауы керек (Уақыты 5 минут).

II. «Мақал – сөздің мұнарасы».

1-сынып «А» әрпінен басталатын мақал, 2-сынып «Б» әрпінен басталатын мақал, 3-сынып «С» әрпінен басталатын мақал, 4-сынып «О» әрпінен басталатын мақал айтып жарысады.

5, 6, 7, 8-сыныптар үзік сөздер арқылы мақал жарыстырады. Мысалы: ұя – ұш.

9,10 сыныптар «Мақал» айтысын көрсетеді (Уақыты – 3 минут).

III. 1-нұсқа.

«Атадан – ұлағат, Анадан – ғибрат»

1. Ана мен қыз диалогы.

2. Әке мен ұл кеңесі.

3. Ақылды жеңге мен сұлу бойжеткеннің сырласуы.

(Аңшылық, құсбегілік, ұлттық қолөнер туралы өсиет, өнеге түрінде көрсету).

2-нұсқа. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер».

1. Әке – ұлына ұлттық қолөнер түрін үйретуші.

2. Шеше – қызға ұлттық қолөнер түрін үйретуші.

Жасаған қолөнер түрлерінен шағын көрме ұйымдастыру (Уақыты – 3 минут).

IV. «Халқын сүйген салтын да сүйеді».

Бірінші сынып: «Ойын өлеңдер» жарысы. Екінші сынып: Жаңылтпаш айтып жарысу. Үшінші сынып: «Батаменен ел көгерер». Төртінші сынып: Төрт түлік малға байланысты өлең жарысы. Бесінші, алтыншы сынып: «Жат әдеттен сақтан». Жетінші, сегізінші сынып: «Тазша баланың

тапқырлығы» (өтірік өлең айту). Тоғызыншы, оныншы

сынып: «Айтыс» ойыны (Уақыты – 7 минут)

V. Ұлттық ойын түрлерін көрсету (Уақыты – 2 минут).

VI. «Өнерлі өрге жүзеді». Ұлттық өлең, би, күй, терме, толғауларды ұлттық аспаптармен орындау (Уақыты – 7 минут).

VII. «Батыр туса – ел ырысы». Халқымыздың батырларының рухын дәріптеу, бейнесін сомдау (Уақыты – 5 минут).

VIII. «Тіл – тіліп түсер наркескен». Шешендік өнер, шешендік арнау, шешендік толғау, қазіргі қазақ прозасы, поэзиясынан жатқа айту (Уақыты – 5 минут).

IX. «Ел болам десең, бесігіңді түзе». Ұлттық салт-дәстүрлер бойынша берілген тапсырманы шағын көрініс түрінде көрсету немесе жан-жақты түсініктеме беру (Уақыты – 3 минут).

Үй тапсырмасы:

1. Айдар, кекіл, тұлым.
2. Байғазы, көрімдік, сүйінші.
3. Кеусен, сыбаға, асар.
4. Ашамай, бәсіре, тоқымқағар.
5. Мизам, бастаңғы, отамалы.
6. Үт, ерулік, уызқағанақ.
7. Жаушы, сыңсу, тізгінұстар.
8. Жарапазан, ұзынсары, наурызша.
9. Әз, шашыратқы, сірге жияр.
10. Көнек, наурыз шешек, ақсарбас.

X. «Ұлы анамнан қалған тәтті дәм». Ұлттық тағамдардан көрме ұйымдастыру, қорғау (Уақыты – 5 минут).

XI. Қорытынды. Жеңімпаз ауылдарды анықтау, марапаттау.

«БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ...»

Мақсаты: 1) оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен білімдік деңгейлерін байқау, саралау; 2) оқушылардың еңбексүйгіштік, адалдық борыш, ар-ұят секілді адами қасиеттерге тәрбиелеу; 3) ана тілі арқылы оқушылардың рухани дүниесін, шығармашылық қабілетін арттыру.

Бұл сыныптан тыс шара бесінші, алтыншы сыныптар арасында ұйымдастырылды. Әр сыныптан 1 ұл, 1 қыз баладан қатысты. Қатысқаны – 8 оқушы, яғни, 4 топ болып сайысқа түсті. Сайысқа төрелік айту үшін қазылар алқасы сайланды. Сайыстың алты бөлімнен тұратын жоспарымен және сайысқа қатысушылармен таныстырылды.

Жоспар:

1. Сұрақ-жауап бөлімі.
2. Сөйлем құрау.
3. Мақал-мәтел.
4. Үзінді қай шығармадан алынған?
5. Тұрақты сөз тіркесінің мәнін ашу.
6. Сәйкестік тесті.
7. Шағын шығарма.

Әр бөлімнен кейін қазылар алқасы бағалап, түсінік беріп отырады.

I бөлім. Сұрақ-жауап:

1. Фонетика нені зерттейді? (дыбыс пен әріп)
2. Құранда неше сүре бар? (114)
3. Өлең түрінде жазылатын шығарма қалай аталады? (поэзия)
4. Сын есімнің мағынасына қарай

қандай түрлері бар? (сапалық, қатыстық) 5. Күрделі сөздердің қандай түрлері бар? (қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, тіркесті сөз)

1. Грамматика қандай бөлімдерден тұрады? (синтаксис, морфология) 2. Әдебиет қай тілден енген сөз, қандай мағына береді? (араб тілі, асыл сөз) 3. Қара сөзбен жазылатын шығарма қалай аталады? (проза) 4. Сөзге жаңа мағына беретін қосымша қалай аталады? (жұрнақ) 5. Күрделі сөздің қай түрі дефис арқылы жазылады? (қос сөз)

1. Лексика нені зерттейді? (сөз мағынасын) 2. Құранды жатқа оқитын адамды кім деп атайды? (қари) 3. Дөрекі сөздерді тіл білімінде қалай атайды? (дисфемизм) 4. Сөздік қорға қандай сөздерді жатқызамыз? (қазақтың байырғы төл сөздерін) 5. Сөздің бастапқы, негізгі мағынасы қалай аталады? (тура)

1. Адам атаның шын есімі кім? (Сапиолла) 2. Тілдегі сөздердің жиынтығын қалай атаймыз? (лексика) 3. Ұғымды сыпайы айтуды тіл білімінде қалай атаймыз? (эвфемизм) 4. Көнерген сөздер сөздік қорға жата ма, сөздік құрамға жата ма? (сөздік құрамға) 5. Дыбысталуы мен жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер қалай аталады? (омоним).

II бөлім. Сөйлем құрау.

Ермегім. Шырмауық. Орман. Ешкі. Сиыр. Тиін. Жүрек. Оқу.	Егінге зиянды шөп. Кітап оқу. Біздің жеріміз бен еліміздің көркі. Қойдың бір нәсілі. Терісі бағалы аң. Күйіс қайыратын ірі қара. Қан тамырларының орталығы. Инемен құдық қазғандай.
---	---

III бөлім. Мақал-мәтелдердің екінші сыңарын табу:

1. *Батырды намыс өлтіреді* (Қоянды қамыс өлтіреді).
2. *Қыз – елдің көркі* (Гүл – жердің көркі).
3. *Оқу – білім азығы* (Білім – ырыс қазығы).
4. *Еңбек етсең ерінбей* (Тояды қарның тіленбей).

5. *Ақыл жастан шығады* (Асыл тастан шығады).

6. *Жаңбыр жауса – жер ырысы* (Батыр туса – ел ырысы).

7. *Батамен ер көгереді* (Жаңбырмен жер көгереді).

8. *Қорқақ мың өледі* (Батыр бір өледі).

9. *Білекті бірді жығады* (Білімді мыңды жығады).

10. *Туған жердей жер болмас* (Туған елдей ел болмас).

11. *Арпа, бидай ас екен* (Алтын, күміс тас екен).

12. *Батыр майданда шынығады* (Құрыш қайнауда шынығады).

IV бөлім. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашу:

1. *Тонның ішкі бауындай* (тату). 2. *Тайға таңба басқандай* (анық, дәл). 3. *Бетінен оты шығу* (ұялу). 4. *Қырғи қабақ болу* (араздасу). 5. *Ағаштан түйме тую* (шебер). 6. *Қас пен көздің арасында* (жылдам). 7. *Ит өлген жер* (алыс). 8. *Жігері құм болды* (жасып қалды). 9. *Бармағын тістеді* (өкінді). 10. *Төбешашы тік тұрды* (қорықты). 11. *Қой аузынан шөп алмас* (момын). 12. *Төбесі көкке екі елі жетпеді* (қуанды). 13. *Беті бүлк етпеді* (ұялмады). 14. *Кірпік ілмеді* (ұйықтамады). 15. *Үріп ауызға салғандай* (әдемі).

V бөлім. Үзінді қай шығармадан алынған?

1. Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін.

2. Өлеңнің атын айтып, авторын табыңыз, жалғастырыңыз.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан...

1. Күреңбай көп арасынан суырылып шығып, аттың жалын сипап, мойнынан қағып, кейін шегініп, тағы да алдыартынан бір орап шықты («Ақырғы бәйге». Сәкен Жүнісов).

2. Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға «Алаш» деген атты аламын.

Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын?! (Сұлтанмахмұт Торайғыров).

1. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшып, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай қара жер қақ айырылады («Ер Төстік» ертегісі).

2. Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман (Қаз дауысты Қазыбек).

1. Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым («Аяз би» ертегісі).

2. Астыңдағы атың жүйрік болса – жалғанның пырағы.

Алған жарың жақсы болса – үй мен қонақ тұрағы (Ақтайлақ би мен Қанай шешен).

VI бөлім. Сәйкестік тестісі:

1.1. Дулат Бабатайұлы. А. «Құлақтан кіріп бойды алар».

2. Абай. Ә. «Адамдық борышың».

3. Шәкәрім. Б. «О, Ақтан жас, Ақтан жас».

4. Сұлтанмахмұт. В. «Мен – қазақ»...

2.1. Ахмет Байтұрсынұлы. А. «Қазақ тілі».

2. Мағжан Жұмабаев. Ә. «Әсемпаз болма әрнеге».

3. Абай. Б. «Шығамын тірі болсам адам болып».

4. Сұлтанмахмұт. В. «Анама хат».

3.1. Тазша бала. А. «Ер Төстік».

2. Кенжекей. Ә. «Керқұла атты Кендебай».

3. Меңді қыз. Б. «Қырық өтірік».

4. Мергенбай. В. «Аяз би».

4.1. Бекторы. А. «Керқұла атты Кендебай».

- | | |
|-----------------------------------|--------------------------|
| 2. Тасқара бай. | Ә. «Ер Төстік». |
| 3. Мадан хан. | Б. Аңыз әңгіме. |
| 4. Ақсақ құлан, Жошы хан. | В. «Аяз би». |
| 5.1. Шағатай. | А. Мұқағали Мақатаев. |
| 2. «Фантазия». | Ә. Қалмақан Әбдіқадыров. |
| 3. Сабалақ. | Б. «Отырар». |
| 4. Қажымұқан. | В. Қуандық Шаңғытбаев. |
| 6.1. «Бала Шоқан». | А. «Алпамыс». |
| 2. Шеген. | Ә. Сапарғали Бегалин. |
| 3. Ұлтан. | Б. «Күлтегін». |
| 4. Ұмай ана. | В. «Жаңа достар». |
| 7.1. «Ер Төстік». | А. Діни әңгіме. |
| 2. Адам ата. | Ә. Шешендік сөз. |
| 3. Кет Бұғаның естіртуі. | Б. Ертегі. |
| 4. Тайкелтірдің төрелігі. | В. Аңыз. |
| 8.1. Қиял-ғажайып. | А. Діни әңгімелер. |
| 2. Ер қанаты – ат. | Ә. Ертегі. |
| 3. Сымайыл, Зәмзәм. | Б. Жұмбақ. |
| 4. Бес ін, бес іннің аузы бір ін. | В. Мақал. |

VII бөлім. Шағын шығарма жазу. Әр топқа тиісті тақырып беріледі. 10 минутта жазып бітіруі керек.

1. Мейірімді ана.
2. Доссыз өмір – тұл.
3. Менің Отаным.
4. Кітап – білім бұлағы.

Әр топ шығармаларын жазып болғанша көрермендерге «Қызықты грамматикадан» сұрақтар қойып, сөзжұмбақтар шешкіздім.

Кеш соңында қазылар алқасы сөз сөйлеп, 5 «б» сыныбының тобын «Ең білімді» деп қорытындылады.

Сандуғаш АМАНТАЕВА,
Мәншүк Мәметова атындағы
медициналық колледж
оқытушысы.
Ақтөбе қаласы.

ҚЫЗЫ БАТЫР ЕЛ – ҰЛЫ ЕЛ

Мақсаты: Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың 90 жылдығына орай өмірі мен ерлігі туралы мағлұмат бере отырып, оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, Мәншүк Мәметованың батылдығы мен батырлығын, ерлігін шәкірттердің бойына сіңіру.

Көрнекілігі: Мәншүк портреті, ұлағатты сөздер, Мәншүк туралы жазылған тарихи шығармалар мен естеліктер көрмесі, компьютер, интерактивті тақта.

Тәрбие сағатының барысы.

«Священная война» өлеңі баяу ойнап тұрады. Ортаға жүргізушілер шақырылады.

1-жүргізуші: - Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырған Мәншүк Мәметованың рухына арналған «Қызы батыр ел – ұлы ел» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

(«Мен қазақ қыздарына қайран қалам» әні орындалады).

2-жүргізуші: - Саптан шықпай, нық басып келесің бе?

Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер...

Қаласыңдар мәңгілік ел есінде,

Ару қыздар, алаулап от кешкендер.

Мәншүк пен Әлия – халық үшін егіз есім, бір ұғым. Бұл есімдер – халқымыздың қадір-қасиетін, ұлттық мінезін, патриоттық қасиетін аласартпайтын тұлғалар. Олар ақын

айтқандай, «Қыз емес, қызыл от» болып жаралған тұлғалар.

1-жүргізуші: - Қазақтың екі асыл қызының өмір жолының көз жасының тамшысындай бірдейлігі таңдандырып, өмірлерін жақындастырады. Бүгінгі таңда Әлия мен Мәншүктің жасаған ерліктерінің тарихын миллиондар өте жақсы біледі. Ендігі кезекті Мәншүк өмірінен мәлімет дайындап келген студентке береміз. (Слайд арқылы түсіндіру).

2-жүргізуші: - Ыңылдап өз тілінде салдың да әнді,
Маңдайдан сүртіп бір кез алдың қанды.
Құшақтап пулеметті бауырыңдай,
Тарихтың көз алдында қалдың мәңгі.

Көрініс: «Әкесін босатуды сұрап».

1-жүргізуші: - Аласапыран соғыс, қым-қиғаш атыс, Мәншүкпен қатар атып жатқан командирдың пулеметі кенет аунап түсті, Мәншүк жаралы командирдің басын байлап, үш пулеметті қатарлап қойды да, бар оқты қасына жинап алды. Жақын таянғанда оның «Максимкасы» оқ жаудырып, фашистер құлап жатты. Мәншүк жан-жағына қарап, өзінің жалғыз қалғандығын сезді. Жау гранаты оны аяғынан жаралады. Мәншүк жанталас үстінде жарасына топырақ сеуіп, байлап тастады да, пулеметіне қайта жабысты, жауды жалғыз өзі үш сағат бөгеді...

Қазақ қызы Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы Ленинград-Псков бағытындағы шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін берілді.

2-жүргізуші: - Келесі кезекті Мәншүк Мәметова туралы қалам тербеген ақын-жазушылардың өлеңдеріне берелік. (Студенттер Қ.Мырзалиевтың «Мәншүк», Ә.Нұршайықовтың «Жан кұрбым», М.Ерімбетовтің «Мәншүк-Әлия» өлеңдерін оқиды).

1-студент: - Сен білесің бе, Мөлдір? Өзіміздің тобымызда осы ақын-жазушыларға еліктеп, Мәншүк Мәметоваға арнап

өлең шығарған студенттер де бар екен.

2-студент: - Ендеше, соларға сөз береміз. Олардың жүрекжарды жырларына назар аударайық...

1-жүргізуші: - Келесі бөлімді біз «Көрнекіліктер сөйлейді» деп атадық.

2-жүргізуші: - Олай атауымыздың себебі неде?

1-жүргізуші: - Себебі ендігі кезекте студенттер Мәншүктің өмірінен алынған қызықты мәліметтер, Мәншүк туралы айтылған естеліктер, Мәншүктің хаттары туралы айтады, яғни арнайы көрменің мәліметтерімен таныстырады.

(Би: «Қазақ биі»).

2-жүргізуші: - Мәншүк ерлігін тек қана қазақ халқы танып білген жоқ. Оны бүкіл ел танып білді. Шығыс халықтарының тарихында әйелдер арасында тұңғыш рет теңдесі жоқ ерлік көрсетіп, халқымыздың ар-намысын қорғаған Мәншүк Мәметова есімі барлық уақытта да жастарға өшпес өнеге болмақ.

1-жүргізуші: - Өткендегісін ескерген – өскендіктің белгісі, өткендігісін ұмытқан – өшкендіктің белгісі.

2-жүргізуші: - Әзілхан Нұршайықовтың Мәншүк Мәметоваға арнаған «Жан құрбым» (1943ж., Калинин майданы) атты өлеңінен үзінді келтіре отырып тәрбие сағатын аяқтаймыз.

Абырой-атағыңа намысың сай,

Жаулардың төбесінен түсірдің жсай.

Керемет кешегі еткен ерлігіңді

Ешқашан ұмытпаспыз, жан қалқатай!

Сынған жоқ өлсең-дағы сенің сағың,

Өшкен жоқ, өрлей түсті жастық бағың.

Еске алып мәңгі саған бас иеміз,

Жан құрбым, торқа болсын топырағың!

Тәрбие сағаты соңында «Бейбіт өмір тілегі» әні орындалады.

«ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ...»

Мақсаты: ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбайұлы мұрасын сыныптан тыс сайыс арқылы насихаттау.

Міндеті: 1) оқушы бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру; 2) қанымызда бар шешен де шебер сөйлеуді ұрпақ бойынан көру; 3) ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу.

Сайыс барысы.

1-жүргізуші: - Қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ұстазы, рухани айбары, туған елінің мың жылдық мұңын шерткен Абай мұрасы – мәңгілік мұра. Ол бүгінгі күні өзіміздің досымыздай, ғұлама сапарлас серігіміздей болып, сәулетті болашаққа қарай бізбен бірге аршындап адымдап келеді.

2-жүргізуші: - Құрметті ұстаздар және оқушылар, сыныбымыздағы Абай оқуларына қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: - Сыныбымыздағы Абай оқуларына қатысушы сайыскерлерді ортаға шақырамыз. Сайыс шарттарымен таныс болыңыздар. Сайыс үш бөлімнен тұрады.

1-бөлім: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (Абай, Шәкәрім шығармаларын жатқа мәнерлеп оқу).

2-бөлім: «Көңілім әнді ұғады» (Абай мен Шәкәрім әндерін, күйлерін орындау).

3-бөлім: «Жүйріктен жүйрік озар жарысканда» (Өз шығармашылықтары бойынша жас дарындар байқауы).

2-жүргізуші: - Сайысқа төрелік ететін қазылар алқасымен таныс болыңыздар...

1-жүргізуші: - *Жүректен өлең төгіп қосқан жырға,
Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға.
Қошеметтеп, көрермен, қол соғыңдар
Сайысқа қатысушы тұлғаларға,* –
дей отырып, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» бөлімінде бақ сынайтын сайыскерлерге кезек береміз.

(Зал қараңғыланып, сахнадағы Абай портретіне майшам жарығы түсіріледі. Мағжан Жұмабаевтың Абайға арналған өлеңі оқылады.)

2-жүргізуші: - *Әсем әннен гажап ләззатты үн шығар,
Ойы сергек жан оны ұғар.
Бар сезіміңді қозғар ән-күйге,
Жастар, тілімді ал, бол құмар!* –
деп Шыңғыстаудың дара тұлғасы Шәкәрім атамыз да ән мен күй өнерін аса жоғары бағалағаны белгілі.

1-жүргізуші: - Олай болса сіздердің қошеметтеріңізбен ортаға Абай мен Шәкәрім әндерін, күйлерін нақышына келтіріп орындайтын жас таланттарымызды шақырамыз.

2-жүргізуші:
– *Абай ағам болмаса не бедел бар өлеңде?
Шақырмаса жолға сап, мен өлеңге келем бе?
Қиналғанда қияға қанат қақпай аппақ құс,
Басқа біреу қол ұшын келіп маған берер ме?* – деп ақын Тұманбай Молдағалиев жырлағандай, біздің мектебімізде де ұлы ақындардың жырларынан нәр алып, балғын жырларымен көзге түсіп жүрген жас ақындарымыз аз емес. Енді оларға да кезек берейік...

1-жүргізуші: - *Поэзия әлеміне самғадың,
Әділетті көксеуден еш талмадың.*

*Ақындардың көшбасшысы атанып,
Ел аузында мәңгі қалды жазғаның.*

2-жүргізуші: - *Өзің едің өлең-жырдың тарланы,
Шоқ жұлдыздай биік туған арманы.
Қуат алдым жырларыңнан, нәр алдым,
Қолдасын деп Абай ата аруағы.*

1-жүргізуші: - *Орындалмай қалды қанша арманы,
Жас ақындар өнеріңді жалғады.
Ұрпақтарың есіне алып өзіңді,
Жауһар жырмен мүсініңді сомдады.*

2-жүргізуші: - Құрметті жыр сүйер қауым, бүгінгі сайысқа арналған ән-шашуды қабыл алыңыздар.



**Рима БЕЙСЕМБАЕВА,
Ахмет Байтұрсынов атындағы
орта мектептің мұғалімі.**

Алматы облысы,
Қаратал ауданы.

МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) ғасырлар шежіресі, халық тарихы, ақыл-өнегесімен көрініс тапқан мақал-мәтелдердің қоданылу тәртібі жайлы мағлұмат беру; 2) ойлау қабілеттерін, танымдық ізденістерін, ауызша көркем баяндау ретін, ой алғырлығын грамматикалық

ойындар арқылы жан-жақты дамыту; 3) асыл да ата-мұрамызды құрмет тұтуға, сөйлеу тілінде тобықтай сөздің түйінін жасқанбай жағымды пайдалануға, қасиетті қызыл тіліміздің үстемдігін көтеруге тәрбиелеу.

Түрі: қайталау, жарыс сабақ. **Әдісі:** іздендіру, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** кесте, “Ақ тілек” сызбасы.

Пәнаралық байланысы: әдебиет, бейнелеу.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

- Бүгінгі сабақ қайталау сабағы болғандықтан, «XXI ғасыр көшбасшысы» ойынымен ұштастырғалы отырмын. XXI ғасырдың азаматы қандай болу керек? (Білімді, білікті азамат болу керек).

Бүгінгі сайысымызға екі топ қатысқалы отыр, өздерін таныстырып өтсе. Мен сендерге тек қана сәттілік тілеймін.

1-кезең: «Бәйге». Бәйгеге шауып бүгін мен,
Білімімді көрсетем.

Бәйгенің сұрақтары:

1. Мақал дегеніміз не? 2. *Күміс көмей* тұрақты тіркесінің мағынасы қалай? 3. Антоним дегеніміз не? 4. Мәтел дегеніміз не? 5. Синоним дегеніміз не? 6. *Үлкен-кіші, биік-аласа* қандай сөздер? 7. Омоним дегеніміз не? 8. Еңбек туралы бір мақал айт. 9. Евфемизм дегеніміз не? 10. Дисфемизм дегеніміз не? 11. Омонимге мысал келтір. 12. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неде? 13. Евфемизмге мысал келтір. 14. Дисфемизмге мысал келтір. 15. “Дария жанына құдық қазба” – мақал ма, мәтел ме?

2-кезең: «Көкпар». “Білгіш білгенін істейді, білімсіз бармағын тістейді”

Бұл бөлімде ұяшықтағы суреттер бойынша мақал-мәтелдер құрастыру.

3-кезең: «Сөзмерген».

Ар ма, ардақты ағайын, көз көрген,

Алдарында тіл сайысы – «Сөзмерген».

Назарымызды экранға аударайық. “Жүйрік болсаң – шауып көр” демекші, кестедегі сөздерден мақал-мәтел құрастырып, мағынасын ашамыз.

4-кезең: «Тіл білгірі». Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні. Сондықтан қазіргі заман талабына сай үш тілді білу қажет.

1. Балалы **үй** – базар, баласыз **үй** – мазар. 2. **Көз** – қорқақ, **қол** – батыр. 3. **Отанды** сүю отбасынан басталады. 4. **Досы** көпті жау алмайды. 5. **Әке** – асқар тау, **шеше** – қайнар бұлақ, **бала** – жағасындағы құрақ. 6. **Дос** жылатып айтады, **дұшпан** күлдіріп айтады. 7. Өнер алды – қызыл **тіл**. 8. Ердің **екі** сөйлегені – өлгені.

5-кезең: «Шешен сөз». Бұл кезеңде өзіміздің шешендігімізді, ділмарлығымызды көрсетейік. Оқулықпен жұмыс жүргіземіз.

Бір сәт тағы экранға көз жүгіртсек. 134-жаттығу бойынша берілген сурет. Осыған мақал-мәтелдерді қатыстырып сөйлем құраймыз.

6-кезең: “Ақ тілек”. Сызба бойынша сөздер алып, сол сөзді пайдалана мақал-мәтел құрастырып, бір-бірлеріне тілек айту.

Бүгінгі сайысымыз да өз мәресіне жетті. Енді бағалау парағын тақтаға ілейік.

Оқушылар, сендерге артар міндет көп,

Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп.

Білімнің көзін аша білсең тереңнен,

Жетелейді армандарға бұл мектеп.

Айзада ҚАНАБЕКОВА,
Шоқан Уәлиханов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Тұғыл ауылы.

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Интерактивті оқыту стратегиясы – білім беру үдерісінде педагогтың белгілі бір тәсілдер, амалдар және әдістердің көмегімен сабақты ұйымдастыруы. Ол мыналарға негізде-леді: педагог пен оқушы арасындағы субъект-субъектілі қарым-қатынастар (паритеттілік); жан-жақты коммуникация; оқушының білімді жинақтауы; өзін-өзі бағалауды және кері байланысты пайдалану; оқушының белсенділігі.

Дәстүрлі оқыту өзіне мынадай мақсат қояды: оқушыларға үлкен білім көлемін беру және оларды меңгеру. Педагог өзінің ойлаған және қабылдаған ақпаратын жеткізеді, өзінің көзқарасы бойынша оқушылардың дағдысын анықтайды. Білім алушылардың міндеті – басқалармен құрылған білімді толықтай және нақты меңгеру. Мұндай оқыту үдерісінде алынған білім энциклопедиялық сипатта болады. Ол оқушының сана-сезімінде көбінесе мағыналы байланысы жоқ тақырыптық жинақ түрінде қалыптасқан әртүрлі оқу сабақтары бойынша белгілі бір ақпарат көлемін білдіреді.

Көптеген педагогтар өз сабағының мазмұнын басқа оқу сабақтарындағы оқушылардың білімдерімен байланыстыру

мүмкін еместігі мәселесімен жиі кездеседі. Сол кезде білім алушының оқу материалын қаншалықты терең түсінгені, игергені және мектептен тыс жағдаяттарда қолдануы жайында күмән пайда болады.

Интерактивті оқытуда білім басқа нысандарда болады. Бір жағынан, олар қоршаған әлем туралы белгілі бір ақпарат болып табылады. Бұл ақпараттың ерекшелігі оқушы оны педагогтан дайын жүйе түрінде емес, өзінің белсенділігі тарапынан алады. Педагог білім алушы белсенділігін танытатын, сұрақ қоятын және әрекет ететін жағдаятты тудыруы тиіс. Осындай жағдаяттарда «ол басқалармен бірлесе отырып, бастапқыда мәселені немесе кедергіні құраған нәрсені білімге айналдыруға мүмкіндік беретін қабілеттіліктерді игере бастайды» (Д.Б.Эльконин. Психология обучения младшего школьника. М., «Знание», 1974, 150-б.).

Активті оқыту стратегиясындағы мақсаттар туралы әңгімені нақтылау үшін қазіргі педагогикалық қоғамда белсенді түрде талқыланып жүрген Б.Блумның когнитивті (біліп-тану) мақсаттары таксономиясын пайдаланайық. Егер Б.Блуммен өңделген таксономияға сүйенсек, онда білім – бұл осы иерархияның бірінші, ең қарапайым деңгейі. Әрі қарай мақсаттардың деңгейі жүреді, алғашқы үшеуі (білу, түсіну, қолдану) төменгі сатының, ал келесі үшеуі (талдау, синтез, салыстыру) жоғарғы сатының мақсаттары болып табылады.

Б.Блум бойынша, когнитивті мақсаттардың жүйесі келесідей түрде болуы мүмкін. 1. Білу: арнайы ақпаратты танып білу, қайта өңдеу қабілеті, фактілерді, қабылданған терминологияны, критерий, әдістемелік қағидалар мен теорияларды қосқанда. 2. Түсіну: кез келген хабарламаның мәнін түсінуге қабілеті. Б.Блум түсіну тәртібінің үш типін

белгілеген: ауыстыру – баяндалған материалды қабылдау және басқа нысанға ауыстыру (басқа сөздер, график және т.б.); интерпретация – идеяларды жаңа конфигурацияға алмастыру; экстраполяция – бұрын алынған ақпаратқа сүйене отырып бағалау және болжау. 3. Қолдану: бұрын зерттелген қағидаларды немесе үдерістерді жаңа жағдаятқа алу және қолдану. Мысалы, математикалық қағидаларды тәжірибелік жағдаяттарға қолдану. 4. Талдау: материалды жекелеген құрамдас бөліктерге бөлу, олардың қатынасын орнату арқылы және оларды ұйымдастыру моделін түсіну. Мысалы: қалыптаспаған қателіктерді анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды айқындау және көркем жұмыстарда нысандар мен амалдарды танып білу. 5. Синтез: бөліктер мен элементтерді жаңа біртұтастыққа біріктірудің шығармашылық үдерісі. Бұл – эссені кәсіби түрде жазу, болжамдарды тексеру тәсілдерін ұсыну және әлеуметтік жағдайларға қолданылатын теорияларды тұжырымдау. 6. Бағалау: идеялар, шешімдер, әдістер және т.б. туралы құнды пікірлерді өңдеу үдерісі. Бұл баға берулер сандық немесе сапалық болуы мүмкін, бірақ олар өлшемдер мен стандарттарды пайдалануға негізделуі тиіс. Мысалы: жұмыс нәтижелерін бағалау (М.Н.Низамова. Когнитивные предпосылки усвоения русской грамматики в начальных классах // Білім берудегі менеджмент = Менеджмент в образовании. 2005, № 2, 71-81-б.).

Сонымен дәстүрлі оқытуда қолданылатын әдістер, тәсілдер мен амалдар білім беру үдерісінде алғашқы мақсаттардың үш деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.



АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абайдың қара сөздерінің тәлім-тәрбиелік сипатын айтып түсіндіру; **дамытушылық** – ақын жан-жүрегін тербеткен қазақ халқының өміріндегі алуан құбылыстар туралы, әлеуметтік, философиялық ойлар, жағдайлар жөнінде айтып, оқушылардың ақыл-ойларын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды Абай шығармашылығында кең таралған кәсіптің түрлі салаларын меңгеруге, адал еңбек етуге үндеу, тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** иллюстративті-түсіндірмелі, ынталандыру, сөздік әдісі, ақпарат беру әдісі, оқулықпен жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Абайдың аудио түрінде жазылған қара сөздері, суреттер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру (амандасу, түгелдеу).

II. Үй тапсырмасы (сұрау, бекіту сұрақтары).

«Ескендір» поэмасынан үзінді. Оқушылар жатқа айтады.
(Сөзжұмбақ гиперсілтеме арқылы ашылады.)

III. Жаңа сабақ (түсіндіру, видеоролик гиперсілтеме арқылы ашылады).

Абайдың қара сөздерінің саны – 45. Бұл қара сөздер көркем әңгіме емес, алайда оларды даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар деп қарастыруға болады. Қара сөздер, ең алғаш, Семей қаласында 1948 жылы «Абай» журналында жарық көрді. Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б көптеген тілдерге аударылды.

Сөздікпен жұмыс (Слайд арқылы көрсетіледі).

Ләкин – бірақ (Он сегізінші сөз)

Дәрілхаран – қауіпті, бүлінген (Жиырма бесінші сөз)

Хикмет – керемет, ғажайып, сыр, ақыл (Жиырма бесінші сөз)

Дауғасына – талас, тартыс, айтыс (Жиырма бесінші сөз)

Фибратлану – үлгі-өнеге, сабақ алу (Отыз бірінші сөз)

Оқушыларға Абайдың бірінші, екінші, үшінші, төртінші қара сөздері аудиожазба түрінде тыңдатылып, ауызша талдаймыз.

IV. Қорытынды (Тапсырмалар беру). **Тапсырмалар** (Слайдтан көрсетіледі).

1-тапсырма. Абайдың он жетінші қара сөзін рөлге бөліп (ақыл, жүрек, қайрат, ғылым) оқыңыздар.

2-тапсырма. Абайдың бесінші қара сөзіндегі мақал-мәтелдерді теріп жазып талдаңыздар.

3-тапсырма. Абайдың он екінші, он бірінші, он тоғызыншы қара сөздерін оқып, мазмұнын ашыңыздар.

4-тапсырма. Ақпаратпен толықтыру. Оқулықпен жұмыс: оқушылар берілген мәтіннен (109-112-беттер аралығында) жасырын сөзді табады.

1. Абай поэзиясында жиі кездесетін “_____” мен “_____” ұғымын оның адам _____ рөлін, өміріндегі қызметін өзіндік _____ кең талдап түсіндіреді.

2. _____ қара сөздері өз _____ тарихи шындығынан туған.

3. “Сөз _____ жұртқа сөз айтқанша, _____ танитұғын шошқаны баққан жақсы деген екен _____, сол секілді сөз болады” деп аяқтайды.

Абай өзінің _____ арқылы да тілімізді _____ әдебиетін де _____ белеске шығарды.

V. Үй тапсырмасын беру: Абайдың қара сөздерін жатқа айту, түсіндіру. Әрбір оқушы бір-бір қара сөзін жаттап келеді.

VI. Бекіту. Белсене қатысқан оқушыларды бағалау.

ҚАЗАҚ ПЕН ҚЫРҒЫЗ САЛТ- ДӘСТҮРІНІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Салт-дәстүр қай халықта болмасын ұлттық болмысты білдіреді. Ол тілмен тығыз байланысты. Қазақ, қырғыз тілдерінде үйлену салтына байланысты ерекшеліктермен ұқсастықтар бар. Қырғыздар 4 атаға дейін қыз алыспайды. Ал бұл қазақтарда 7 атаға дейін созылады, қазақ халқының «7 атадан кейін ғана қан араласпайды» деген болжамы медициналық тұрғыдан да дәлелденіп нақтыланған (Қ.Тәкежанұлы. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. А., 2002, 55-б.). Қазақ елінде сақталған дәстүр бойынша әрбір жасөспірім, ержеткен азамат өзінің жеті атасын, шыққан тегін білуге тиісті. Қазақ салты бойынша үл баланың ата-бабаларының ең кем дегенде жеті буынға дейінгі таралуын, өткен-кеткенін, жасаған ерлігін, жайлаған қонысын білуі борышы болып есептелген. Әрбір ата-ана өз баласына соны көзі тірісінде үйретуге тырысқан. Әке-шешесінен ерте қалған бала бұл тағылымды білмей кетуі де мүмкін. Ал жеті атасын білмеу **«жетесіздіктің, тексіздіктің»** белгісі деп саналған. Соған сәйкес тілде әр халықтың ғасырлар бойы сақталынып қалатын асыл жақұты тәріздес болған мақал-мәтелдер қалыптасқан; *Жеті атасын білмеген жетесіз, Жеті атасын білмеген — жетімдіктің белгісі.*

Қазақ елі жеті атаны білуді қатаң қадағалаған. Қазіргі күнде де осы дәстүр қатаң сақталып, ел ішінде берік орын

алған.

Қазан төңкерісіне дейін неке құру қырғыздарда қалыңдыққа қалыңмал төлеу арқылы жүрген. Оның құрамына тоғыздан саналатын мал кірді. XX ғ. басында қалыңмал түстіктегі қырғыздарда ақшамен, кейде астықпен де өтелетін болған. Қырғызда қалыңмал төлеумен қатар мал бағатын бақташы және қара жұмыс істейтін құлдарды да қоса беретін әдет болған. Ал қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша қалыңмал төлеу ірі қара малмен есептелетін болған. Мұнда байқағанымыздай, қазақтарда қырғыз салтындағыдай бақташы мен қара жұмыс істейтін құлдарды қосып беру дәстүрі болмаған.

Сонымен қатар үйлену дәстүрлерінің бірінші кезеңі болып саналатын *құда түсу – кудалашуу, қалыңмал төлеу, үйлену тойы, ұрын бару, некелесу* сияқты әдет-ғұрыптар қырғыздар мен қазақтарда тектік ортақтығын сақтаған. Үйлену тойын қыздың әкесінің үйінде немесе жігіттің әкесінің үйінде өткізу мәселесінде, бата беру дәстүрлерінде қырғыздарда да, қазақтарда да атқарылатын салттары екі халыққа ортақ болып келеді. Осы жағынан алып қарағанда, қырғыздар мен қазақтарда қолданылатын отбасылық, некелік қарым-қатынас атаулары да ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақтар мен қырғыздардың үйлену тойы салт-дәстүрлерінде кездесетін тартыс, қалыңдық пен жігітті байлау, арқан тарту, жар-жар, беташар, неке қию, той ойындары дәстүрлерінің орындалуы да біркелкі. (Х.Арғынбаев. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. А., 2004, 27-б.).

Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын- туғандарын аралайды, былайша айтқанда, қоштасады. Бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес. Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді.

Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туыскандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Қырғыз халқында бұл қыз ұзату салты «*қыз қыңшылатуу, сыңсу*» (К.Жусупов. Қырғыздар. Бишкек, 1978, 222-б.) деп аталады. Бұл елде қазақ халқы сияқты құдалықты күйрық-бауыр жеумен бекітеді. Ал памир қырғыздарында бұндай келісімнің ишараты болып құдалардың өзара бір-біріне белін бүгіп, сәлем салуы есептелген немесе құдалық мәселесі шешілгенде қыз жағы құдалардың алып келген ет, тәтті тағамдардан тұратын сәлем-сауқатын қабылдаған. Қыз айттырып бару, яғни, жаушы жіберу ұғымын қырғыз тілінде «*жуучу жиберүү*» тіркесі білдіреді [228-б.].

Қырғыздардың *күйеулеу салты* ішкі рәсімдері жағынан қазақтікіне көп ұқсас келеді. Бұл жерде бір айта кететіні, аталмыш салт негізінен солтүстік қырғыздарда орындалады да, ал оңтүстік қырғыздарда оның орындалуы міндетті емес, ал орындалатын болса, қалыңмалды толық төлегеннен кейін ғана іске асады. Қырғыздардың келінге *сәукеле кигізу, беташар айту, отқа май құйғызу, теріге отырғызу, жаңа отаудың шаңырағынан сүйек лақтыру, екі жасты алғаш кездестіргендегі бақан тастар, ит ырылдар* (С.М.Абрамзон. Қырғыздар. Бишкек, 1989, 69-б.) сияқты көптеген ырым-жоралары қазақтікіне көп жағынан ұқсас. Сонымен қатар қырғыздардың некелік ырым-салттарында алтайлықтар, хақастар, аздап буряттардың салттарымен жақындасып келетін тұстары біршама. Мәселен, *ұрпақты болсын, пәле-жаладан аман болсын деп екі жасты арнайы сойылған лақтың өкпесімен қағу, жастарға өкіл ата, өкіл ене тағайындау*, т.б. салттар қазақ және қарақалпақ халықтарында кездесе бермейтін

ерекшеліктер. Көпшілік зерттеушілердің пікіріне сүйенер болсақ, қазақтардікіне қарағанда, қырғыздың некелік ұрыптары оның әр тараптарында түрліше. Оңтүстік қырғыздар мен солтүстік қырғыздардың арасында бұл жағынан айырмашылық өте күшті.

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түркмен және жартылай көшпелі өзбектерде жас келіннің басына киетін арнайы киімі **сәукеле** бар. Ол қырғыздарда **шокуло**, сонымен қатар халықтардың көбіне ортақ тұрмысқа шыққан әйел бас киімі **кимешек** деп аталған (К.Төлеубаева. Қазақтар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу). Тарих ғыл.канд.автореф. А., 2010, 23-б.).

Қырғызда көп жағдайда жаңа туған баланың шашын алған күні (немесе бесік тойы күні) нағашысы бала үшін аяқ киім даярлаған.

Отбасын құру салтынан басқа жан тапсыру, адамның қайтыс болуына байланысты да салт-дәстүрлер бар. Бұлар да өзіне тән ұқсастықтары және өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Мәселен, жан тапсыру ұзаққа созылып, адам қиналмауы үшін қырғыздар мынадай ырым-жоралғы жасаған; қой сойылып, ауыл адамдарына ет асып, бата оқытқан. Тек қырғыздарда ғана, егер өлген кісі еркек болса, онда оған киіз үйдің сол жағынан – ерлер жақтан орын дайындалған. Ал әйел адам қайтыс болса, оған киіз үйдің – оң жағынан орын дайындалған. Оңтүстік қырғыздарда (алайлардан басқа) мәйіттің денесін киіз үйге жатқызбай, оны әдейі арналған бөлмеге жатқызған. Бұл дәстүрдің пайда болуы оңтүстік қырғыздардың жергілікті көне ирандық генетикалық субстратының негізінде, сонымен қатар оларға кейіннен жергілікті өзбектер мен тәжіктердің ықпалынан келген болуы да мүмкін.

Қырғыздарда қазақтардың дәстүрі сияқты қайтыс болған адамға қаралы белгі ретінде **желек (жалау)** тіккен. Мәйіттің жасына қарай жалау әр түрлі болған. Мәселен, киіз үйдің ішінен сыртына найза шығарып, оның ұшына орамал байлаған. Егер қайтыс болған адамның жасы үлкен болса – ақ орамал, орта жаста болса – қара орамал, жас болса – қызыл орамал байлаған. Бұл белгі жалаулар жыл бойы сақталынып отырған.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ерекше байқалатын құбылыс – белгілі бір ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктердің азайып бара жатқандығы. Осы тұста академик Ә.Қайдардың «Мәдениет жеке адам басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» деуі мәдениетті тілмен байланыстыра зерттеудің маңыздылығын аша түседі. Олай болса бұл мәселені әлі де терең зерттеу – алдағы маңызды зерттеулердің еншісі.

Резюме

В статье сравнительно рассматриваются особенности и совместность традиции и обычаи казахско-киргизского народа. Так же, персонально анализируются общие обычаи двух народов.

Resume

The thesis is article to researching of ethnocultural specific of lexics relating with Kazakh yurtta also to comparative and typological analysis of names indicating various episodes, the culturals about the wedding, to die, e.x.t internal space of yurtta and its representation in language units in Kazakhand Kyrgyz languages.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың құрмалас сөйлемдерді ажыратып, олардың мағыналық түрлерін анықтай білу дағдыларын тексеру.

Міндеттері: 1) құрмалас сөйлем, оның түрлері мен жасалу жолдары туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, білімдерін пысықтау; 2) құрмалас сөйлемдердің өмірде адам ойын жеткізудегі рөлін практикалық тұрғыда дәлелдеу, дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру; 3) оқушылардың ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білуге төселдіру, сауаттылыққа үйрету.

Типі: қайталау.

Әдісі: СТО стратегиялары, талдау, салыстыру, іздендіру.

Сабақ барысы.

I. «Ойқозғау» кезеңі.

Адамның ойы мен пікірі сан қилы. Адам өз ойын жеткізу үшін құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін қолданады екен.

Тапсырма. Берілген ойды жалғастырып, сабақтың мақсатын анықта.

1. Кез келген адамда қарсы пікірі, шарты, себебі, талға-уы, түсінігі, мақсаты болады, сондықтан ол өз ойын жеткізу үшін құрмалас сөйлемдерді қолданады. Менің ойымша...

2. Адам өз ойын үнемі ауызша айтатын мүмкіндік бола бермейді, сол кезде адам өзінің пікірін, мақсатын, шартын, себебін жеткізу үшін жазуға тура келеді. Сол уақытта адам ойын дұрыс құрастырып, сөйлемдерге тиісті тыныс белгілерін дұрыс қою қажет. Сондықтан менің мақсатым ...

3. Басқа адамның сөзін тыңдай білу де – өнер, сондықтан оның айтпақ ойын түсіну үшін құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін білген жөн...

II. Мағынаны тану кезеңі. Адам өзінің туған тілін құрметтемесе, өзге тілді де құрметтемейді. (Шартты бағыныңқы сабақтас)

Ғалым болу міндет емес, білімді болу – парызың (Қарсылықты салалас)

Біз қазақ тілін дамытуымыз керек, себебі ұлт болашағы тіліне тәуелді. (Себеп-салдар салалас)

«Ой жалғау» сатысы.

Қайталау – білім анасы.

Құрмалас сөйлемнің салалас, сабақтас түрлерін «Венн диаграммасы» бойынша ерекшелігі мен ұқсастықтарын анықтайды. Өз ойларын қағаз бетіне түсіру тапсырылады.

Тақтаға сөйлемдер жаздыртып, оған синтаксистік талдау жасатады. Бір оқушы бір сөйлемді жазып, оның тыныс белгілерінің қойылу себебі мен түрлерін ажыратады.

Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі – жақсы мінез, екіншісі – жақсы сөз. Көз – қорқақ, қол – батыр. Ақылды көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра. Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.

Сабақтас құрмалас сөйлемге тоқталып, бағыныңқы компонентінің баяндауышының жасалу жолына түсінік бергізу.

«Кім жылдам?». Оқушылар сөйлем оқылысымен құрмалас сөйлемнің мағыналық түрін анықтау керек (ауызша жұмыс).

Кітап – қымбат дос. Ол сенің айыбыңды ашпайды, сырыңды сыртқа шашпайды. Саған әр уақытта үндемей көмек көрсетуге әзір. Әрдайым айтқаныңа көнеді, айдауыңа жүреді, міндет қылмайды, ақы сұрамайды. Бірақ сен де кітапқа опалы бол. Оны сүй! Оның айтқан ақылын ұғып, көкейіңе құйып ал. Өзің білген жақсылығыңды жұрттан қызғанба, үйрет! Кітап – көп ақылдың құйылған көлі! Ол көпке таралғанда ғана, көптің бойына сіңіп, игілігіне жұмсалғанда ғана мүддесіне жетеді. Кітап – ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы.

III. «Ойтолғау» сатысы.

1. Шығармашылық – білімді адам жететін шың.

Әр топқа суреттер таратылады.

Тапсырма. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін қатыстырып, шағын мәтіндер құрастырту (Өз сабағымда оқушылардың айтқан пікірлерін жазып отырамын).

2. Құрмалас сөйлем туралы не түйдік? Соны қағаз бетіне бір сөйлеммен жазып, бүктеу арқылы қасымыздағы құрбыларымызға береміз (Соңында жазылған сөйлемдерді өздеріне оқытамын).

Үйге тапсырма: I топ: Қазақтың ырымдары мен тыйымдарындағы құрмалас сөйлемнің қолданысы. II топ: Адамгершілік қасиеттерге қатысты мақал-мәтелдердегі құрмалас сөйлемдердің жасалу жолы.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «ЖАҢА ДОСТАР»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды «Қазақ солдатты» романынан алынған «Жаңа достар» атты үзіндімен таныстыру; **тәрбиелік** – осы шығарма арқылы оқушыларды достық деп аталатын құдіретті ұғымның мәнін түсініп, қасиетін тани білуге баулу; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау және өз ойларын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары. **Көрнекілігі:** Ғабит Мүсіреповтің портреті, тірек-сызбалар, слайд.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын, бүгінгі сыныпта кімнің жоғын анықтап түгелдеу, оқушылар назарын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын тексеру. Үйге берілген Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесі мен қазақтың құсбегілік өнері туралы өздері ізденген қосымша мәліметтерін сұрау, жазушының өмірі мен шығармашылығын қорытындылау.

Жаңа сабақ.

1. Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беріледі.

2. Шығарма мазмұнын меңгеру мақсатында оқушылар төмендегі кестені толтырады.

Р/с	Кейіпкерлер	Портреттері
1	Қайырғали	
2	Шеген	
3	Бораш	

Шығамдағы жазушы қолданған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді теріп жазып, төмендегі кестені толтыр.

Р/с	Мақал-мәтел, нақыл сөз	Оқиғаға қатысы
1	Өлімнен ұят күшті.	Шапаны тақтайға ілініп қалғандығы Қайроштың сезімін жеткізу үшін қолданылған.
2		

Сабақты бекіту. «Досы көпті жау алмайды» деген тақырыпты бірінші қатарға, «Жолдасы жақсы жолды болар» тақырыбын екінші қатарға, «Жақсымен жолдас болсаң...» тақырыбын үшінші қатарға беріп, сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Автор орындығы» стратегиясы бойынша сабақты қорыту.

Оқушылар білімін бағалау әрбір оқушының сабақтағы белсенділігіне байланысты болады.



Жаухар КЕТЕПОВА,
Шеген Қодаманов ауылындағы
№158 орта мектептің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Шиелі ауданы.

СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – сөздердің қолданылу сипатына қарай бөліну себебін түсіндіре отырып, түрлерін меңгерту, түрлерінің өзіне тән белгілері туралы жан-жақты

білім беру; **дамытушылық** – әр түрлі әдістер арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөйлеу тілін жетілдіру, әдеби тіл нормаларын сақтауға үйрету; **тәрбиелік** – өз ойын анық әрі әсерлі жеткізе білуге баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау.

Көрнекілігі: сызба-көрсеткіш, тестік парақтар.


Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Сөздік қор дегеніміз не? 2. Сөздік құрам мен сөздік қордың айырмашылығы. 3. Оны бейнелі түрде неменеге ұқсатуға болады? (Көл бетінде пайда болған шеңбердің ұлғаюы). 4. Сөздік қор мен сөздік құрам тіл білімінің қай тарауында қарастырылады?

III. Жаңа сабақ.



1. Жалпылама лексикаға жалпы жұртқа танымал, күнделікті қолданылатын сөздер жатады. Оқушыларға өздері күнделікті қолданылатын сөздерден мысалдар келтірту.

Оқушыларға мысалға келтірген сөздер неліктен жиі қолданылатынын дәлелдету.

2. Арнаулы лексика әр түрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, кәсібіне байланысты сөздер екені айтылады. Оған термин сөздер мен кәсіби сөздер жатады. Олар елдің бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Термин сөздер – ғылым мен техника саласында қолданылатын сөздер. Олар

бір ғана мағыналы болып келеді.

Кәсіби сөздер бір кәсіппен, шаруашылықпен шұғылданатын адамдар арасында қолданылады. Мысалы: *ақауыз* – балық атауы, *зәмбілше* – қауын атауы, т.б.

3. Диалектілік лексикаға тек бір аймақта ғана қолданылатын сөздер жатады. Оқушылардан өздерінің туған жері – Шиелі ауданында қандай диалект сөздер бар екені сұралады.

- Жазушылар неге өз кітаптарында диалект сөздерді қолданады? (Жазушылар Қазақстанның белгілі бір аймағында болып жатқан оқиға, әрекетті суреттеу үшін сол жердегі жергілікті халықтың сөзін пайдалану арқылы ғана сол аймақты мекендейтін халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын суреттей алады. Басқа аймақтағы сөздерді қолдану шындыққа жанаспай кетеді).

IV. Жаңа сабақты пысықтау. Топтық жұмыстар:

1. 1-топ математикалық терминдерді, 2-топ тілге байланысты терминдерді, 3-топ тарих ғылымының терминдерін жазу керек. Жазған сөздерінің дұрыстығы және тез орындалуы ескеріледі;

2. Тақтада алдын ала жазылған сөздерді бағанға бөліп топтастыру тапсырылады: радиус, дәреже, төңкеріс, тап, теорема, жаптырма, топатай, теңеу, синоним, әйдік, алхоры, аусыл, торлама, этимология, тозаңқап, там, дарбыз.

V. Сабақты бекіту. Үш қатарға тест сұрақтарын беріп жарыстыру:

1-қатар. Диалект сөзді тап.

а) малшы; ә) сауыншы; б) көмір.

2-қатар. Кәсіби сөзді көрсет.

а) құмқазар; ә) еңбекші; б) тағам; в) бала-шаға.

3-қатар. Термин сөздерді көрсет.

а) дарбыз; ә) айтыс; б) омоним; в) әдемі.

СИНОНИМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – синоним сөздерді берілген мысалдар арқылы белгілеріне қарай топтастырып, анықтамасын оқушылардың өздеріне ойлантып шығаруға бағыт беру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын молайту, өз пікірін ортаға салуға төселдіру, ойлау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – қазақтың сөз өнерін меңгеруге, салт-дәстүрін білуге, мәдениетті сөйлей білуге жетелеу.

Көрнекілік: тақырып бойынша сызбалар. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс, талдау, жинақтау.

I. Ұйымдастыру: оқушы зейінін сабаққа аудару; жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.

I Түсінік алу.	Жаңа тақырып жөнінде түсінік ала отырып ереже шығару.
II Білімді игеру.	Алған түсініктерін тәжірибеде қолдану, іздендіру жұмыстары.
III Теориялық білім жинақтау.	Ережені қорыту.
IV Тәжірибеде қолдану.	Тақырыпты пысықтау, алған білімді бекіту мақсатында жаттығу жұмыстарын орындау.
V Жинақтау.	Тақырыпты тіл дамыту жұмыстары арқылы қорытындылау, жинақтау.
VI Қорытынды.	Өтілген тақырып жөнінде ойларын ортаға салу.

Жаңа сабақты тақтаға ілінген мысалдар арқылы оқушыларға оқыта отырып, жаңа тақырып туралы мағлұмат беру. Мысалы: **ас, тамақ, тағам.** *Қонақтарға арналған ас өте дәмді болсын.*

Ас сөзінің орнына *тамақ, тағам* сөзін қойсақ, бұлар қандай сұраққа жауап беріп, қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады? Талдап көрсету. Мысалдағы өзгешеліктерді байқағаннан кейін қойылатын сұрақтар:

1. Сөздердің дыбысталуында өзгешеліктер бар ма? 2. Сөздер қандай ұғымды білдіреді? 3. Орыны ауыстырылған сөздер қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?

Сұрақтарға толық жауап алғаннан соң синоним сөздерге анықтама бергізу.

II. Алған түсініктерін тәжірибеде қолдану. 72-жаттығуды орындату. Синоним сөздерді тапқызып, астын сызғызу. Оқушыны іздендіру жұмыстарына жетелеу.

Төмендегі сөздерге синонимдік қатар жасату:

1. Сұлу – көрікті, әдемі, ажарлы, нұрлы;
2. Құпия – жасырын, жабық, жұмбақ, белгісіз.

III. Ережені қорыту. Синоним сөздердің ерекшелігін атаңыз:

1. Сөздің дыбысталуында өзгешелік болуы керек;
2. Сөздер бір ғана ұғым білдіруі керек;
3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс.

IV. Тақырыпты пысықтау мақсатында тапсырмалар орындату.

Ар, намыс туралы білетін қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерін дәптерлеріне жаздырып, оқыту, талдау жасату.

77-жаттығу.



АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

(9-сынып)

Сабақ мақсаты: білімділік – оқушыларға Абай өлеңдерінің мазмұнын меңгерту, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы түсінік беру; **тәрбиелік** – Абай өлеңдері арқылы табиғатты сүйеге, аялауға, сұлулықты бағалай білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын, лирикалық өлеңдерді талдау шеберліктерін дамыту.

Түрі: ізденіс. **Әдісі:** проблемалық оқыту. **Пәнаралық байланыс:** тарих, ән-күй.

Сабақтың өту барысы.

1. Ұйымдастыру.

- Оқушылар, біз бүгін Абайдың табиғат лирикасы тақырыбындағы өлеңдеріне талдау жасаймыз.

Алдымен мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Абайдың туған жылы. Шын есімі кім?
2. Абайдың өскен ортасы, туған-туыстары туралы не білесің?
3. Абай неше жастан бастап оқыды?
4. Абайды әкесі неше жасында оқудан шығарып алды?
5. Алғашқы өлеңдерін кімнің атынан жазды?
6. Михаэлис кім? Оның Абай өміріндегі орыны қандай?

7. Абайдың жолын қуған өз ұрпақтары кімдер?

8. Ақын қайда жерленді?

«Лирика» деген – ақынның ішкі жан дүниесінің сезім күшімен тебірене толқуы. Лириканың 4 түрі бар: философиялық, саяси, махаббат, табиғат.

Абайдың табиғат лирикасы – кең көлемді мол қазына. Биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Абай бүкіл бір халықтың ұлттық мәдениетінің ғасырлық мерейі, әдебиетінің заңғар биігі.

Абайдың тәрбиелік мәні зор лирикаларының бірі – табиғат лирикасы. Табиғат – Абайға, оның ақындық шабытына түрткі болған үлкен дүние. Ақын жаны мен табиғаттағы ұқсастық, табиғаттың жаңарып жасаруы, жаралануы ақынның ішкі сезім пернелеріне қозғау салып, сол сезімді ақын қағаз бетіне түсірді. Сылдырап аққан бұлақтан, жаз жайлаудан, тіпті, қаһарлы қыстан да сұлулық іздейді. Табиғатты жырламаған, оны өз әніне қоспаған ақын кемде-кем. Бірақ Абай салып кеткен жол, ақын жырлаған табиғат, әрине, өзгеше.

Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдеріне мына жоспар бойынша талдау жасалады.

1. Поэзия.
2. Теория.
3. Ән-күй.
4. Этнография.
5. Экология.

Поэзия, Теория бағыттары бойынша тапсырмалар: Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін жатқа оқу. Өлеңнің жазылу тарихы, құрылысына талдау жасау (Шумақ, бунақ, тармақ санын анықтау, ұйқас түрлеріне ажырату).

Кейіптеу деген не? Мысал келтір.

1. «Жаз» («Жаздыгүн шілде болғанда»). 2. «Күз». 3. «Қыс». 4. «Жазғытұры».

Ән-күй бағыты. Абай әнді қалай бағалаған? Жыл мезгіліне арналған қандай әндерін білесіңдер? («Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып»).

Бір оқушы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындайды.

Этнография. Өлеңде кездесетін қазақтың көне тұрмысына, шаруашылығына қатысты кейбір сөздерге түсінік беру.

1. *Күзеу* деген не? Көшпелі қазақтардың қысқы, жазғы қоныстары қалай аталады? 2. *Алты қанат үй* деген қандай үй? 3. Киіз үй неше қанат болуы мүмкін? 3. *Шидем* деген не? 4. *Шуда жіп* деп қандай жіпті айтамыз? 5. *Шом, шомшы* деген сөзді қалай түсінеміз? 6. *Ене* деген кім? Қандай туыстық атауларды білесіңдер? 7. *Құда* деп кімді атайды?

Экология. Олжас Сүлейменовтың портреті. Бүгінгі сабаққа, экологияға қатысы қандай? Орыс тілінде көркем шығарма жазатын өзге ұлт өкілдері аз емес. Азияр түрі көрінбейді. Осы тағдырлас ондаған автор ішінде қазақша өлең жазбаса да, өз ұлтының ақыны болып бөлектеу аталатын жалғыз ғана көрнекті ақын – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов.

Ақындығымен қоса қоғам өміріне де белсене араласып, қайраткерлік дәрежеге көтеріле білген азамат.

Бұдан елу жыл бұрын Абай елі атом, сутегі бомбаларын сынайтын алаңға айналды. Осы мерзімде ұлы ақын мәңгілікке дамыл тапқан Жидебайдан 120 шақырым жердегі Дегелең тауында 467 рет ядролық және термоядролық

жарылыс жасалды. Жерді тоздырып, елді аздырған тажалға халық қаһары тосқауыл болды. 1989 жылы ақпанда Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсыныспен КСРО және АҚШ президенттеріне үндеу қабылданды. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, бейбітшілік пен тыныштық орнату мақсатында «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Оны басқарған белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов еді.

Қорытынды. Біз бүгін не білдік? Абай кім?

Үйге тапсырма: «Табиғатым – махаббатым» тақырыбында эссе жазу.



Салтанат ЖУСАНБАЕВА,
Телман Жанұзақов атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

МАХАМБЕТТІҢ «ТАРЛАНЫМ» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) Махамбет шығармаларының ерекшелігін түсіндіру, ақын өмір сүрген дәуірдегі түрлі

қайшылықтардың ақын шығармашылығына әсері туралы мағлұмат беру; 2) сауатты оқуға, мәтінді талдай білуге үйрету, Исатай портретінің шебер жасалуын, теңеу ерекшелігін білдіру; 3) оқушыларды адамгершілікке, елін, Отанын сүйуге тәрбиелеу, «Халық толқыса, хан тұра алмайды тағында» түйінін ұқтыру.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, мәнерлеп жатқа оқу, талдау. **Көрнекілігі:** электронды оқу-лық көмегімен Махамбет, Исатай, көтеріліс туралы сурет-тер көрсету, батырдың дулығасы, сауыты, қалқаны, садағы.

Сабактың барысы.

I. Ұйымдастыру. Кезекші есебі. Оқуға қажетті құралдардың болуы.

II. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Интерактивті тақта арқылы ақын өмір сүрген жылдар, туған жері, т.б. мәліметтер көрсетіледі.

- Өмір сүрген жылдар: 1803-1846 ж.
- Туған жері: Нарындағы Бекетай құмы.
- Ішкі Бөкей Ордасы.
- Жәңгір хан.

- Балалар, бізге бұрыннан таныс «Соғыс» өлеңін есімізге түсіріп, Махамбет өмір сүрген дәуірдегі соғыс картинасын жасап көрейік. (Төрт-бес оқушы «Соғыс» өлеңін бірін-бірі жалғастыра отырып жатқа оқиды).

- Енді батырдың киген киімдеріне, ұстаған қару-жарағына назар аударайық. (Дулыға, сауыт киген, қалқан, садақ ұстаған бір оқушы оқушылардың алдына шығады).

Оқушылар батырдың киімдеріне, ұстаған қару-жарағына қарап, *дулыға сауыт, садақ, жебе, адырна* сөздерінің ерекшелігін айтады.

III. «Тарланым» өлеңін алдымен мұғалім, содан соң оқушылар мәнерлеп оқиды.

Көптеген сөздерге оқулықта түсініктеме берілген.

Өлеңді оқи отырып, өлеңнің Исатай Тайманұлына арналғанын, *керіскедей, құландай, құлжадай, Хиуадай, теңіздей*, т.б. сөздердің -дай-дей жұрнағы арқылы жасалып тұрғанын айтады. /Қазақ тілі пәнімен байланыс/.

Мұғалім мәтінді терең талдау мақсатында оқушыларға өлеңнің өн бойында бір өкініш, қимастық бар екендігін ескерте отырып, дауылпаз ақын, ержүрек батыр, пафосқа толы жырлар жазатын Махамбет Өтемісұлының бұл өлеңінің қандай өзгешелігі бар екенін сұрайды.

Оқушылар бұл өлеңнің Исатайды жоқтау сарынында жазылғанын айтады. Қазақ әдебиеті тарихында жоқтау жырлары ерекше орын алатыны сөз болады.

IV. Дәптерге қажетті мәліметтерді түсіру.

V. Оқушылар Отанды, ата-ананы, туған жерді сүйеге тәрбиелейтін мақал-мәтелдер, нақыл сөздерге тоқталады.

VI. **Қорыту.** Исатай-Махамбет көтерілісі тарихта айтулы оқиғалар қатарына кіреді.

Көтеріліс жеңіліс тапқанмен халыққа қысым көрсеткен хан-сұлтандар тағында тұра алмады. Халқы үшін құрбан болған ұлдардың бүгінгі ұрпағы Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығына куә болып отыр.

Үйге тапсырма. «Туады ерлер ел үшін» тақырыбында ойтолғау жазу, «Тарланым» өлеңін жаттау.



СЫН ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) сын есім туралы түсініктерін қалыптастыру, жалпы мағлұмат беру, сын есімнің сындық қасиеттерін ашу; 2) түрлі әдістерді пайдалана отырып оқушылардың ой-қабілеттерін, сөздік қорларын, байқағыштық қасиеттерін дамыту; 3) ойын түрлері арқылы оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуге дағдыландыру, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, тест сұрақтары, оқулықпен жұмыс, ойын элементтері. **Көрнекілік:** ойыншықтар, топшамалар, кесте, сөзжұмбақ, мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік ту.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Балалармен амандасу. Сабаққа қатысуын тексеру. Сыныпты екі топқа (I топ – «Жүйріктер», II топ – «Зерделілер») бөлу. Екі топ бір-біріне сәттілік тілейді.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 2. Зат есім деген не? Мысал келтір. 3. Зат есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Мысал келтір. 4. Зат есім тудырушы жұрнақтарды атап, мысал келтіріңдер. 5. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? 6. Жалқы есімдерге қандай атаулар жатады? 7. 123-жаттығу.

III. Жаңа сабақ. Кесте арқылы жаңа сабақты түсіндіру.

Сын есімнің маңызды белгілері:

1	Заттың түрін, түсін білдіреді.	Ақ қағаз, көк сия, сұр бұлт.
2	Заттың көлемдік, аумақтық белгісін, сынын білдіреді.	Биік үй, тар бөлме, тұзу көше.
3	Заттың сапалық сипатын білдіреді.	Жақсы сөз, сараң адам, тентек бала.
4	Заттың дәмін, иісін және басқа сипатын білдіреді.	Ащы пияз, тұщы су, тәтті тоқаш, жағымды иіс.
5	Затқа, кимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді.	Тасты жер, балалы үй, көтеріңкі көңіл, малды ауыл.


IV. Жаңа сабақ бойынша жаттығу жұмыстары:

1. 129-жаттығу.


Терең сай: аумағын білдіріп тұр; *тасыған өзен:* іс-әрекетін білдіреді; *қалың ағаш:* салмағын не көлемін білдіреді, т.б.

2. 128-жаттығу.


I топ. «Жүйріктер»



ой




тас



оқушы


II топ. «Зерделілер»



қыз



көйлек



адам

3. «Ойыншықтар дүкенінде». Топтың бір мүшесі сатушы, екіншісі тұтынушы болып, сын есімдерді қатыстырып диалог құру керек. Қалған мүшелері қолданылған сын есімдерді теріп жазып отырады. Қай топ көп сын есімді

қолданар екен?

4. 131-жаттығу.

5. «Менің әжем» тақырыбына сын есімдерді қатыстырып, шағын мәтін жазу .

6. 127-жаттығу.

I топ: Ту, II топ: Елтаңба.

7. Топшамамен жұмыс. Берілген мақал-мәтелдерге тиісті сын есімдерді қой.

1. ----- қария – ағып жатқан дария.

2. ----- бала – ----- бала, ----- бала – ----- бала .

3. ----- бала ата-анасын мадақтар, ----- бала ата-анасын қақсатар.

4. Ең ----- де тіл, ең ----- ащы да тіл.

5. ----- достықтың өмірі ----- қысқа болады, ----- достықтың өмірі ----- болады.

6. ----- адам бірді жығады, ----- адам мыңды жығады.

V. Сабақты қорытындылау. Тест жұмысы арқылы білімдерін бекіту:

1. Сөйлемдегі сын есімді тап. *Мен де қызық кітап оқыдым .*

а/ мен; ә/ қызық; б/ кітап; в/ оқыдым; г/ де.

2. Деректі зат есімді көрсет .

а/ қиял; ә/ көк; б/ құй; в/ адам; г/ ақыл.

3. Дерексіз зат есімді көрсет.

а/ қиял; ә/ есік; б/ кітап; в/ әкел; г/ қол.

4. Сын есімді тап.

а/ қойшы; ә/ күнделік; б/ қызыл; в/ ал; г/ тау.

5. Туынды зат есімді тап.

а/ айтыс; ә/ он бес; б/ бала-шаға; в/ аяқ; г/ көл.

АБАЙДЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЛИРИКАСЫ

(10-сынып)

Мақсаты: білімдік – өлеңдерінің мазмұнын ашып, өлең құрылысын, көркемдік өрнектерін талдау, ақынның идеясын ашу; **тәрбиелік** – өнер-білімге, адамгершілік жақсы қасиеттерге, адал еңбек етуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – Абай өмін сүрген заман шындығы, Абайдың мақсаты мен тағдыры жайлы жан-жақты білімдерін дамыту.

Түрі: поэзия сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақтада суреттер, кесте сызбалар, нақыл сөздері. **Пәнаралық**

байланыс: тарих, ән.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар:

1. **Абайдың ата-тегі** (Ырғызбай, Өскенбай, Құнанбай. Құнанбайдың жеті баласы болған: Құдайберді, Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Қалиолла, Ысмағұл).

2. **Құнанбай қандай адам болды?** (Құнанбай – тілге шешен, ақылға бай, қажы атанған, өте қатал адам, ел басқарған феодал).

3. **Абай өскен орта** (Әжесі Зере мен анасы Ұлжан мейірімді, әңгімеге шешен, ақынжанды адамдар болған).

4. **Абай сусындаған қайнар бұлақтар.**

5. **Абайдың өмір жолы.**

6. **Абай шығармашылығы, мұралары.**

7. Өлеңдерінің тақырыптары.

Оқушыларды 4 топқа бөлемін. 1-топ: «Ғылым, білім», 2-топ: «Табиғат», 3-топ: «Сөз өнері», 4-топ: «Махаббат».

Әр топтағы оқушылар өз тақырыптары бойынша өлеңдерді жатқа оқып, оның мазмұнын, ақынның идеясын айтып шығады.

Ақын білім, ғылымды неге теңейді? Бес асыл іс пен бес дұшпан не? «Сен де бір кірпіш дүниеге» деген сөзге түсінік бер.

Табиғат тақырыбына жазған өлеңдерін ата. Ақын табиғатты қалай жырлады? Өлеңдерінде қандай көркемдік өрнектер бар?

Ақын сөз өнерін неге теңейді? Өзіне дейінгі ақындарды қалай сынады? Өлеңнің адам өміріндегі орыны қандай?

Махаббат тақырыбына жазған өлеңдерін ата. Алғашқы өлеңі кімге арналған? Достық, махаббат жайында қандай нақыл сөздері бар?

Саяси-әлеуметтік лирикасы.

«Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» деген өлеңдері идеясы мен көркемдігі жағынан ерекше орын алады.

Күлембай деген болысты бойына өз кезінің ел билеушілеріне тән өрескел, күлкілі сипаттарды түгел жинақтап, жұртшылыққа жиіркенішті, күлкілі етіп көрсеткен.

Ақын мысқыл, кекесінге толы өлеңі арқылы екіжүзді болыстың психологиялық портретін жасайды. Оның құбылмалы мінез-құлқын, ұнамсыз қимыл-әрекетін жіпке тізгендей етіп бейнелеп шығады. Абай болысқа өзін-өзі масқаралатады.

Ол өзінің қандай жолмен болыс болғанын, сайлау кезіндегі қылығын, өзінен үлкен әкімдер алдындағы бишаралық күйі

мен момынға көрсеткен зорлық-зомбылығын, айбатын, ел ішінде дау-дамай туғызып, елді бір-біріне айдап салып, содан пайда көріп отырған зымияндығын әшкерелейді.

«Сегіз аяқ» – Абайдың заман, оның адамдары туралы ой толғауы, көңіл сыры, жан толғанысы, өз тағдыры жайлы сыры.

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілген» ақын айтқанына құлақ асар жан табылмағанына күйінеді. Өзін қоршаған қауымды жартасқа, сөзінің әлгі қауымға әсерін тілсіз жартастың жаңғырығына балайды.



Оразгүл СҮНДЕТБАЕВА,
Теңге ауылындағы
орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

СЫН ЕСІМ СЫРЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың сын есімнен алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімін практикамен ұштастыру; 2) оқушыларды адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу; 3) ойын түрлері арқылы оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуге дағдыландыру.

Типі: қайталау сабағы. **Түрі:** «Бақытты сәт» ойыны. **Әдісі:** модульдік оқыту технологиясы. **Көрнекілігі:** слайдтар, суреттер.

Сабактың барысы.

I. «Бақытты сәт» ойыны туралы мұғалімнің сөзі.

Сынып үш командаға бөлінеді. Әр команданың өз капитаны және атауы болады.

I гейм. «Бой сергіту». Әр командаға 7 сұрақтан беріледі.

«Тұлға» тобына:

1. Сын есім дегеніміз не?
2. Сын есім қалай жасалады?
3. Сапалық сын есім дегеніміз не?
4. Дара сын есім дегеніміз не?
5. Туынды сын есім қалай жасалады?
6. Негізгі сын есім дегеніміз не?
7. Берілген сын есімдерді тұлғасына қарай ажырат:

күшті, сары, инабатты.

«Құрам» тобына:

1. Сын есімнің сұрақтарын ата.
2. Негізгі сын есімге мысал келтір.
3. Қатыстық сын есім дегеніміз не?
4. Күрделі сын есім дегеніміз не?
5. Сын есім жасайтын жұрнақтар нешеге бөлінеді?
6. Туынды сын есім дегеніміз не?
7. Берілген сын есімдерді құрамына қарай ажырат: *ақ*

кіімді, тап-таза, бойшаң, жасыл.

«Мағына» тобына:

1. Сын есімнің мағыналық түрлерін ата.
2. Туынды сын есімге мысал келтір.
3. Сын есімнің құрамына қарай түрлерін ата.
4. Сын есім жасайтын жұрнақтың түрлерін ата.
5. Сапалық сын есімге мысал келтір.
6. Қатыстық сын есімге мысал келтір.
7. Берілген сын есімдерді мағынасына қарай ажырат:

көшпелі, таза, әлсіз, көк.

II гейм. «Бөшкеден шыққан басқатырғылар»

«Тұлға» тобының жұмбақтары:

1. Күн-күн сайын жыртылды,
Өміріміз бір күндік. (Жыртпалы күнтізбе)
2. Қабырғада қиық тұр,
Жер жүзі оған сыйып тұр. (Географиялық карта)
3. Басса ізі жоқ,
Сойса қаны жоқ. (Қара шыбын)

«Құрам» тобының жұмбақтары:

1. Көк шатырда қол орақ,
Өмірі ормас ол орақ. (Жарты ай)
2. Өз қалпағын жасынан
Тастамайды басынан. (Саңырауқұлақ)
3. Қауын, қарбыз дей алмайсың,
Піскенмен жей алмайсың.
Жарғаныңмен қап-қатты,
Ал асқанда тәп-тәтті. (Асқабак)

«Мағына» тобының жұмбақтары:

1. Аспанға жайып қойған
Ақ мақтам ғайып болған. (Ақша бұлт)
2. Қармақ қолы тарамыс,
Бойы толы қара күш. (Көтергіш кран)
3. Иесі оның – сәби,
Әрі төсек,
Әрі үй. (Бесік)

III гейм. «Жұмбақтас». Мақал-мәтелді толықтыр.

«Тұлға» тобы:

1. ... бірді жығар, ... мыңды жығар.
2. ... бала – арлы бала, ... бала – сорлы бала.

«Құрам» тобы:

1. ... қолы – алтын, ... сөзі – алтын.
2. ... сөз – ..., өмір – ...

«Мағына» тобы:

1. ... ерге нұр жауар.
2. ... қой жатып семіреді.

IV гейм. «Сен – маған, мен – саған». Үйге берілген тапсырма. 150-жаттығу.

«Тұлға» тобына: Мәтін мазмұнын мазмұндау.

«Құрам» тобына: Мәтіннен сын есімдерді тауып, өзінің тіркескен сөзімен бірге теріп жазу, оларды сұрақ қою арқылы талдау.

«Мағына» тобына: Мәтін мазмұнына сүйене сурет салу.

V гейм. «Көсемдікке ұмтылу». Туған ауылдың табиғатын суреттеу. Үш топ оқушыларына ауыл табиғатын сын есімді қатыстыра отырып суреттеу тапсырмасы беріледі.

Үйге тапсырма: сын есім бойынша толық қайталау, Абайдың «Отыз бірінші сөзінен» сын есімдерді тауып келу.

Әр топтың ұпай саны есептеліп, жеңімпаз топ анықталады. Олардың білімі бағаланады.



Айнұр ӘЛШЕРІ,
«Көксарай» ауылындағы
орта мектептің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Отырар ауданы.

ҮСТЕУДЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың Абай шығармалары арқылы үстеуден алған білімдерін бекіту,

пысықтау, сөйлеуге дағдыландыру; **дамытушылық** – ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениетін, өз-өзіне деген сенімін қалыптастыру, дамыту; **тәрбиелік** – мақсат қоя білуге, өз пікірін қалыптастыруға, жинақылыққа, ұқыптылыққа баулу.

Түрі: дәстүрлі емес. **Әдіс-тәсілі:** топпен жұмыс, сұрақ-жауап, проблемалық, талдау, дәлелдеу, топтастыру.

Көрнекілік: Абай Құнанбайұлының портреті, Абай өлеңі жазылған слайд, сандық, жаттығулар жинағы, талдау кестесі, семантикалық кесте. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: а) сәлемдесу, түгелдеу; ә) оқушылардың назарын сабаққа аудару; б) сабақтың тақырыбы, оның мақсат, міндеттерімен таныстыру; в) топқа бөлу.

Қызығушылықты ояту:

*Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?!
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуаниша жүріп күнелтпек.*

- Осы өлеңмен үндесіп келетін Абайдың нешінші қара сөзі бар, балалар?

Оқушылармен бірге Абайдың он жетінші қара сөзін сипаттау.

Он жетінші қара сөзінде «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп айтқан екен.

- Балалар, бақыттың болашақ қаласына жету үшін ақылсынына түсейік. Сын бес кезеңнен тұрады.

/Сабақ ары қарай «Бақытты сәт» ойыны түрінде жалғасады, топқа бөлініп сайысқа түседі/.

Мағынаны ашу. I кезең «Сабақтың құпиясын ашу» деп аталады.

Үстеу тақырыбы бойынша өткенді тізбектеп жазыңыздар. Тізбектегі мысалдарды топтастыру. Жарнамалау. Әр топ жазғандарын жарнамалайды.

Үстеу туралы түсініктерін айту. Мысал келтіру. Үстеудің құрамдық, тұлғалық ерекшеліктерін сипаттау. Мысал келтіру.

Үстеудің мағыналық ерекшеліктерін сипаттау. Мысал келтіру.

Үстеудің сөйлемдегі қызметін сипаттау. Мысал келтіру.

Әр топ мүшелері берілген сұрақтарға жауап беріп шығады, ал бәсекелес топтар жауаптарын қадағалап отырады да, дұрыс болмаған жағдайда түзетуіне болады.

II кезең: «Сен – маған, мен – саған». Үстеуге байланысты мақал-мәтелдермен, семантикалық кестемен жұмыс.

Топтар бір-біріне мақал-мәтелдер, өлең, тыйым сөздер, жұмбақтар, жаңылтпаштар айтады және үстеу сөзді құрамына қарай талдайды:

1. Үстеу кездесетін Абайдың бір өлеңін айту.
2. Үстеу кездесетін тыйым сөз айту.
3. Мақал-мәтел айту.
4. Жұмбақ, не жаңылтпаш айту.

Семантикалық кестемен жұмыс

Құрылысына, тұлғасына қарай		Негізгі үстеу		Туынды үстеу		Күрделі үстеу	
Мысалдар	Үстеулер мағыналық түрлеріне қарай						
	Мезгіл	Мекен	Мөлшер	Сын-бейне	Күшейткіш	Мақсат	Себеп-салдар

Мысалдар	Пысықтауыш	Анықтауыш	Баяндауыш

III кезең. «Дода». Мәтінмен жұмыс:

А) Мәтіндерді оқып шығып, мағынасын ашыңдар. Қарамен жазылған сөздерге түсініктеме беріңдер. Мәтін ішіндегі бір сөйлемді сөйлем мүшесіне қарай талдап, үстеуді табыңыздар. /Мәтін Абайдың қара сөздерінен алынады/.

Ә) Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс.

Б) Үстеуге сатылай кешенді морфологиялық талдау жасау.

IV кезең. «Сыр сандық».

Біз де «Сыр сандықтың» құпия сырын ашайық.

Сандықтан құпиялы сөздер алынады, сол сөздерді байланыстыра отырып «Бес жолды өлең» стратегиясы бойынша тапсырманы орындайды.

Бірінші жол: Зат есім (1) Екінші жол: Сын есім (2) Үшінші жол: Үстеу. Етістік (3) Төртінші жол: Мағыналы сөйлем (4) Бесінші жол: Тақырыптың синонимі (1)

Ойтолғаныс.

V кезең. «Келешекке ұмтылу» /Эссе жазу/. Бұл кезеңде әр топ «Мен бақыттымын...» атты тақырып бойынша эссе жазады.



«ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАНМЕН СОЛ БІР ЕКІ АЙ»

Мақсаты: білімділік – оқушыларды өлеңнің шығу тарихымен, тақырыбымен, идеясымен таныстыру, Абайдың реалист ақын екендігін таныту; **дамытушылық** – оқушыларды өз ойын дәлелді жеткізе білуге төселдіру, өлең құрылысына талдай білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілік қасиеттерге баулу, ұлттық құндылықтарды таныту.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** пікір алмасу, мәнерлеп оқу, талдау. **Көрнекілік:** плакат, портреттер, теледидар материалдары.

Сабақ барысы.

- Абайдың табиғат лирикасына жататын қандай өлеңдерін білесіңдер? («Күз», «Қыс», «Жазғытұры» өлеңдерінен үзінділер айтқызу).

- Біздің бүгінгі өткелі отырған өлеңіміз де табиғат лирикасына жатады. Өлең 1888 жылы жазылған, көшпелі қазақ ауылының әлеуметтік жіктелісін, тұрмыс айырмашылығын анық көрсеткен мазмұны терең, көркемдігі жоғары, идеясы биік өлең.

Енді, алдымен, осы өлеңнің шығу тарихына үңіліп көрейік.

Біздің халықтың жаз жайлауға, күз күзеуге, қыс қыстауға көшіп отырғаны белгілі. Мал шаруашылығы осындай өмірді талап етеді. Мал үшін қаһарлы қыс өте ауыр әрі жайсыз. Мына бір бейнетаспадан осыған көз жеткізейік...

*Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай,
Қыстың басы бірі – ерте, біреуі – жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп
Ықтырмамен күзеуде отырар бай.*

Ұқыпты.

Қайырымсыз.

Үнемшіл.

Сараң.

Жинақы.

Қонақжай емес.

Ертеңгі күнін ойлайды.

Кедей еңбегін бағаламайды.

Ертеңгі күннің қамын жеп, үнем жасап, қыстауға қонбай, күзеуде, ықтырмада отырған бай, мал бағып, далада жүрген кедей жылынуға отын таба алмай бүрсең қағып, тоңған иін жылытып, шекпен тігіп отырған байғұс әйел – осының бәрі көшпелі қазақ ауылының тұтас бейнесіне айналған. Ұлы ақын, ұлы суретші Абай назарында бәрі бар...

Сабақты бекіту:

1. «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңі қандай лирикаға жатады?
2. Өлең қандай оқиғаға байланысты жазылған?
3. Өлеңде қарама-қарсы тап өкілдерінің тұрмысы қалай суреттелген?
4. Өлеңнің идеясы не?



Марат ЖАКЕНОВ,
Қарағанды облысының
Жаңаарқа аудандық
Білім беру, дене шынықтыру
және спорт бөлімінің әдіскері.

ЖЫЛҚЫ – ЕР ҚАНАТЫ

(Бастапқы бөлігі №3 санда)

Атақты «Біржан-Сара» айтысында Біржан өзін «Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын» деп жүйрік арғымақ атқа теңемейтін бе еді?!

IV. Этнографиялық әңгіме:

1. Атқа міну үшін не керек? (Ат әбзелдеріне түсінік беру)
2. Жылқының пайдасы (Қымыз, жылқы еті туралы түсінік беру)
3. Жылқы ұғымына байланысты сөздер мен сөз тіркестерін ата.


1-оқушы: - «Ат тұлдау». Халқымызда жылқы малына байланысты «Ат тұлдау» деп аталатын аза тұту рәсімі болған. Қаза болған адамның атына ерін теріс қарата ерттеп, үстіне киім-кешегін жайып, қару-жарағын іліп, ең үстіне дулығасын қояды. Жоқтау айтып жүріп, аттың құйрық-жалын күзейді. Оны «тұл ат» кейде «қаралы ат» деп те атайды. Тұл ат жыл бойы мінілмей бос жүреді. Бір жылдан соң марқұмның асына сойылады. Атты соярда да жоқтау айтылады. Мұндай салт қырғыздарда, көшпелі өзбектерде, осетиндерде де кездеседі.

2-оқушы: - «Атшабар». Ертеде ұлықтар мен би-болыстардың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін «Атшабар» деп аталған хатшы, шабармандар болған. «Атшабар»

сөзі кейде бәйге, ат бәйгесі сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Ат сабылтып жүретіндіктен *ат* және *шабар* сөздері бірігіп атаулық мағынаға ие болған.

V. «Арғымақ» сөзжұмбағын шешу:

1. Жылқының жампозы (тұлпар).
2. Жүрдек жылқы (жорға).
3. Қазақтың қысқы азығы (соғым).
4. Сусын (қымыз).
5. Ат айдайтын құрал (қамшы).
6. Сусынның емдік жеңіл түрі (саумал).
7. Биенің төлі (құлын).



VI. Буклетпен жұмыс:

1. Буклеттен Серік Ақсұнқарұлының «Арғымақтар» өлеңінен үзінді оқылады.
2. «Ғасырдың ең үздік жылқысы қазақ топырағында туған» атты мақалаға шолу жасалады.

VII. Ойын: «Мақалбай атайдың сұрағына мақалмен жауап бер».

- А) 1. Тоқтығы мен жоқтығын кім білдірмейді?
(*Жүйрік тоқтығын білдірмес, Жомарт жоқтығын білдірмес*).
2. Сын мен мін қайда болмайды?

(Қас жүйрікте сын болмас, қас сұлуда мін болмас).

3. Тай мен бала кімдерден озады?

(Аттан тай озады, Атадан бала озады).

Жылқы мұратқа қалай жеткізеді?

(Құлын тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер.

Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер).

Тозатын не, талатын не?

(Табаны тозбас тұлпар жоқ, қанаты талмас сұңқар жоқ).

Ә) Экрандағы Мақалбай атайдың әкелген мақалдарының мағынасын түсіндіріп, тәрбиелік мәніне тоқталу.

VIII. «Сен білесің бе?»

3-оқушы: - «Жылқының мейірімділігі». Жылқыларда аналық мейірім де керемет. Соңынан құлыны мен тайы ерген биелер қар тепкенде әуелі өздері оттамай, құлындарына шөп ашып береді. Олар біраз жайылғаннан кейін ғана өздері оттауға кіріседі.

4-оқушы: - «Жылқы еті». Жылқы еті өзге малдың етінен де күшті. Жылқының сорпасы, майы қанша үскірік аяз болса да қатпайды. Қымызы – өкпе ауруына мың да бір ем. Бұл да – жылқы сүтінің күштілігінен. Жылқы етінің өзге еттен қуаттылығына тағы бір мысал. Өзге малдың денесіне жаздыгүні жара түссе, шыбын қонып құрттайды. Оны емдемесе, құрт ішіне түсіп, мал өліп қалады. Ал жылқының еті құрттаса да, құрт таза етіне жеткеннен кейін өліп, түсіп қалады.

5-оқушы: - «Жылқы тері». Тағы бір ерекшелігі сол – жылқы терінің иісіне жылан жоламайды. Далаға қонған адам жылан жоламасын деп атының ер-тұрманын айнала жайып тастайды немесе басына төсеніп жатады. Ал жылан шаққан адамға аттың терін ішкізсе, мың да бір ем болады.

6-оқушы: - «Жылқы жылы туғандар». Тіршілікке икемді, ойы ұшқыр келеді. Жылқы деген жануар қандай іске де бірден кірісіп кететін еңбексүйгіш, ескен желдей ерікті жануар емес пе?! Жылқы малына тән қасиеттердің бәрін жылқы жылы туғандардың бойынан көруге болады. Жаны жомарт, жұғымды келеді, күш-қуаты тасып тұрады, өзіне-өзі сенімді. Ақшаны орынды жұмсай біледі. Ойын-сауықты жақсы көреді. Ылғи жұрттың назарында болуды ұнатады. Бірақ көп сөйлеп жұртты ығыр етіп алатын кездері көп. Өзін ерекше бағалайтын дағдысынан, мазасыз мінезінен опық жеп жүреді.

7-оқушы: - «Түкті жүректілер». Көптеген елдерде бәйгеге үздіксіз жаттығып жүретін арнайы мамандар шабандоз ретінде қатысады. Олардың салмағы 58 келіден артық болмауы керек. Ал бізде 10-12 жасар балалар шаба береді. Ондай балалардың өздерінің де, ата-аналарының да жүрегінің түгі бар-ау! Қалайша мақтанбассың?!

Оқушылардың танымын арттыратын сұрақтар:

1. Жылқының жасына байланысты атын ата. 2. Жеті қазынаға не жатады? 3. Қос дегеніміз не? 4. Жылқыға қатысты ұлттық ойынның түрлерін ата. 5. Жылқы малын күтуге байланысты қандай еңбек түрлерін білесің? 6. Бәйге аттың қандай белгілерін білесің? 7. Қымыздың пайдасын айт, түрлерін ата.

- Құрметті оқушылар! Біздің халқымыз жылқы малын ерекше құрмет тұтатынын, ол туралы аңыз, ертегілер, өлең-жырлар, әндер, қанатты сөздер көп екенін бүгінгі тәрбие сағатында танып білдік.

Самал МӘДЕН,
«Қалбатау» ауылындағы
«Өнер» мектебінің түлегі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы.

ЖАНЫМНЫҢ ЖАЛЫН ЖЫРЛАРЫ

САҒЫНДЫ ЖҮРЕК

Неше түнді жалғаймын неше күнге,
Сандаламын сезімді ерекше үнге.
Жұлқылайсың жүректі тыным бермей,
Сағыныш боп жаныма жетесің де.

Жарқылдаған жалынды бала жүрек,
Өзің жайлы әндерді сала ма көп.
Кеудем – жалын, сен десе жанарым – от,
Махаббаттан сағыныш барады үдеп.

Ақ сағыныш жанымды кеміреді,
Махаббаттың шуағы төгілмеді.
Төгілмеді, гүлі де егілмеді,
Қатал ма еді осындай сезім жолы?!

ДОССЫЗ КЕУДЕ

Күн батып, ақшам сөніп, кеш кіргенде,
Беймаза құстар үні естілгенде,

Ойларым тоз-тоз болып, мың бөлініп,
Жатады аласұрып бос құр кеуде .

Әрнеге құлақ түрер құштар дала,
Көңілім көпірген бір түсті арнаға.
Түсініп көңілімді құстар ғана,
Жұбатып қиқу салып ұшты айнала.

Бола ма өмір мәнді доссыз кеуде,
Не мән бар доссыз жерде бос күлгенге.
Өмір ме, доссыз өмір кештім мен де,
Қайда жұлқып барасың бос құр кеуде?!

ІЗДЕЙМІН МЕН ӨЗІҢДІ

Түсірсе де соқпаққа ақпа жалған,
Елесіңді іздеймін ақша қардан.
Қызғанамын өзіңді басқалардан,
Жұлқылайды жүректі асқақ арман.

Жүректегі өзіңсің алғашқы үміт,
Арманымды кете бер жалғастырып.
Арман бар ма, жаным-ау, жүрегімнің
Төрінде отырасың малдас құрып.

Қайда жүрсің, қай жерде, жүрсің не ғып,
Жүрегіме орнадың тылсым болып.
Жас жүрегім сені ойлап тілімденіп,
Бал балалық, қалды артта шіркін желік.

Өзіңмен бар болар жоқ табылып,
Күн өтпейді өзіңсіз бос сарылып.

Келші, жаным, бірлікте отырайық
Ошағына бақыттың от тамызып.

АНАМА

Біздер үшін арпалыста мәңгілік,
Кетті-ау, ана, бойыңнан да әл құрып.
Сен дегенде, аяулы ана, өз ана,
Тау мен тас та ән салатын жаңғырып.

Ана деген ақ пейіл жан, ақ көңіл,
Бізге арналып кетті талай тәтті өмір.
Аяулы жан бір өзіңе арнаймын
Бұл өмірде болашақтың пәктігін.

Ана арнар бізге бақыт тілегін,
Сен барда, ана, асыр салып жүремін.
Ана, сенсің – өмірдегі тірегім,
Ана, сенің мәңгілік пәк жүрегің.

Сенсің, ана, жырым менің салатын,
Сенсің, ана, ұшқандағы қанатым.
Сенсің, ана, өмірдегі демеушім,
Қиындықты мәңгі жеңіп алатын.

ӘКЕ

Жанарыңда жалынды үміт тұнған,
Әке, әке, бәрінен биік тұлғаң.
Қуанышы балаңның, жұбанышы
Кере қарыс кеудеңе сыйып тұрған.

Көңілімнің өзіңсің асқары шың,
Әке, әке, мен үшін бақ таңысың.
Өмір бойы тырбансаң, жетпес, сірә,
Үмітіңді ақ еділ ақтау үшін.

Сүрдегі мол санақсыз соқпағыңда,
Мойымаған түк емес тосқауылға.
Ұрпақ үшін жаны құрбан әрдайым,
Қарыса да жүрегін от жалынға.

Біздер үшін сан азапты көрмеді ме,
Теңелмес-ау ештеңе еңбегіңе.
Осындай қасиетті әкемізді
Сыйлауға да шамамыз келмеді ме?..

ЖЫРЛАРЫМ

Шабытты жырдың қойғаны-ай жанға түнемей,
Жырларым, неге егеспен кеттің бірегей?!
Қалықта биік қанатын мініп қыранның,
Еңістеп ұшар келмейді болғым шүрегей.

Қырандай самғап шабытын жұқтыр тұлпардың,
Қанатты шыңдап шуылын жұқтыр сұңқардың.
Емеспін жарда жалпылдап ұшар жапалақ,
Мұз тауға қонар мұз балағы болсам мұз таудың!



Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 22.05.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5320.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2012 ж., 144 бет, Алматы.